

Регистрационный № 4188-Ж № 1, 2013 г.

Основан в 1997 году

Выходит 4 раза в год

Ғылыми журнал

І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университетінің

ХАБАРШЫСЫ



ВЕСТНИК

Жетысуского государственного университета
им. И. Жансугурова

Научный журнал

Бас редакторы - главный редактор

Ә.Е. Бектұрғанов
ректор, доктор юридических наук, профессор,
член-корреспондент Национальной академии
Наук Республики Казахстан

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

главный редактор – ректор, доктор юр. наук, профессор,
член-корреспондент Национальной академии Наук Республики Казахстан

А.Е. Бектурганов

зам. главного редактора – д.э.н. М.Т. Кантуреев
ответственный секретарь – к.ф.н. М.К. Бисенкулов

Члены редколлегии:

Л.К. Еркинбаева – д.ю.н., профессор
М.Ж. Мальтекбасов – д.п.н., профессор
Е.Ш. Дусипов – д.ю.н., профессор
Д.Н. Нургабыл – д.ф.м.н., профессор
Г.Б. Блеутаева – д.э.н., профессор
Ш.Г. Гуллыев – д.и., профессор
Р.К. Дюсембинова – д.п.н., профессор
А.Н. Нугусова – д.п.н., профессор
Н.Н. Смаил – д.м.н., профессор
Т.С.Сыдыков – д.ф.н., профессор
А.С. Бахтаулова – к.б.н., доцент
А.Ж. Рахымбеков – к.ф.м.н., доцент
К.Б. Сарбасова – к.ф.н., доцент
Н.К. Байгабатова – к.и.н., доцент

**Регистрационное свидетельство издания № 4188-Ж выдано
Министерством информации и общественного согласия
Республики Казахстан от 12 сентября 2003 г.**

**Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал
журнал «Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университетінің хабаршысы» под номером
ISSN 1813-1123**

**МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА,
ИНФОРМАТИКА**

ӘОЖ 538.23:548.73

ФИЗИКА ПӘНІН ҚАЗАҚША ОҚУЛЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ

А.Б. Есбосынова, Д.А. Турсынбаева, Д.Т. Тулегенова

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ, gera90385@mail.ru

Бұл жұмыста жоғарғы оқу орындарын мемлекеттік тілдегі оқулықтармен қамтамасыз етудің өзекті мәселелері қарастырылады. Алыс және жақын шетел ғалымдарының еңбектеріне талдау жасай отырып электрондық оқу басылымдарын жасау тәжірибелерін зерттеу. Электрондық оқу ресурстарына қойылатын талаптар кешеніне талдау жасау технологиясының пайдалану әдістемесін ұсыну.

В данной работе рассматриваются актуальные проблемы обеспечения учебников на государственном языке в высших учебных заведениях. Изучать опыт создания электронных образовательных изданий, анализируя труд ученых дальнего и ближнего зарубежья. Предложить методику анализа применения технологии к электронным образовательным ресурсам.

This paper discusses the current problems with books in the official language in higher education. Analyzing Foreigners' work research for make of practice electronic publication the textbooks. For electronically resource requirement analysis offers technologies using methods.

Тірек сөздер: электрондық оқулық, жоғарғы оқу орны, базалық оқулықтар, біліктілік, минералогия, ақпараттық технология.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің мәлімдеуі бойынша - олардың жүргізген талдамасының нәтижесі жоғары оқу орындарын кітап және оқулықтармен қамтамасыз ету жайлы әлі де өз шешімін таппай тұрған өзекті мәселелердің бірі екендігін көрсетті.

Рас, елімізде ЖОО ұлттық оқулықтармен қамтамасыз ету күн тәртібінен түспей келе жатқан күрделі мәселенің бірі болып отыр. Десек те, Білім және ғылым министрлігі тарапынан тұңғыш рет ЖОО базалық қазақша оқулықтармен қамтамасыз ету шарасына қолдау көрсетуде. Мәселен, 2011 жылы алғаш рет мемлекеттік бюджеттен ЖОО үшін арнайы базалық оқулықтарды шығару мақсатында 137,7 млн. теңге көлемінде қаражат бөлініп, соның нәтижесінде, ЖОО-ға арналған 130 базалық оқулық жарық көрген. Мемлекеттік тапсырысты орындау жұмысына 27 ЖОО-дан 291 автор атсалысып, кітаптар еліміздің 95 ЖОО-сына, сонымен қатар, ғылыми кітапханаларға таратылған[1].

Қазақстан жоғары оқу орындарын оқулықпен қамтамасыз ету жөнінде дәстүрлі VII Республикалық конференциясына қатысқан Білім және ғылым вице-министрі

Мұрат Орынханов елімізде қазақ тілінде оқитын студенттердің саны жылма-жыл көбеюіне орай қазақ тіліндегі оқулықтардың да қажеттілігі артып отырғанын, мәселен, бүгінде ЖОО-да білім алып жүрген 629 мың студенттің 52 пайызы мемлекеттік тілде білім алатынын, алдағы уақытта бұл сан 70 пайызға дейін жетеді деген жорамал барын, демек, ЖОО-ға енгізілген кредиттік технология, Болон үдерісінің талаптарына сай қазақ тіліндегі оқулықтардың сапасы, көлемі жағынан сол стандарттарға сай болуы қажеттігін алға тартты.

Тарихымызда тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тарапынан жоғары оқу орындарын базалық қазақша оқулықтармен қамтамасыз ету шарасына қолдау көрсетіліп отыр. Осының арқасында техника, жаратылыстану-ғылыми және экономика салалары бойынша жоғары оқу орындарына арналған 130 базалық оқулық жарық көрді. Мемлекеттік тапсырысты орындау жұмысына 27 жоғары оқу орнынан 291 автор ат салысты [2]. Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінен – 35 автор, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінен – 20, Абай атындағы

Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінен – 13, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінен -16, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінен – 13, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінен – 7 және т.б. қатысты.

2012 жылы мемлекеттік бюджеттен жоғары оқу орындарына арналған базалық оқулықтар және шетел авторларының оқулықтарын қазақ тіліне аударуға 200 млн теңге бөлінді. Бұл жоғары оқу орындарына арналған 75 базалық оқулықтар мен шетелдің ең үздік авторларының 15 басылымын аударуға жоспар құруға мүмкіндік берді. 2012 жылы мемлекеттік тапсырысты орындауға 36 аудармашы және 27 жоғары оқу орнынан 110 автор қатысуда. Мемлекеттік тілге АҚШ, Ұлыбритания, Италия, Ресей сияқты елдер авторларының оқулықтары нанотехнология, биотехнология, музыка, философия, минералогия, ақпараттық технология, дизайн мен архитектура, т.б. пәндері бойынша аударылатын болады.

Бұл әрине, жоғары оқу орындарының толық оқулықпен қамтылуын шешіп отырған жоқ.

Жоғары оқу орындарын қазақша оқулықтармен қамтамасыз етудің басты шешімі – электронды оқулық деп білеміз. Себебі, жоғарыда айтып өткендей, жоғары оқу орындарынан шығарылған оқулықтарды сатып алуда қиындықтар туындайды, құнды және ғылыми кітаптары аз таралыммен шығарылады, кітап нарығында қазақ тілді оқулықтары тапшы, қазақша оқулықтар дайындауда жазу, аударумен айналысатын бірегей орталық жоқ және т.с.с. мәселелер қазақ бөлімдерінің студенттеріне керекті оқулығын қолына алу өте қиынға соқтырады немесе тіпті қол жетімсіз болуы да мүмкін.

Неге электронды оқулық? Электронды оқулықтың басып шығарылатын оқулықпен ұқсастығы:

- мәтіні;
- мазмұны мен көркемдік безендірілу сапасы;
- баспаға дейінгі жазылуы;
- берер пайдасы, айырмашылығы;
- шығарылу тиражына шектеу жоқ;
- қазақша оқулықтар дайындауда жазу, аударумен айналысатын арнайы орталықтың қажеті жоқ, себебі, электронды оқулықты оқытушы жазады;
- парақтар жыртылып, беттеріне сурет салынып қасиеті кетпейді;
- өзінмен алып жүру ыңғайлы;
- электронды күйде де, басып шығарып та қолдануға болады;
- іздеу функциясы – электронды оқулықтардың ең тиімді жері, мысалы, айталық әлдекімге сүйеніп мақала, әлде пікір жазып жатырсыз. Оқығаныңыз белгілі де қай жерінен оқығаныңыз есіңізден шығып кеткен. Сонда қалай табасыз? Саусақты сулап жіберіп парақтап па? Жалпы алғанда, ақпараттандыру саласы толығымен іздеудің қажеттілігіне негізделген десе де болады;

- «...Тізбек тұйықталған кезде a1-d1 тізбегіне айнымалы импульс беріліп, R релесін іске қосады. Реле R қуатты рычагпен M қозғалтқышының шкивін рельс бойымен жылжытып, алмас араның кескіштерінің арасындағы саңылау жаңа мәнге ие болады...» Мұны елестету енді қиындау. Оның үстіне мектепті кеше тәмамдаған жасөспірім болсаң. Оның үстіне аталмыш агрегаттың атауын өмірінде бірінші рет естіп тұрсаң. Міне дәл осы жерде электронды оқу құралдарының көмегі айтарлықтай: жабдықтың анимация түрінде берілген образы өз саласы бойынша ең қажетті деген дайындығы ғана бар оқырманға тайға таңба басқандай түсінікті бола қояды! Электронды оқулықтар арқасында алғаш рет ұстаған агрегаттың кәсібиден кем соқпайтын біліктілікпен алып кеткендер бар [3];

- қазір электронды нұсқадағы кітаптардан үзінді келтіру жиілігі айтарлықтай артып отыр. Ал үзінді келтіру жиілігі – ғалымның танымалдығы мен беделін арттыратын негізгі көрсеткіштердің бірі. Ол түсінікті де: қажетін кітапхананың сөрелерін ақтарып іздегеннен гөрі енжарлау ұрпақ компьютерден іздеуге бейім;

- ақпарат тасымалдағыштар қағазға қарағанда 200-300 есе арзан;
- ақпарат тасқыны мол қоғамның өзгеруіне байланысты электронды оқулықтарды көп шығынсыз өзгертуге болады.

Қазақстан жоғары оқу орындарын оқулықпен қамтамасыз ету жөнінде дәстүрлі VII Республикалық конференциясына қатысушылар өз кезегінде ЖОО-ға арналған электрондық оқу құралдарын әзірлеу, оларды пайдалану, т.б. мәселелер бойынша ойларын орта салып, тәжірибе алмасты.

Бұл деген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі студенттердің электронды оқулықтарды қолдануларын қолдайды және қолдануға кеңес береді [4].

Осыған орай, егер Жоғары оқу орнының профессоры, доцент және аға оқытушысының жеке оқу жоспарына бір және одан да көп, лауазымына сәйкесінше, электронды оқулық немесе оқу құралын жазу жүктелсе, алға қойылған мәселе біраз шешімін табар ма еді, сірә?

Ендігі мәселе, авторлардың электронды оқулық жазуға қызығушылығын тудыру. Бұл жерде электронды оқулық деп кітаптың қу көшірмесін айтып отырған жоқпыз. Электронды кітап – мультимедиалық мүмкіндіктердің тоғысатын тұсы болғандықтан, оның программа іспеттес нұсқасын айтып отырмыз. Электронды оқулық жасау қағаз кітап шығаруға қарағанда, институционалды үрдіс: бірнеше маманның тек осы ағымдағы жасағалы отырған кітап туралы ғана ойлауына тура келеді. Атап айтқанда, ең қарапайым электронды кітап шығарудың өзіне кем дегенде ғылыми редактордан, программистен және көркемдеуші-дизайнерден тұратын топ қажет сияқты, бірақ қазіргі заман ғалымдары оны да тез игеріп алады деп айтсақ қателеспейміз, тек қажетті жағдай жасап берсе болғаны. Яғни, Жоғары оқу орны оқытушысының жеке оқу жоспарында электронды оқулық жазуға белгілі бір сағат (кредит) берілсе, А.Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» медалі сияқты арнайы қолдаулар болып жатса, электронды оқулық жазып шығару баспа оқулықтарын жазып шығару үстемдігіне ие болса, оқулық авторлары қажетті әрі сапалы электронды оқулықтар жазудан бас тартпайды деп ойлаймын.

Сол сияқты электронды оқулық авторларына да ынталандырып, сапалы әрі құнды қазақша электронды оқулықтарға қол жеткізуге болады деген пікір білдіреміз. Физика пәнін қазақ тілінде электронды оқулықтармен қамтамасыз ету арқылы білімгерлердің физикалық құбылыстарды, заңдылықтарды бейне материалдар арқылы жеңілдірек және тиімді қабылдауларына үлкен үлес қосамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ зиялыларының баспа ісін ұйымдастырудағы ролі // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. - Тарих сериясы. – 2006. – №1 (40). – 85–87-бб.
2. Қазақстандағы ғылыми кітаптар мен мектеп оқу құралдарының жарық көруі // «Орталық Азия және Қазақстан: түркі өркениетінің бастауы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері. – Тараз, 25–56 мамыр 2006 ж. – Тараз: МемПИ, 2006. – Т.2. – 247–250-бб.
3. Есназарова А, Үсенов С «Білім беру электрондық оқу басылымдарын қалыптастырудың тәжірибесі мен өзекті мәселелері»//«Білім саласындағы инновациялық ақпараттық–педагогикалық технологиялар» жаңашыл педагогтардың 3 –ші форумы. 293-297 б, Шымкент 2012.
4. Есназарова А, Сауытбаева Г. «Ақпараттық технологиялар - білім беру кеңістігінде»//«Білім саласындағы инновациялық ақпараттық–педагогикалық технологиялар» жаңашыл педагогтардың 3 –ші форумы. 129-133б, Шымкент 2012.

УДК 917.926

СУЩЕСТВЕННО НЕЛИНЕЙНЫЕ КРАЕВЫЕ ЗАДАЧИ, ОБЛАДАЮЩИЕ ЯВЛЕНИЯМИ НАЧАЛЬНОГО СКАЧКА

Д.Н. Нургабыл, А. Калибай

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган

Жұмыста шекааралық есеп шешімінің және оның туындысының асимптотикалық бағамы туралы теорема дәлелденген. Бастапқы мәндегә секіріс құбылысы анықталған.

В данной работе доказана теорема об асимптотических оценках решения и его производных. Определены начальные скачки.

In work is considered the theorem about asymptotically estimations of solution and its derivatives. Determined initial jumps.

Ключевые слова: асимптотика, краевые задачи, начальные скачки, асимптотические оценки.

1. Постановка задачи. Класс сингулярно возмущенных краевых задач, для которых характерно наличие явления начального скачка исследованы в [1-5]. Однако в этих работах рассмотрены сингулярно возмущенные дифференциальные уравнения, удовлетворяющие известным условиям С.Н. Бернштейна [6]. Следовательно, краевые задачи для обыкновенных дифференциальных уравнений, правые части которых не удовлетворяют условиям С.Н.Бернштейна, требует дополнительного математического исследования. Рассмотрим следующее обыкновенное дифференциальное уравнение с малым параметром при старшей производной

$$\varepsilon \frac{d^2x}{dy^2} = \left(\frac{dx}{dy}\right)^2 f_1(x; y) + \left(\frac{dx}{dy}\right)^3 g_1(x; y) = P(y, x, x') \quad (1)$$

с краевыми условиями

$$x(\alpha; \varepsilon) = a, \quad x(\beta; \varepsilon) = b \quad (2)$$

где a и b – некоторые известные величины, $\varepsilon > 0$ – малый параметр. Очевидно, что представление $P(y, x, z) = O(z)^3$ при $z \rightarrow \infty$ указывает на то, что правая часть уравнения (1) не удовлетворяет условиям С.Н.Бернштейна [6]. Тогда известно, что краевая задача (1), (2) для произвольных a, b, α и β неразрешима в $C^2(A, B)$ при $\varepsilon > 0$.

Наша задача определить при каких значениях a, b, α и β краевая задача (1), (2) будет разрешима при достаточно малых $\varepsilon > 0$, исследовать вопросы предельного перехода решения возмущенной задачи при $\varepsilon \rightarrow 0$ к решению невозмущенной задачи.

Предположим, что выполнены следующие условия:

Пусть функции $f_1(x; y), g_1(x; y)$ достаточно гладкие функции в области

$$D = \{x, y: -\infty < x, y < +\infty\};$$

Пусть вырожденная задача

$$f_1(x; y) + \frac{dx}{dy} g_1(x; y) = 0, \quad x(\beta) = b, \quad (3)$$

на отрезке $\alpha \leq y \leq \beta$ имеет единственное решение $x(y)$;

Существуют постоянные $\gamma_i > 0$, $i = \overline{1;4}$ такие, что

$$0 < \gamma_1 < f_1(x(y), y) < \gamma_2, \quad 0 < \gamma_3 < -g_1(x(y), y) < \gamma_4, \quad \alpha \leq y \leq \beta. \quad (4)$$

Для исследования вопросов существования, единственности и предельного перехода в (1),(2) примем x в качестве независимой переменной, а $y = y(x)$. Тогда задача (1),(2) примет вид

$$\varepsilon \frac{d^2 y}{dx^2} = \frac{dy}{dx} f(x; y) + g(x; y), \quad (5)$$

$$y(a; \varepsilon) = \alpha, \quad y(b; \varepsilon) = \beta, \quad (6)$$

где $f(x; y) = -f_1(x; y)$; $g(x; y) = -g_1(x; y)$.

В силу условия II и III, вырожденная задача

$$\frac{dy}{dx} f(x; y) + g(x; y) = 0, \quad y(b) = \beta \quad (7)$$

на отрезке $a \leq x \leq b$ имеет единственное решение $\bar{y}(x)$.

2. Асимптотическое разложение решения вспомогательной задачи. С целью исследования асимптотического поведения и построения асимптотики решения задачи (5), (6) предварительно рассмотрим следующую задачу Коши:

$$\varepsilon \frac{d^2 y}{dx^2} = \frac{dy}{dx} f(x; y) + g(x; y), \quad (8)$$

$$y(a; \varepsilon) = \alpha, \quad y'(a; \varepsilon) = \frac{c(\varepsilon)}{\varepsilon}, \quad (9)$$

где $c(\varepsilon)$ - представимо в виде асимптотического ряда $c(\varepsilon) = c_0(\varepsilon) + \varepsilon c_1(\varepsilon) + \dots$, c_k -неизвестные параметры, которые определяется так, чтобы решение задачи (8),(9) удовлетворяло краевым условиям (6).

Произведем замену $\varepsilon \frac{dy}{dx} = z$. Тогда в новых переменных уравнение (8) с начальными условиями (9) можно записать в виде

$$\varepsilon \frac{dz}{dx} = f(x; y)z + \varepsilon g(x; y), \quad \varepsilon \frac{dy}{dx} = z, \quad (10)$$

$$y(a; \varepsilon) = \alpha, \quad z(a; \varepsilon) = c(\varepsilon). \quad (11)$$

Асимптотические разложение решения задачи (10), (11) будем искать в виде ряда [4,5]:

$$z = z_0(x, \varepsilon) + v_0(\tau, \varepsilon) + \varepsilon(z_1(x, \varepsilon) + v_1(\tau, \varepsilon)) + \dots, \quad \tau = \frac{x}{\varepsilon}, \quad (12)$$

$$y = y_0(x, \varepsilon) + u_0(\tau, \varepsilon) + \varepsilon(y_1(x, \varepsilon) + u_1(\tau, \varepsilon)) + \dots, \quad \tau = \frac{x}{\varepsilon}. \quad (13)$$

Подставляя (12) и (13) в (10), (11) и разлагая правые части системы (10) в ряды по степеням ε , получим последовательность задач для определения коэффициентов разложения (12), (13).

Теорема 1. Пусть выполнены условия I-III, тогда при достаточно малых $\varepsilon > 0$ задача (10),(11) (или то же самое и задача (8),(9)) при $a \leq x \leq b$ имеет единственное решение $z(x, \varepsilon), y(x, \varepsilon)$, причем это решение допускает следующее асимптотическое представление:

$$\begin{aligned} z(x, \varepsilon) &= \sum_{k=0}^N \varepsilon^k (\bar{z}_k(x, \varepsilon) + v_k(\tau, \varepsilon)) + s_1(x, \varepsilon), \\ y(x, \varepsilon) &= \sum_{k=0}^N \varepsilon^k (\bar{y}_k(x, \varepsilon) + \Pi_k(\tau, \varepsilon)) + s_2(x, \varepsilon), \end{aligned} \quad (14)$$

где функции $v_k(\tau, \varepsilon), \Pi_k(\tau, \varepsilon), s_i(x, \varepsilon), i = 1, 2$ удовлетворяют неравенствам

$$\begin{aligned} |\Pi_k(\tau, \varepsilon)| &\leq K \cdot e^{-\bar{\nu}\tau}, |v_k(\tau, \varepsilon)| \leq K \cdot e^{-\bar{\nu}\tau}, \quad \tau \geq 0, \\ |s_1(x, \varepsilon)| &\leq K \cdot \varepsilon^{N+1}, |s_2(x, \varepsilon)| \leq K \cdot \varepsilon^{N+1}. \end{aligned}$$

где $k \geq 1; K, \bar{\nu}$ - постоянные величины.

Доказательство проводится методом интегральных уравнений.

3. Асимптотика решения краевой задачи. Рассмотрим краевую задачу (1),(2). Как уже показано, вспомогательная задача (8),(9) имеет единственное решение $y(x, c, \varepsilon)$. Выберем теперь параметр c так, чтобы $y(x, c, \varepsilon)$ удовлетворяло краевым условиям (2). Это приводит к следующему уравнению относительно c :

$$y(b, c, \varepsilon) = \beta. \quad (15)$$

Докажем, что уравнение (15) разрешима относительно c . Точка c_0^0 из (17) удовлетворяет уравнению (29) с точностью $O(\varepsilon^\sigma)$:

$$y(b, c_0^0, \varepsilon) = \beta + O(\varepsilon^\sigma).$$

Можно убедиться, что $\frac{dy(b, c_0, \varepsilon)}{dc_0} \neq 0$. Тогда, в достаточно малой окрестности точки c_0^0 найдется единственная точка $c(\varepsilon)$ такая, что будет иметь место

$$y(a, c(\varepsilon), \varepsilon) = \alpha, \quad y(b, c(\varepsilon), \varepsilon) = \beta.$$

Теорема 2. Пусть выполнены условия I-IV. Тогда в некоторой малой окрестности точки $c = c_0^0$ существует единственная точка $c = c(\varepsilon)$ такая, что решение $y(x, c(\varepsilon), \varepsilon)$ задачи (8),(9) является единственным решением $y(x, \varepsilon)$ краевой задачи (5),(6) и для решения $y(x, \varepsilon)$ краевой задачи (5),(6) имеет место представления (23) и (28).

Рассмотрим исходную краевую задачу (1),(2). Из теорем 1-3 следует, существования и единственность решения $x(y, \varepsilon)$ задачи (1), (2) и, что решение $x(y, \varepsilon)$ задачи (1), (2) из малой окрестности прямой $x = a$ медленно попадает в малую окрестность вырожденного решения $\bar{x}(y)$ задачи (3). Таким образом, предельный переход

$$\lim_{\varepsilon \rightarrow 0} x(y, \varepsilon) = \bar{x}(y), \quad a < y \leq b$$

имеет место только в том случае, если параметры c_0^0 , α и $\bar{y}(\alpha)$ связаны между собой формулой:

$$c_0^0 = - \int_{\alpha}^{\bar{y}(\alpha)} f(a; y) dy.$$

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Вишик М.И., Люстерник Л.А. О начальном скачке для нелинейных дифференциальных уравнений, содержащих малый параметр // ДАН СССР. -1960. -Т. 132, №6. –С. 1242-1245.
2. Касымов К.А. Об асимптотике решения задачи Коши с большими начальными условиями для нелинейных обыкновенных дифференциальных уравнений, содержащих малый параметр // УМН. -1962. -Т.17, №5. -С. 187-188.
3. Жакупов Ж.Н. Асимптотическое поведение решений краевой задачи для некоторого класса систем нелинейных уравнений, содержащих малый параметр // Изв. АН КазССР, сер. физ.-мат. наук. - 1971.- № 5. -С. 42-49.
4. Нургабылов Д.Н. Асимптотическое разложение решения краевой задачи с внутренним начальным скачком для нелинейных систем дифференциальных уравнений // Изв. АН КазССР, сер. физ.- мат. -1984, -№3. -С.62-65.
5. Нургабыл Д.Н. О сингулярно возмущенной краевой задаче с начальными скачками. // Тезисы докладов международной конференции «Актуальные проблемы современной математики, информатики и механики-II». -Алматы, -2011. -С. 90-91.
6. Бернштейн С.Н. Sur les equations du calculi des variations // Ann. Ec. Norm. 29 (1912), 431-485.

ӘОК 517. 95

**ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ САНДЫҚ ӘДІСТЕР
КӨМЕГІМЕН ШЕШУ**

Ж. Нысамбаев

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы
zhenipaldy_45@mail.ru*

Қарастырылып отырған жұмыста жай дифференциалдық теңдеулерді шешуді айырымдық схемаларға келтіру арқылы жуықтап шешу мәселелері қарастырылған.

В предлагаемой работе рассматриваются вопросы приближенного решения обыкновенных дифференциальных уравнений с помощью разностных схем

In this paper considered the problems of approximate solutions of ordinary differential equations using finite difference schemes

Кілттік сөздер: дифференциалдық теңдеулер, қосымша шарттар, айырымдық схема, аппроксимация

Бұл жұмыста біз бірінші және екінші ретті жай дифференциалдық теңдеулерді жуықтап шешу мәселелеріне тоқталамыз. Кез-келген дифференциалдық теңдеуді аналитикалық әдіспен шешу мүмкін болмайтынын білеміз. Сондықтан көптеген дифференциалдық теңдеулерді сандық әдістер көмегімен жуықтап шешу қажет болады. Бұл жерде бірінші ретті теңдеулер үшін Коши есебінің шешімін, ал екінші ретті теңдеулер үшін шектік есептерді шешу мәселелерін қарастырамыз. Теңдеудің шешімін табуға қойылатын қосымша

шарттардың берілу тәсілдеріне қарай шешімді табудың екі түрлі есебі қойылады, олар Коши есебі және шектік есеп [1] деп аталады. Қосымша шарттар ретінде ізделінді функция мен оның туындыларының тәуелсіз айнымалының белгілі бір мәндеріндегі мәні алынады.

Егер қажетті шарттар тәуелсіз айнымалының бір ғана нүктесінде берілсе, ондай есеп Коши есебі деп аталады. Коши есебіндегі қосымша шарттар бастапқы шарттар деп аталады, ал олар берілетін $x = x_0$ нүктесі бастапқы нүкте деп аталады.

Егер қосымша шарттар бір нүктеден басқа нүктелерге берілсе, яғни тәуелсіз айнымалының әртүрлі мәндерінде берілсе, онда ондай есеп *шектік есеп* деп аталатыны белгілі. Мұндағы қосымша шарттар дифференциалдық теңдеудің шешімінің шекаралары болып табылатын $x = a$ және $x = b$ нүктелерінде беріледі.

Дифференциалдық теңдеулерді шешудің графикалық, аналитикалық әдістерімен бірге жуықтап шешу әдістері де қолданылады.

Жуықтап шешу әдістеріне берілген теңдеуді ондағы кейбір мүшелерді негіздей отырып қарастырмайтындай етіп қарапайымдату, сол сияқты ізделінді функциялар класын арнайы түрде таңдауды пайдаланады. Мысал үшін, кейбір инженерлік есептерге шешімді екі құраушының қосындысы түрінде іздеуге тура келеді, олардың біріншісі негізгі шешім, ал екіншісі квадратын ескеруге болатын аз қосымша (ауытқу).

Теңдеулерді жуықтап шешуге қарастыратын есепте шешімді берілген параметр бойынша қатарға жіктеу де қолданылады. Осындай әдістердің тобына қарастырылмайтын құбылыстың шектік көрінісін сипаттайтын асимптотикалық әдіс те жатады.

Бұл жерде біз қазіргі заманда дифференциалдық теңдеулер арқылы сипатталатын ғылыми - техникалық есептерді зерттеуде негізгі инструмент болып табылатын сандық әдістерді қарастырамыз [2]. Сонымен бірге осы әдістердің жылдам есептеулер жүргізетінін және өте үлкен оперативтік жады бар ЭЕМ- дерді қолданғанда тиімді болатынын айта кету керек.

Дифференциалдық теңдеулерді шешуге кең тараған және әмбебап әдіс – шекті айырымдар әдісі. Оның мәні төмендегідей: аргументтің үздіксіз өзгеретін облысы (мысалы, кесінді) түйіндерден алатын нүктелердің дискретті жиынымен айырбасталады. Бұл түйіндер айырымдық тор құрастырады. Үздіксіз аргументтің ізделінді функциясы берілген тордағы дискретті аргументтің функциясымен айырбасталады. Берілген дифференциалдық теңдеу торлық функцияға қатысты айырымдық теңдеумен айырбасталады. Мұнда теңдеуге енетін туындылар үшін сәйкес түрдегі шекті-айырымдылық қатынастар пайдаланылады. Дифференциалдық теңдеулерді айырымдық теңдеулермен айырбастау оны торда аппроксимациялау (немесе айырымдық аппроксимация) деп аталады. Осылайша дифференциалдық теңдеуді шешу торлық функциясының тор түйіндеріндегі мәндерін табуға әкеліп соғады.

Енді айырымдық әдістер және олардың кейбір қасиеттерін келтіре кетейік. Әдетте айырымдық схемалар әдісінде жазба ықшамды болу үшін дифференциалдық теңдеулер, бастапқы және шектік шарттар операторлық деп аталатын символдық түрде жазылады. Мысал үшін:

$$y' = f(x), y'' = f(x), y'' - k^2 x = f(x)$$

теңдеулердің кез-келгенін $LY = F(x)$ түрде жазуға болады. Мұндағы L – дифференциалдау операцияларын қамтитын дифференциалдық оператор: әртүрлі дифференциалдық теңдеулер үшін оның мәні де әртүрлі.

Аргументтің өзгеру облысын G арқылы белгілеуге болады, яғни $x \in G$. Дербес жағдайда дифференциалдық теңдеулерді шешкенде G облысын $[a, b]$ кесіндісі, $x > 0$ (немесе $t > 0$) жарты ось т.с.с. деп есептеуге болады. Шекарадағы қосымша шарттарды да осылайша операторлық түрде жазуға болады.

Сөйтіп, бастапқы және шектік шарттармен берілген дифференциалдық теңдеуді:

$$LY = F(x), x \in G \tag{1}$$

$$LY = \Phi(x), \quad x \in \Gamma \quad (2)$$

түрдегі дифференциалдық есеп деп аталатын түрде жазуға болады, мұндағы L – бастапқы немесе шектік шарттар операторы, ал Γ – қарастырылатын облыстың шекарасы. Шектік айырымдар әдісінде (1) дифференциалдық теңдеу мен ондағы туындылар сәйкес түрдегі шекті-айырымдық теңдеумен айырбасталады [2]. Бұл жерде G облысында қадамы тұрақты h деп есептелетін тор енгізіледі. x_0, x_1, \dots түйіндер жиынтығын g_h арқылы белгілейміз.

Ізделінді y функция-сының мәндері айырымдық теңдеудің шешімі болатын y_h торлық функциясының мәндерімен айырбасталады. Ізделінді функция мен торлық функцияны олардың айырмашылығын көрсету үшін сәйкес түрде Y және y арқылы белгілейміз. Мұндағы Y үздіксіз өзгертін аргумент x тің функциясы, ал y – дискретті $g_h = \{x_i\}$

($i=0, 1, \dots$) жиында анықталған дискретті торлық функция. Тордың түйіндерінде Y_i мәндерді қабылдайтын торлық функцияны i аргументінің функциясы деп есептеуге болады.

Осылайша (1) дифференциалдық теңдеу:

$$L_h y_h = f_h, \quad x \in g_h \quad (3)$$

операторлық түрде жазылатын айырымдық теңдеумен айырбасталады, мұндағы L_h дифференциалдық операторды аппроксимациялайтын айырымдық оператор. x нүктесіндегі аппроксимацияның қателігі

$$\varepsilon(x) = O(h^k).$$

Осы жағдайда x нүктесінде k - ретті аппроксимация бар деп есептеледі.

(2) айырымдық теңдеудегі h индекс қадамның шамасы айырымдық есептің параметрі болатынын білдіреді. Сондықтан (3)-ті h параметрден тәуелді болатын бүтін бір айырымдық теңдеулер жиынтығы деп қарастыруға болады.

Дифференциалдық теңдеулерді шешкенде әдетте қателікті бір ғана нүктеде емес, барлық g_k торда, яғни x_0, x_1, \dots нүктелерде бағалаға тура келеді. Тордағы ε_h аппроксимацияның қателігі ретінде түйіндердегі аппроксимацияға байланысты белгілі бір шаманы алуға болады:

мысалы

$$\varepsilon_h = \max_i |\varepsilon(x_i)| \quad \text{немесе} \quad \varepsilon_h = [\sum \varepsilon^2(x_i)]^{1/2}$$

Бұл жағдайда егер $\varepsilon = O(h^k)$ болса, L_h торда k - ретті аппроксимацияға ие болады.

(1) дифференциалдық теңдеудің (2) аппроксимациясымен бірге шекарадағы қосымша шарттарды да аппроксимациялау керек. Ол шарттар

$$l_h y_h = \varphi_h \quad x \in \gamma_h \quad (4)$$

түрде жазылады, мұндағы γ_h - тордың шектік түйіндері, басқаша айтқанда $\gamma_h \in \tilde{A}$.

h индекс (2)-дегі сияқты шекарадағы айырымдық шарттар қадамының шамасына тәуелділігін білдіреді. Берілген дифференциалдық теңдеу мен шекарадағы қосымша шарттарды аппроксимациялайтын айырымдық теңдеулер *айырымдық схемалар* деп аталады.

x_i түйіндердегі торлық функцияның y_i мәндерін табу жуық түрде берілген дифференциалдық есептің $y(x)$ шешімін айырбастайды. Дегенмен кез-келген айырымдық

схема қанағаттанарлық шешімді бермейді, яғни алынатын торлық функцияның y_i мәндері әр уақытта жеткілікті дәлдікпен тордың түйіндеріндегі $Y(x_i)$ ізделінді функцияның мәндерін аппроксимациялай алмайды. Бұл жерде *орнықтылық, аппроксимация және жинақтылық* сияқты ұғымдар маңызды роль атқарады.

Схеманың орнықтылығы деп шешімнің кіру мәліметтерінен (теңдеулердің коэффициенттерінен, оң жақтарынан, бастапқы және шектік шарттардан) үздіксіз тәуелділігін түсінеміз. Басқаша айтқанда кіру мәліметтерінің аз ғана өзгеруіне шешімнің аз ғана өзгеруі сәйкес келеді деген сөз. Керісінше жағдайда айырымдық схема *орнықсыз* деп аталады. Практика жүзіндегі есептеулерде орнықты схемалар қолданылады, өйткені орнықсыз схемаларды пайдаланғанда, енетін мәліметтердегі қателіктер қате шешімге әкеледі. Оның үстіне ЭЕМ-дерде есептеулер жүргізгенде қателіктер дөңгелектеу негізінде кетеді, ал орнықты емес айырымдық схемаларды пайдалану осындай қателіктердің жол бергісіз түрде жинақталуына әкеліп соғады.

Кезкелген енетін мәліметтер бойынша айырымдық схеманың шешімі бар және біреу ғана болса, және схема орнықты болса, онда оны *түзетілмді* деп атаймыз.

Шекті айырымдар әдісін қолданғанда айырымдық есептің дифференциалдық есепке қаншалықты жуық болатынын білу қажет.

Ізделінді функция мен торлық функция мәндерінің тордың түйіндеріндегі мәндерінің айырмасын, яғни $\delta_h = y_h - Y_h$ айырманы қарас-тырайық. Бұдан $y_h = Y_h + \delta_h$ табамыз.

Y_h - тың осы мәнін (1), (2) айырымдық схемаға қойып

$$\begin{aligned} L_h Y_h + L_h \delta_h &= f_h, \quad x \in \mathcal{G}_h \\ l_h y_h + l_h \delta_h &= \varphi_h, \quad x \in \mathcal{Y}_h \end{aligned}$$

болатынын көреміз. Бұлардан:

$$L_h \delta_h = R_h, \quad l_h \delta_h = r_h$$

мұндағы $R_h = f_h - L_h Y_h$ айырымдық теңдеу үшін аппроксимацияның қателігі, ал $r_h = \varphi_h - l_h Y_h$ айырымдық шектік шартқа арналған аппроксимация қателігі.

Егер R_h және r_h үйлесімсіздіктердің R және r өзіндік мәндерін енгізсек (мысал үшін олардың тордағы модульдері бойынша максималь мәндерін), онда $R = O(h^k)$ және $r = O(h^k)$ мәндерінде шешім үшін аппроксимацияның реті k болады.

Осындай түрде δ_h шешімнің δ өзіндік мәнін енгіземіз. Сонда $h \rightarrow 0$ болғанда $\delta \rightarrow 0$ болса, онда айырымдық схема жинақты болады. Егер сонда $\delta \leq Mh^k$ болса, онда айырымдық схеманың дәлдігі k ретті болады немесе $O(h^k)$ жылдамдықпен жинақталады дейміз. Мұндағы $M > 0$ шама h -тан тәуелді болмайтын тұрақты шама. Оның үстіне $h > 0$ деп есептеледі, ал керісінше жағдайда көрсетілген бағалауларда $|h|$ деп алуға болады.

Айырымдық схемалар теориясында айырымдық схема орнықты және берілген дифференциалдық есепті аппроксимациялайтын болса, онда ол жинақты болады. Басқаша айтқанда айырымдық схеманың орнықтылығы мен аппроксимациясынан оның жинақтылығы шығады.

Бұл айырымдық схеманың жинақтылығы мен дәлдігін бағалаудың қиын есебін одан жеңілдірек болатын аппроксимацияның қателігі мен орнықтылығын зерттеуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Матвеев. Обыкновенные дифференциальные уравнения. Наука, М.: 2003
2. Бахвалов Н.С., Жидков Н.П., Кобельков Г.М. Численные методы. Наука, М.: 2003

ВИРТУАЛЬНЫЕ ЧАСТНЫЕ СЕТИ

Д. Жаканов, магистрант
ЖГУ им. И. Жансугурова, г.Талдықорған

В данной статье рассмотрены основные способы построения виртуальных частных сетей (Virtual Private Network), а также плюсы и минусы используемых протоколов. Рассматриваемая технология VPN несомненно поможет решить ряд проблем с подключением удаленных филиалов (корпусов, офисов) к корпоративным сетям.

Бұл мақалада вертуалды жабық желілерді (Virtual Private Network) құрудың негізгі тәсілдері қарастырылды және қолданылатын протоколдардың қолайлы-қолайсыздығы анықталды. Қарастырылған VPN технологиясы, қашық филиалдарды (корпустарды немесе кеңселерді) бір желіге біріктіру үшін күмәнсіз бір қатар қиыншылықтардан сақтандырады.

This article describes basic methods for Virtual Private Networks, as well as the pros and cons of the used protocols. Regarded VPN technology will surely help solve problems of connecting remote branches (buildings, offices) to corporate networks.

Ключевые слова: VPN, закрытые сети, виртуальные сети, MSCHAP, IPSec, LT2P.

VPN (англ. *Virtual Private Network* – виртуальная частная сеть) – логическая сеть, создаваемая поверх другой сети, например Internet. Несмотря на то, что коммуникации осуществляются по публичным сетям с использованием небезопасных протоколов, за счёт шифрования создаются закрытые от посторонних каналы обмена информацией. VPN позволяет объединить, например, несколько офисов организации в единую сеть с использованием для связи между ними неподконтрольных каналов.

В последнее время в мире телекоммуникаций наблюдается повышенный интерес таким сетевым технологиям. Это обусловлено необходимостью снижения расходов на содержание корпоративных сетей за счет более дешевого подключения удаленных офисов и удаленных пользователей через сеть Internet. Действительно, при сравнении стоимости услуг по соединению нескольких сетей через Internet, например, с сетями Frame Relay можно заметить существенную разницу в стоимости. Однако необходимо отметить, что при объединении сетей через Internet, сразу же возникает вопрос о безопасности передачи данных, поэтому возникла необходимость создания механизмов позволяющих обеспечить конфиденциальность и целостность передаваемой информации. Сети, построенные на базе таких механизмов, и получили название VPN.

Кроме того, очень часто современному человеку, развивая свой бизнес, приходится много путешествовать. Это могут быть поездки в отдаленные уголки нашей страны или в страны зарубежья. Нередко людям нужен доступ к своей информации, хранящейся на их домашнем компьютере, или на компьютере фирмы. Эту проблему можно решить, организовав удалённый доступ к нему с помощью модема и телефонной линии. Использование телефонной линии имеет свои особенности. Недостатки этого решения в том, что звонок с другой страны стоит немалых денег. Есть и другое решение под названием VPN. Преимущества технологии VPN в том, что организация удалённого доступа делается не через телефонную линию, а через Internet, что намного дешевле и лучше.

По своей сути VPN обладает многими свойствами выделенной линии, однако развертывается она в пределах общедоступной сети - Интернета. С помощью методики туннелирования пакеты данных транслируются через общедоступную сеть как по обычному

двухточечному соединению. Между каждой парой «отправитель–получатель данных» устанавливается своеобразный туннель – безопасное логическое соединение, позволяющее инкапсулировать данные одного протокола в пакеты другого. Основными компонентами туннеля являются:

- инициатор
- маршрутизируемая сеть;
- туннельный коммутатор;
- один или несколько туннельных терминаторов.

Сам по себе принцип работы VPN не противоречит основным сетевым технологиям и протоколам. Например, при установлении соединения удаленного доступа клиент посылает серверу поток пакетов стандартного протокола PPP. В случае организации виртуальных выделенных линий между локальными сетями их маршрутизаторы также обмениваются пакетами PPP. Тем не менее, принципиально новым моментом является пересылка пакетов через безопасный туннель, организованный в пределах общедоступной сети.

Туннелирование позволяет организовать передачу пакетов одного протокола в логической среде, использующей другой протокол. В результате появляется возможность решить проблемы взаимодействия нескольких разнотипных сетей, начиная с необходимости обеспечения целостности и конфиденциальности передаваемых данных и заканчивая преодолением несоответствий внешних протоколов или схем адресации.

Существующая сетевая инфраструктура корпорации может быть подготовлена к использованию VPN как с помощью программного, так и с помощью аппаратного обеспечения. Организацию виртуальной частной сети можно сравнить с прокладкой кабеля через глобальную сеть. Как правило, непосредственное соединение между удаленным пользователем и оконечным устройством туннеля устанавливается по протоколу PPP.

Наиболее распространенный метод создания туннелей VPN – инкапсуляция сетевых протоколов (IP, IPX, AppleTalk и т.д.) в PPP и последующая инкапсуляция образованных пакетов в протокол туннелирования. Обычно в качестве последнего выступает IP или (гораздо реже) ATM и Frame Relay. Такой подход называется туннелированием второго уровня, поскольку «пассажиром» здесь является протокол именно второго уровня.

Альтернативный подход – инкапсуляция пакетов сетевого протокола непосредственно в протокол туннелирования (например, VTP) называется туннелированием третьего уровня.

Независимо от того, какие протоколы используются или какие цели преследуются при организации туннеля, основная методика остается практически неизменной. Обычно один протокол используется для установления соединения с удаленным узлом, а другой – для инкапсуляции данных и служебной информации с целью передачи через туннель.

Классификация VPN сетей

Классифицировать VPN решения можно по нескольким основным параметрам:

1. По типу используемой среды:

- *Защищённые VPN сети.* Наиболее распространённый вариант частных сетей. С его помощью возможно создать надёжную и защищённую подсеть на основе ненадёжной сети, как правило, Интернета. Примером защищённых VPN являются: IPSec, OpenVPN и PPTP.

- *Доверительные VPN сети.* Используются в случаях, когда передающую среду можно считать надёжной и необходимо решить лишь задачу создания виртуальной подсети в рамках большей сети. Вопросы обеспечения безопасности становятся неактуальными. Примерами подобных VPN решения являются: MPLS и L2TP. Корректнее сказать, что эти протоколы перекадывают задачу обеспечения безопасности на другие, например L2TP, как правило, используется в паре с IPSec.

2. По способу реализации:

- *VPN сети в виде специального программно-аппаратного обеспечения.* Реализация VPN сети осуществляется при помощи специального комплекса программно-аппаратных средств. Такая реализация обеспечивает высокую производительность и, как правило, высокую степень защищённости.

- *VPN сети в виде программного решения.* Используют персональный компьютер со специальным программным обеспечением, обеспечивающим функциональность VPN.

- *VPN сети с интегрированным решением.* Функциональность VPN обеспечивает комплекс, решающий также задачи фильтрации сетевого трафика, организации сетевого экрана и обеспечения качества обслуживания.

3. По назначению:

- *Intranet VPN.* Используют для объединения в единую защищённую сеть нескольких распределённых филиалов одной организации, обменивающихся данными по открытым каналам связи.

- *Remote Access VPN.* Используют для создания защищённого канала между сегментом корпоративной сети (центральным офисом или филиалом) и одиночным пользователем, который, работая дома, подключается к корпоративным ресурсам с домашнего компьютера или, находясь в командировке, подключается к корпоративным ресурсам при помощи ноутбука.

- *Extranet VPN.* Используют для сетей, к которым подключаются «внешние» пользователи (например, заказчики или клиенты). Уровень доверия к ним намного ниже, чем к сотрудникам компании, поэтому требуется обеспечение специальных «рубежей» защиты, предотвращающих или ограничивающих доступ последних к особо ценной, конфиденциальной информации.

4. По типу протокола:

Существуют реализации виртуальных частных сетей под *TCP/IP*, *IPX* и *AppleTalk*. Но на сегодняшний день наблюдается тенденция к всеобщему переходу на протокол *TCP/IP*, и абсолютное большинство VPN решений поддерживает именно его.

5. По уровню сетевого протокола:

По уровню сетевого протокола на основе сопоставления с уровнями эталонной сетевой модели ISO/OSI.

Шифрование с помощью PPTP гарантирует, что никто не сможет получить доступ к данным при пересылке через Internet. В настоящее время поддерживаются два метода шифрования:

- Протокол шифрования MPPE или Microsoft Point-to-Point Encryption совместим только с MSCHAP (версии 1 и 2);

- EAP-TLS и умеет автоматически выбирать длину ключа шифрования при согласовании параметров между клиентом и сервером.

MPPE поддерживает работу с ключами длиной 40, 56 или 128 бит. Старые операционные системы Windows поддерживают шифрование с длиной ключа только 40 бит, поэтому в смешанной среде Windows следует выбирать минимальную длину ключа.

PPTP изменяет значение ключа шифрации после каждого принятого пакета. Протокол MPPE разрабатывался для каналов связи точка-точка, в которых пакеты передаются последовательно, и потеря данных очень мала. В этой ситуации значение ключа для очередного пакета зависит от результатов дешифрации предыдущего пакета. При построении виртуальных сетей через сети общего доступа эти условия соблюдать невозможно, так как пакеты данных часто приходят к получателю не в той последовательности, в какой были отправлены. Поэтому PPTP использует для изменения ключа шифрования порядковые номера пакетов. Это позволяет выполнять дешифрацию независимо от предыдущих принятых пакетов.

Оба протокола реализованы как в Microsoft Windows, так и вне ее (например, в BSD), но алгоритмы работы VPN могут существенно отличаться в NT (и производных от нее системах).

Таким образом, связка «туннелирование + аутентификация + шифрование» позволяет передавать данные между двумя точками через сеть общего пользования, моделируя работу частной (локальной) сети. Иными словами, рассмотренные средства позволяют построить виртуальную частную сеть.

Обеспечение безопасности является основной функцией VPN. Все данные от компьютеров-клиентов проходят через Internet к VPN-серверу. Такой сервер может находиться на большом расстоянии от клиентского компьютера, и данные на пути к сети организации проходят через оборудование множества провайдеров. Как убедиться, что данные не были прочитаны или изменены? Для этого применяются различные методы аутентификации и шифрования.

Для аутентификации пользователей PPTP может задействовать любой из протоколов, применяемых для PPP

- EAP или Extensible Authentication Protocol;
- MSCHAP или Microsoft Challenge Handshake Authentication Protocol (версии 1 и 2);
- CHAP или Challenge Handshake Authentication Protocol;
- SPAP или Shiva Password Authentication Protocol;
- PAP или Password Authentication Protocol.

Лучшими считаются протоколы MSCHAP версии 2 и Transport Layer Security (EAP-TLS), поскольку они обеспечивают взаимную аутентификацию, т.е. VPN-сервер и клиент идентифицируют друг друга. Во всех остальных протоколах только сервер проводит аутентификацию клиентов.

Хотя PPTP обеспечивает достаточную степень безопасности, но все же L2TP поверх IPSec надежнее. L2TP поверх IPSec обеспечивает аутентификацию на уровнях «пользователь» и «компьютер», а также выполняет аутентификацию и шифрование данных.

Аутентификация осуществляется либо открытым текстом (clear text password), либо по схеме запрос /отклик (challenge/response). С прямым текстом все ясно. Клиент посылает серверу пароль. Сервер сравнивает это с эталоном и либо запрещает доступ, либо говорит «добро пожаловать». Открытая аутентификация практически не встречается.

Схема запрос/отклик намного более продвинута. В общем виде она выглядит так:

- клиент посылает серверу запрос (request) на аутентификацию;
- сервер возвращает случайный отклик (challenge);
- клиент снимает со своего пароля хеш (хешем называется результат хеш-функции, которая преобразовывает входной массив данных произвольной длины в выходную битовую строку фиксированной длины), шифрует им отклик и передает его серверу;
- то же самое проделывает и сервер, сравнивая полученный результат с ответом клиента;
- если зашифрованный отклик совпадает, аутентификация считается успешной.

Для достаточно больших корпоративных сетей высших учебных заведений будет очень полезна данная технология. Так как в большинстве случаев корпуса (кампусы) университетов или колледжей находятся на большом расстоянии, прокладки кабеля не всегда возможно и очень дорого.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Иванов М. А. Криптографические методы защиты информации в компьютерных системах и сетях. — М.: КУДИЦ-ОБРАЗ, 2001. — 368 с.
2. Кульгин М. Технологии корпоративных сетей. Энциклопедия. — СПб.: Питер, 2000. — 704 с.

3. Олифер В. Г., Олифер Н. А. Компьютерные сети. Принципы, технологии, протоколы: Учебник для вузов. — СПб.: Питер, 2001. — 672 с.
4. Романец Ю. В., Тимофеев П. А., Шаньгин В. Ф. Защита информации в компьютерных системах и сетях. 2-е изд. — М.: Радио и связь, 2002. — 328 с.
5. Столлингс В. Основы защиты сетей. Приложения и стандарты = Network Security Essentials. Applications and Standards. — М.: «Вильямс», 2002. — С. 432.
6. Ватаманюк А. И. Видеосамоучитель. Создание и обслуживание локальных сетей (+CD). — СПб.: Питер, 2008. — 304 с.: ил. — (Серия «Видеосамоучитель»).
7. Амато, Вито. Основы организации сетей Cisco, том 1, испр. изд. : Пер. с англ. — М.: Издательский дом "Вильямс", 2004. — 512 с. : ил. — Парал. тит. англ.

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ
И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ**

ӘОЖ 581.1 (075.8)

ҒЫЛЫМИ ҮЙІРМЕДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖҰМЫСТАРЫ

Н.Б. Әужанова, доцент

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ., nasqul@mail.ru

Бұл мақалада студенттердің ғылыми үйірмесін ұйымдастырудың кейбір мәселелері келтірілген. Сонымен қатар бір сабағының – «Өсімдіктердің аталуы тарихы» жайында материалдар берілген.

В статье раскрыты некоторые вопросы организации и работы научного кружка студентов. Кроме того представлен материал о проведении одного из кружковых занятий на тему: «Из истории названий растений».

Some questions of organization and work of scientific group of students are exposed in the article. In addition material is presented about realization of one of кружковых employments on a theme: "From history of the names of plants".

Кілт сөздер: үйірме, өсімдіктер аталуы, сөздік, қарағалдақ, інжір, жүзім, қына.

Үйірме жұмыстары әдетте ұйымдастыру мәселелерін шешуден басталады. Алдымен жетекші студенттерді жинап алып, олардың қызықтыратын тақырыптарын айқындап білуі тиіс, ал, содан соң үйірме жұмысының жоспарын жасауға болады. Жетекшіге үйірме белсенділері: старостасы және редакция алқалары үлкен көмек көрсетеді. Жетекші төмендегі жайларды есте ұстағаны абзал:

Басталған жұмыс әр уақытта соңына дейін жеткізілуі қажет. Жұмыстың нәтижесі кейбір қиындақтарға кездескенімен түпкі мақсаты жүзеге асса, ол студенттердің мақсатқа құштарлығын арттырады;

Студенттерге тапсырманы бекітіп бермес бұрын, алда тұрған жұмыстың мәнін ашып түсіндіру қажет. Бақылаудың қандай түрі болмасын, жүргізу қажеттігіне олардың көзін жеткізгенде ғана, олар оны ынтамен орындайды.

Жетекші үйірмеде сабақ өткізген кезде материалды студенттердің қызуғушылық сезім пайда болатындай етіп іріктеп баяндауы қажет. Үйірме жетекшісі мезгі-мезгіл жеке берілген тапсырмалардың орындалу барысын тексеріп, студенттердің өз жұмыстарының нәтижесі туралы үйірме отырыстарында баяндама жасап отыруын қадағалайды. Студенттерді бұл жұмыстарға ынталандыру үшін оған конкурс, жарыс және ойын элементтерін т.б. енгізу қажет.

1 Кесте

«Биологияны оқыту әдістемесі пәні бойынша» үйірмесінің жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Ұйымдастыру кезеңі. Жоспар құрастыру және бекіту. Редколлегияны сайлау. Тапсырмалардың ауқымын анықтау.	IX	Жетекші
2	Әдістемелік және ғылыми-танымдылық әдебиеттерге шолу жасау. Картотека даярлау.	X	Барлық студенттер
3	Биологиялық кештердің жоспарын құрастыру: талдау, талқылау, жүргізу сценарийін жазу. Бейнетаспадан өткізілген кештермен танысу. Кештерге көрнекілік даярлау.	XI	Жетекші, барлық студенттер

4	Биология пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстардың мерзімді баспасөз бетінде жарияланған материалдарға библиографиялық шолу жасау. Бюллетень шығару.	XI	Жетекші, барлық студенттер
5	Биологиялық мазмұнды көрмелерді ұйымдастыру әдістемесі: «Бөлме өсімдіктері», «Дәрілік өсімдіктер» т.б. Көрмелердің атауларына картотека жасау. Эпиграф даярлау. Көрмелердің безендірілуіне қойылатын талаптар.	XII	Барлық студенттер
6	Мектептегі «Жас натуралистер» үйірмесінің жоспарын жасау. Мектепшілік биологиялық олимпиаданың екі кезеңінің сұрақтарын және тапсырмаларын даярлау. Бағалау белгілерінің кестесін құрастыру.	II	Барлық студенттер
7	Экологиялық мазмұнды биология пәні бойынша сыныптан тыс жаппай жұмыстарға талқылау жүргізу. Әр түрлі тақырыптарға арналған стендтердің эскизін жасау. Стендтердің атауларына картотека жасау. «Қазақстанның Қызыл кітабы» – атты стендтің эскизін сызу.	III	Барлық студенттер
8	Тірі табиғат бұрышындағы жануарлармен қызықты тәжірибелер өткізу және фенологиялық байқау ұйымдастыру.	IV	Барлық студенттер
9	Биология пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарда бөлме өсімдіктерін пайдалану. Өсімдіктердің атауларының тарихы.	V	Барлық студенттер
10	Ботаникалық мазмұнды топсеруендерді ұйымдастыру және өткізу әдістемесі.	VI	Барлық студенттер
11	Қорытынды сабақ.	VI	Жетекші

Біздің тәжірибемізден келтірілген жоспардың №9 сабағына тоқталайық: «Өсімдіктердің атауларының тарихы». Бұл тақырып әдетте студенттердің қызығушылығын туғызады және олар үлкен жауапкершілік танытады. Осы материал болашақ мұғалімге КҒА, «Дарын» ғылыми жобаларды даярлауға көмек ететіні сөзсіз. Тақырыпқа байланысты сабақтарда да пайдалануға әбден болады. Студенттер зерттеу, ізденіс жұмыстары арқылы көптеген материалдарды реферат түрінде жазып, оны ғылыми үйірменің отырысында жариялап, қорғайды. Қабырға газетін шығарып, ондағы көтерілген тақырыптарды талқылайды.

Сабақта пайдаланатын материалдар

Тіршіліктің қажетті бөлшегі болып саналатын құнды өсімдіктердің қорын көбейтіп, қайтадан қалпына келтіру бүгінгі ұрпақтың үлесіне тиіп отыр. Сондықтан өсімдік әлемін қорғау, оны күтіп баптау әркімнің төл ісі.

Бұл сабақта өсімдіктер аталуы тарихы туралы қарастырылады.

Қазақстанның таулары мен далалары, өзен жағалары мен шөлдері таңғажайып қасиеттері бар алуан түрлі өсімдіктер дүниесіне бай.

- администрация университета и его структурные подразделения обеспечивают доступ к библиотекам, лабораториям, информационным базам и иным ресурсам вуза и подразделений, необходимым для обучения студентов, магистрантов, докторантов и стажировок преподавателей и научных сотрудников, участвующих в программах внешней и внутренней академической мобильности, согласно заключенным договорам [3, с. 7].

Организация академической мобильности студентов:

- академическая мобильность студентов осуществляется в соответствии с заключенными договорами с вузами-партнерами, соглашениями с международными

организациями и фондами. Возможна реализация академической мобильности студентов по личной инициативе;

- порядок и условия участия студентов во внешних/внутренних программах академической мобильности являются предметом конкретных договоров, соглашений между вузами-партнерами. Критерии отбора студентов для участия в образовательных программах определяются с учетом требований принимающего вуза/организации-партнера и доводятся до сведения студентов посредством объявлений на сайте университета, электронной рассылки и другими способами;

- общую организацию и координацию внешней/внутренней мобильности студентов ВУЗа осуществляет международный отдел. В реализации внешней/внутренней мобильности студентов участвуют кафедры, деканы факультетов, международный отдел, отдел регистрации, отдел учета движения студентов и трудоустройства выпускников, финансово-экономический отдел и другие подразделения вуза [3, с. 8].

Мобильность является неотъемлемым условием существования и развития Европейского пространства высшего образования. Мобильность студентов предполагает возможность частичного обучения в европейских вузах-партнёрах с последующим признанием как времени обучения в зарубежном вузе, так и полученных там переводных зачётных единиц (Европейская система переводных зачётных единиц – *ECTS*).

Международная мобильность растёт с каждым годом. К 2025 году общее количество студентов в мире увеличится с сегодняшних 97 миллионов человек до 260 миллионов человек. А число иностранных студентов вырастет за этот период до 7 миллионов [4]. Академическая мобильность автоматически и часто подсознательно развивает в студентах определённые качества:

- умение выбирать пути взаимодействия с окружающим миром;
- способность мыслить в сравнительном аспекте;
- способность к межкультурной коммуникации;
- способность изменять самовосприятие;
- способность рассматривать свою страну в кросскультурном аспекте.

Кросскультурный принцип мобильности формирует такие подходы, как партнёрство, солидарность, высокое качество, доступность, эффективность в образовании. Само понятие мобильность имеет как различные определения, так и классификацию в современной научной литературе. Значение слова «мобильность» в толковом словаре С.И. Ожегова определяется как [5, 25]:

- подвижность, способность к быстрому передвижению;
- способность быстро действовать, принимать решения;
- способность путешествовать с одного места на другое.

Существуют различные определения мобильности и классификация мобильности. Так, классическая мобильность связана со стажировками и командировками на относительно короткий период времени, участие в семинарах и конференциях, повышение квалификации. Мобильность в сфере образования или академическую мобильность связывают сегодня, прежде всего, с семестровой или годовой результативной (заканчивающейся академической справкой) учёбой для студентов и аспирантов и работой для преподавателей и исследователей в другом партнёрском вузе, с которым заключён договор. К современным формам мобильности относят мобильность международную, региональную, межвузовскую, которая может существовать на институциональном и индивидуальном уровнях «академический туризм». Также различают вертикальную и горизонтальную мобильность, виртуальную и физическую, симметричную и асимметричную, формальную и неформальную, учебную и профессиональную и др. Понимая выгоды, которые несёт в себе развитие мобильности для роста конкурентоспособности вузов страны и всего европейского образования, развития единого рынка труда и конкурентоспособности европейской экономики в целом, правительства и европейские организации начали с новой энергией

поддерживать развитие академической мобильности, видя в ней и инструмент и одну из целей Болонского процесса [6, с. 5]. Свободная без препятствий мобильность всех участников образовательного процесса – студентов, преподавателей, исследователей, администраторов – должна стать одним из главных условий повышения конкурентоспособности и привлекательности образования в европейских университетах. Три главные цели должны быть намечены на следующие десятилетия: определить более точно концепцию мобильности и сделать её более демократичной; развить соответствующие формы финансирования университетской мобильности; расширить академическую мобильность и улучшить для неё условия.

Болонская декларация так формулирует задачи в данной области: способствовать мобильности за счёт преодоления препятствий, эффективно осуществлению свободы передвижения, уделяя особое внимание «для студентов – доступу к учебным заведениям и соответствующим услугам; для преподавателей, исследователей и административного персонала - признанию и подтверждению периодов, проведённых в европейских странах, в целях научных исследований, преподавания и переподготовки, не нарушая их статуса и законных прав». Берлинское коммюнике (2003 г.) вообще называет «мобильность студентов, академического и административного персонала основой создания европейского пространства высшего образования». Главная цель мобильности – дать студенту возможность получить разностороннее «европейское» образование по выбранному направлению подготовки, обеспечить ему доступ в признанные центры знаний, где традиционно формировались ведущие научные школы, расширить познания студента во всех областях европейской культуры, привить ему чувство гражданина Европы. Пражское коммюнике министров образования (2001 г.) отмечает, что мобильность позволит её участникам «воспользоваться богатствами европейского пространства высшего образования, включая демократические ценности, разнообразие культур и языков, разнообразие систем высшего образования» [1, с. 56]. В коммюнике указывается, что мобильность студентов, начинающих исследователей и сотрудников высшей школы повышает качество программ и научных исследований. Она усиливает академическую и культурную интернационализацию европейского высшего образования. Мобильность имеет важное значение для развития личности и для трудоустраиваемости, формирует уважение к многообразию и способность понимать другие культуры. Она побуждает к языковому плюрализму, закладывая тем самым основу для многоязычной традиции Европейского пространства высшего образования, и расширяет сотрудничество и конкуренцию между высшими учебными заведениями. Вот почему мобильность должна быть отличительной чертой Европейского пространства высшего образования. Министры высшего образования Европы призывают все страны к расширению мобильности, к обеспечению её высокого качества и к диверсификации её типов и масштаба. Академическая мобильность отличается от традиционных зарубежных стажировок и «академического туризма» прежде всего тем, что: во-первых, студенты едут учиться за рубеж хоть и на ограниченные, но длительные сроки - от семестра до учебного года; во-вторых, во время таких стажировок они учатся полноценно, сдают зачёты и экзамены, результаты которых заносятся в специальный документ: академическую справку. Мобильные студенты проходят полный семестровый или годичный курс, который им засчитывается по возвращении в базовый вуз на основании документа с результатами академической успеваемости, выдаваемого им в принимающем зарубежном вузе.

В Болонском процессе различают такие виды академической мобильности, как: «вертикальную» и «горизонтальную». Под вертикальной мобильностью подразумевают полное обучение студента на степень в зарубежном вузе. Под горизонтальной мобильностью – обучение в течение ограниченного периода (семестра, учебного года). Мобильность в образовательной сфере – обязательный опыт европейца, поскольку «мобильность оказывает положительное влияние на качество высшего образования и высшие учебные заведения, а также на всё общество в целом» [1, с. 437].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

- 1.Kazamias A.M. Globalization and University Education in Late Modernity // XIX CESE Conference. Abstracts of Presentation. Bologna. 2000.
- 2.Евреинов Э. В. Глобальная система образования // Мир образования - образование в мире. 2002. N 4.
- Положение об академической мобильности// СМК ЖГУ П/АМ.30-2012. <http://www.portalus.ru>, статья А. Н. Джурицкий.
- 3.Ожегова С.И., Шведова, Н.Ю. Толковый словарь русского языка; Изд-во: М.: Аз, 1996 г.
- 4.Развитие образования: Национальный доклад Российской Федерации. Министерство образования. М., 1994.

ӘӨЖ 373.13:51(574)

ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТІҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

С.М. Сейтова, п.ғ.д., профессор

Ә. Даниярұлы, білімгер

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
s.m.seitova@mail.ru

Шағын жинақталған мектептер жас ұрпақтың, ауылдың, тұтас ұлттың болашағы үшін қызмет етуде. Сондықтан, ауылдағы «Шағын жинақталған мектептерді» көркейтуге, дамытуға көбірек күш салу керек. Сол себептен Алматы облысы, Кербұлақ ауданындағы «Шағын жинақталған мектептердің» бүгінгі мен ертеңі туралы зерттеуімізге байланысты мәліметтер берілген.

Малокомплектные школы служат для воспитания и обучения молодого поколения. Поэтому, нужно уделить большое внимание для развития «Малокомплектных школ» в селах. В связи с этим, в статье изложены исследования современного состояния «Малокомплектных школ» Кербулакского района, Алматинской области.

Littlekit schools serves as source of educatiob and training in the districts. Therefore, it is necessary to pay more attention to the development of " littlekit schools" in the villages. For this reason, the paper describes the current state of research " littlekit schools" Kerbulak district, Almaty region.

Тірек сөздер: Мектеп, шағын жинақталған мектеп, онлайн режим, тасымалдау, электрондық оқулықтар, әдістемелік нұсқаулар, дамыту, ауылдың болашағын сақтау.

Еліміздің болашағы - ұрпақ тәрбиесінде. Елбасы өз сөзінде: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында», - деп атап көрсетті [1].

Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру - қоғамның міндеті болып табылады.

Кез-келген мемлекеттің өркениеттілігі, онда өмір сүретін халықтың білім деңгейімен бағаланады. Ал өркениеттіліктің негізі мектепте қаланып, мектепте өркен жаяды. Сондықтан мектеп-өзін өркениеттіміз деп санайтын елдің айналып өтпейтін үдерісі.

Осы тұрғыдан қарағанда, еліміздегі мектептердің, оның ішінде ауыл мектептерінің жұмысын жандандыру, ондағы оқыту процесінің сапасын жетілдіру, оқушыларға мемлекеттік стандарт деңгейіне сай білім беру бүгінгі күннің көкейтесті мәселесіне айналып отыр.

Ауылдың болашағы мектепке тікелей байланысты. Шағын жинақталған мектептердің дені ауылдарда екендігін ескерсек, мектептерді жабу ұлт болашағына балта шабумен тең. Өйткені, бүгін мектеп жабылса, ертен ол ауыл да жоқ болады.

Мектеп білім шаңырағы болумен қатар, сол ауылдың әлеуметтік те, экономикалық та проблемаларын шешіп отыр. Шағын жинақталған мектептер жас ұрпақтың, ауылдың, тұтас ұлттың болашағы үшін қызмет етуде. Сондықтан, ауылдағы «Шағын жинақталған мектептерді» көркейтуде, дамытуға көбірек күш салу керек.

Ең қиыны, елімізде мұндай мектептердің саны көп. Соңғы 15 жылда «Шағын жинақталған мектептердің» саны күрт өскен. Қазақстандағы 7576 жалпы білім беретін мекеменің 4288-і (56,5%) - «Шағын жинақталған мектеп». Олардың басым бөлігі Солтүстік Қазақстан (88,1 %), Ақмола (81 %), Қостанай (77,5 %), Павлодар (76,5 %), Батыс Қазақстан (72,9 %), Ақтөбе (68 %), Шығыс Қазақстан (67,9 %) облыстарында.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша республика мектептерінің жалпы санының 56,5 %-ын шағын жинақты мектептер құрайды. Оның ішінде, барлық ауылдық мектептердің 68,6 %-ы шағын жинақты мектеп болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жж арналған мемлекеттік бағдарламасында айтылғандай іс жүзінде әрбір төртінші мұғалім «Шағын жинақталған мектепте» жұмыс істеп, әрбір алтыншы қазақстандық оқушы «Шағын жинақталған мектепте» оқиды [2].

Алматы облысы бойынша «Шағын жинақталған мектептердің» пайыз саны жоғары болмаса да, кейбір аудандарда «Шағын жинақталған мектептің» саны көп. Осыған сәйкес бізді Алматы облысы, Кербұлақ ауданындағы шағын жинақталған мектептердің болашағы алаңдатып, бізді де ауыл мектептеріндегі, оның ішінде «Шағын жинақталған мектептердің» проблемалары, ондағы оқыту мен тәрбиелеу процесінің ұйымдастырылуы толғандырады.

Сондықтан, «Шағын жинақталған мектептердегі» оқыту мен тәрбиелеу мәселесін жақсарту үшін жасалған зерттеу жұмысымызбен Алматы облысы бойынша өткен «Жас ғалым – Отанға!» атты ғылыми – зерттеу жұмыстары байқауында «Алматы облысы әкімінің грантын» иеленіп, «Шағын жинақталған мектепте жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жолдары» бағытында зерттеу жүргізудеміз.

Зерттеу объектісі ретінде Алматы облысының Кербұлақ ауданындағы «Шағын жинақталған мектептерді» алдық.


«Алматы облысы білім басқармасының» 2012 жылғы 1-ші қыркүйектегі Кербұлақ ауданының мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептер жөніндегі мәліметіне сүйенсек, аудан бойынша барлығы 51 мектеп бар, яғни зерттеу жұмысының алғашқы нәтижелеріне тоқталайық:

1-кесте

	Орта мектептер	Негізгі мектептер	Бастауыш мектептер
Аудан бойынша жалпы мектептер саны	36	4	11
Оның ішінде «Шағын жинақталған мектептер»	23	4	11


Кербұлақ ауданындағы «Шағын жинақталған мектептердің» құрамы

1-кесте




Алматы облысы, Кербұлақ ауданындағы мектептер

2-кесте



Алматы облысы, Кербұлақ ауданы мектептеріндегі оқушылар саны

3-кесте



Алматы облысы, Кербұлақ ауданы мектептеріндегі мұғалімдер саны

Кербұлақ аудандық білім бөлімінде 2013 жылдың 12-ақпанында мектеп директорларының және оқу ісі жөніндегі орынбасарларының кезекті кеңесі өтілді. Сол кеңесте төмендегі түрдегі сауалнама таратылды

Мұғалімнің ТАЖ-ы: _____

Мектеп (қай мектепте жұмыс жасайды) _____

Пәні (қай пәннің мұғалімі): _____

Еңбек өтілі: _____ оның ішінде ШЖМ-ге: _____

Сыныптар (қай сыныптарда сабақ береді): _____

1. Шағын жинақталған мектеп дегенді қалай түсінесіз?

2. Сіз жұмыс жасайтын мектеп шағын жинақталған мектеп болып саналады ма? (ия/жоқ)

3. Шағын жинақталған мектепте оқытудың қиыншылықтары қандай? т.б.

Сауалнама нәтижесінде төмендегі бағыттағы қиыншылықтар түрі айқындалды:

- әмбебап кәсіби педагогикалық мамандардың жетіспеушілігі;
- біліктілікті арттыру мүмкіндігінің аздығы;
- тәрбие жұмыстарының тиімді ұйымдастырылмауы;
- мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құралдарының болмауы;
- ақпараттық-коммуникативтік технологияға негізделген арнайы және вариативті оқу бағдарламалары мен жоспардың болмауы;
- интерактивті құралдармен жабдықталу деңгейі, мультимедиялық кабинеттер мен кең жолақты интернетпен қамтамасыз етілмеуі.


Сондықтан біз болашақта «Шағын жинақталған мектептерде математиканы оқытуды ұйымдастыруға» байланысты төмендегідей ой-тұжырымға келіп отырмыз:

- Аудан көлеміндегі бір-біріне жақын орналасқан мектептерді біріктіру. Егер де бір-біріне жақын орналасқан 2 немесе 3 мектепті біріктіретін болсақ, ол мектептегі оқушылар саны едәуір артады; әр мектепке бөлінген азды-көпті компьютерлер мен электронды тақталар бір мектепте орналасса барлық оқушыға жеткілікті болар еді; кітап қоры молаятын еді; кадр тапшылығы болмас еді; көппәнділіктен құтылар едік.



1-сурет «Мектептерді біріктіру үлгісі»

- Аудан бойынша «Шағын жинақталған мектептердегі» оқытуды онлайн-режимге көшіру. Мұғалім бір мектепте отырып, басқа мектептермен де байланыса алады немесе бір кабинетте бірнеше сыныпқа бір мезгілде сабақ жүргізе алады. Онлайн-режимде оқытуға лайықты оқу-әдістемелік құралдар, бағдарламалар құрылуы керек.



2-сурет «Мектептерді онлайн-режимде оқытуға біріктіру»

- Электронды оқулықтарды пайдалану арқылы білім беру. Бұл әдісті мектептерді тасымалдау мүмкін болмаса, онлайн-режим орнату қиын болса қолдана аламыз. Әрбір біріктірілген сыныпта сабақ жүргізгенде, бір сыныпқа сабақ түсіндіріп жатқанда екінші сынып бос отырмайтындай, электронды оқулықтан тапсырмалар беріп, уақытты үнемдей отырып, толық түсіндіріп үлгеруге болады.



3-сурет «Біріктірілген сыныптарда сабақ жүргізу»

ШЖМ-терде қазіргі таңдағы оқу құралдарын қолданудағы негізгі қарама-қайшылық – толық, тұтас сыныпты оқытуда қолданылатын оқыту әдістемесінің шағын мектепте қолдануға қолайсыздығы.

Сондықтан, шағын жинақталған мектептердегі проблеманы шешу үшін мұғалімдерге қажетті жекелеген пәндерден бағдарламалар дайындау, оқу-әдістемелік кешен әзірлеу және олардың электрондық, мультимедиялық нұсқасы дайындалса және қашықтықтан оқыту мүмкіндіктері ұйымдастырылса, онда ШЖМ-терде мұғалімдерде шығармашылықпен жұмыс істеуге және сапалы білім беруге мүмкіндіктер артар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Егемен Қазақстан, 26 желтоқсан, 2004 жыл
2. Концепция развития малокомплектных школ в республике Казахстан на 2010-2020 годы. Астана, 2011

ЕСТЕСТВЕННО - ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 6327.727.

ШЕГІРТКЕЛЕР КҮБІРШЕСІНІҢ САН МӨЛШЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

А.С. Акмуллаева, А.Б. Ержанова

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы

Шегірткелер дернәсілінің жұмыртқадан жер бетіне шығуы ауа температурасына тікелей байланысты болатындығы анықталды. 2011-2012 жылдары ауа температурасының жылы, сонымен қатар құрғақшылық болуына шегірткенің өсіп-дамуына қолайлы болды. Осы жағдайда шегіртке дернәсілдері ерте шықты. Зерттеу жұмыстары жүргізілген аумақтарда әр бір шаршы метр жердегі саяқ шегірткелер күбіршесі 1-2 дана болды. Олардың тоғышар және аурулармен залалдануы 9-12% жетті.

При изучении биоэкологических особенностей саранчовых установлено, что отрождение личинок нестадных видов саранчовых зависит, в первую очередь, от погодных условий текущего года. Так, в 2011-2012 годы теплая и засушливая погода благоприятствовала развитию саранчовых. При осенних обследованиях территории при учете на 1 м² приходилось 1-2 кубышки. 9-12% кубышек были поражены паразитами и болезнями.

During the study of locusts' bioecological peculiarities it was established that hatching of non-gregarious locust species depends first of all on weather conditions of the current year. So, in 2011-2012 warm and dry weather was favorable for locust development. During the autumn studies there were 1-2 pods per 1 m². 9-12% of pods were infected by parasites and diseases.

Тірек сөздер: шегіртке күбіршесі, дернәсілі, тоғышарлармен залалдануы, энтоможыртқыштар, энтомофильді микрофлорасы.

Қазақстанның оңтүстік аймағында мекендейтін шегіртке түрлерінің өсіп-даму циклы бір генерациялы, яғни жылына бір рет өсіп-өніп көбейеді. Олар жұмыртқа фазасында топырақтың беткі қабатына салынған күбірше ішінде қыстайды. Көктемде дернәсілдің шығу мерзімі шегірткелердің қандай түрге жататындығына байланысты. Негізінен саяқ шегірткелердің дернәсілдері жұмыртқадан жер бетіне шығуы 1 айға дейін созылады. Дернәсілдерінің өсіп-дамуы 25-30, кейде 40 күнге дейін жалғасады. Осы мерзім ішінде айқышты, қара жолақты саяқ шегірткелер 5-рет түлеп, ал сібірлік, ақ жолақты және қара қанатты саяқ шегірткелермен тағы да басқа түрлері 4-рет түлейді. Әр түрлі жастағы дернәсілдер бір-бірінен денесінің ұзындығы, түсі, мұртша бунақтарының саны, қанат негізінің дамуы мен орналасу ерекшелігі арқылы ажыратуға болады. Әсіресе тұрақты болатыны дернәсілдің қанат негізінің біліне бастау және мұртша бунақтарының саны. Соңғы түлеуден кейін толық жетілген қанаттары бар ересек шегірткеге айналады.

Дернәсілдердің барлығы ашық күндері белсенді түрде қозғалыста болады. Ауаның температурасы 10-12-ден 40⁰С болған жағдайда белсенді түрде қоректеніп, қозғалады, ал 10⁰С төмен, бұлтты және жауынды күндері қозғалмай, өсімдіктің төменгі жағына топтасады. Кеш бата алдында өздерінің тандаған өсімдіктерін тауып, сонда түнелтеді.

Шегірткелердің сан мөлшерінің өзгеріп тұруына жыртқыш және паразиттік тіршілік ететін насекомдар мен насеком қоректі құстар едәуір әсер етеді. Жыртқыш және паразит насекомдардың ішінде жарғақ қанаттылардың, паразит шыбындар мен кейбір қоңыздардың личинкаларының маңызы өте зор. Олардың кейбіреулері шегірткенің жұмыртқасы ішінде, ал екіншілері ересек шегірткенің ішінде паразиттік тіршілік етеді [1, 2, 3].

Күзде жүргізілген зерттеулер арқылы ұрғашы шегірткелердің жұмыртқа салар орындары бақыланды. Біріншіден биотоптардан энтомологиялық қаққыш көмегімен шегірткелердің 1 м² жердегі саны және түр құрамы есепке алынды. Ал перпедикуляр сызық

бойымен әр 100 метр сайын тоқтап, үлгілер жиналып күбіршемен залалданған жер көлемі анықталды. Олардың күбіршелерін топырақты қазу арқылы тереңдігі 0-5 см, ауданы 0,5-0,5 м жерден үлгі алынды. Жер көлеміне байланысты 10 га-дан 8 үлгі, 50 га – 15 үлгі, 100 га – 20 үлгі және 400 га – 40 үлгі жиналды. Алынған үлгілер диаметрі 3 мм сеткалы қаққыштан өткізіліп, ондағы күбіршелер арнайы қаптарға салынды. Жиналған материалдардың сыртында жиналған орны және күні жазылды. Шегіртке күбіршелерінің тоғышарлармен залалдануы және энтоможыртқыштардың құрбаны болуы пайыздық көрсеткішпен көрсетілді. Зертханалық жағдайда шегірткелердің дернәсілдеріне зиян келтірген эндоэктофитофагтардың сан мөлшері және энтомофильді микрофлорасы анықталды.

Орташа күбіршенің тығыздығы мына теңдеумен анықталды:

$$A = \left(\frac{\delta}{B} \right) \times 4,$$

мұндағы: A – 1 м² жердегі орташа күбірше тығыздығы;

δ – жалпы күбірше саны;

B – жалпы үлгі саны.

Бұл аймақтарда сібірлік, айқышты саяқ шегірткелердің қанаттануы маусымның 1-ші онкүндігінде басталды, ал Фишер, кіші айқышты саяқ шегірткелері маусымның ортасында байқалды, сонымен қатар ақ жолақты саяқ шегіртке шілденің 2-ші онкүндігінде қанаттануы басталды. Қанаттанған ересектері шағылысып, содан кейін 10-12 күннен соң ұрғашылары жұмыртқа сала бастайды. Саяқ шегірткелер негізінен күбіршелерін тығыз топырақтың жерлерге, жол жағалауына, кейде шөбі селдір құм топыраққа салады. Олардың қандай түрге жататына байланысты күбіршелерінің үлкен-кішілігі, сыртқы пішіні әр түрлі болады. Күбіршелерінің ұзындығы 8-41 мм дейін, ал сыртқы пішіні көбінесе сопақша болады. Әрбір ұрғашы шегіртке өз өмірінде 9-15 күбірше салады, кейде одан да көбірек. Күбіршелердегі жұмыртқалардың саны әр түрлі 5-17-ге дейін жетеді. Шегірткелердің жұмыртқа салуы шілденің 1-ші онкүндігінде басталып, тамыздың басына дейін, яғни 1 айға жуық жұмыртқа салу кезеңі жүреді, ал кейде тамыздың соңына дейін созылады.

Тұрақтылық жағдайда шегірткенің дамуы мен кеңістік жағдайындағы шегіртке популяцияларының өсіп-жетілуін қадағаладық. Сонымен қатар әртүрлі биотоптарда бір мезгілде шегірткенің әр түрлі жастағы дернәсілдері мен қанаттанған ересектері кездеседі. Сондықтан оларды 3 мезгілдік аспектіге бөлдік – көктемгі, ерте жазғы, жазғы.

Көктемгі түрлеріне - *Arcyptera microptera*, *Aeropus sibiricus*, *Dociostaurus kraussi*, *Podisma pedestris*, ал ерте жазғы түрлеріне – *Stauroderus scalaris*, *Dociostaurus brevicollis*, *Stenbothrus fischeri*, *Oedaleus decorus*, *Calliptamus italicus* және жазғы түріне – *Chorthippus albomarginatus* жатқызылды.

Зиянкестердің маусымдық фазаларын зерттеп анықтау өсімдіктердің әр түрлі биотоптарында, әр бір 3 күн сайын шегірткелерді энтомологиялық қаққыш арқылы жинап, жүргізілді.

Саяқ шегірткелер тобының биоэкологиясы негізінен аймақтағы ауа температурасына тікелей байланысты. Күзгі зерттеу жұмыстары бойынша Ескелді ауданының Көкжазық, Ақын-Сара, Бақтыбай және Қарабұлақ ауыл округтары аймақтарының жайылымдықтар, қара жолдар бойынан 200-300 гектар жерлер зерттеліп, шегірткелердің күбіршелері есепке алынды. Көпжылдық шөптер, тыңайған жерлер және жайылымдықтар биотоптардан 600 күбірше жиналып, олардың түр құрамы және күбірше тығыздығы айқындалды. Зерттеу барысында күбірше ішіндегі жұмыртқаларының жыртқыш тоғышарлары – алагүлік коңыздар, кейбір аурулармен және өрмекшілермен 9-12% залалданған анықталды. Бұл жердегі максималды көрсеткіші әр бір шаршы метр жерден 5-6 дана саяқ шегірткелер күбіршесі есепке алынды.

Ескелді аудан аймағында кездесетін зиянды түрлеріне: айқышты, сібірлік, қанатсыз, кіші айқышты, ақ жолақты және Фишер саяқ шегірткелері жатады. Осы аталған шегірткелердің фенологиясы мен биологиясы анықталды (1-кесте).

1-кесте. Саяқ шегірткелер тобының фенологиялық күнтізбесі
(Ескелді ауданы, 2011-2012 жж.)

Түрлері	сәуір			мамыр			маусым			шілде			тамыз			қыркүйек			Қыстайтын фазасы
	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	
Айқышты саяқ шегіртке <i>Arcyptera microptera</i> F.- W.	0	0	0	-	-	-	+	+	+	+	+	0	0	0	0	0	0	0	0
Сібірлік саяқ шегіртке <i>Aeropus sibiricus</i> L.	0	0	0	-	-	-	+	+	+	+	+	0	0	0	0	0	0	0	0
Қанатсыз саяқ шегіртке <i>Podisma pedestris</i> L.	0	0	0	0	-	-	-	+	+	+	+	+	0	0	0	0	0	0	0
Кіші айқышты саяқ шегіртке <i>Doclostaurus brevicollis</i> Ev.	0	0	0	0	0	0	-	-	-	+	+	+	+	0	0	0	0	0	0
Фишер саяқ шегіртке <i>Stenobothrus fischeri</i> Ev.	0	0	0	0	0	-	-	-	-	+	+	+	+	+	0	0	0	0	0
Ақ жолақты саяқ шегіртке <i>Chorthippus albomarginatus</i> Deg.	0	0	0	0	0	0	0	-	-	-	-	+	+	+	+	+	0	0	0

Шартты белгілері: 0- күбіршенің ішіндегі жұмыртқа; -- дернәсіл; +- ересегі.

Айқышты саяқ шегіртке – *Arcyptera microptera* F.- W. Көбінесе далалық, жайылымдықтар мен тыңайған жерлерде басымдылық көрсетті. Көктем мезгілінде дернәсілдің жұмыртқадан жер бетіне шығуы мамырдың 1-ші онкүндігінде байқалды. Бұдан кейін шегіртке дернәсілдері 5 рет түледі. Олардың қанаттануы маусымның 1-ші онкүндігінде басталды. Шегірткенің бұл түрінің жаппай көбеюі 10-12 күннен кейін аяқталды. Шағылысудан соң, 5-7 күннен кейін жұмыртқа салуы басталды. Бұл шегіртке күбіршелерін негізінен қатты, сазды және құмдақ ылғалды топыраққа, өсімдіктері сиректеу жерлерге салады. Күзде жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша шегірткенің ұрғашылары жұмыртқаларын қара жолдар бойына, жайылымдықтарға салып, күбіршенің орташа саны бір шаршы метр жерде 1-2 дана болды. Бір күбіршедегі жұмыртқа саны 6-17 дейін жетті.

Сібірлік саяқ шегіртке – *Aeropus sibiricus* L. жаппай көбеюі Әсіресе орман маңындағы аралас шөптерде, еркекшөп, жайылымдық биотоптарында басым кездесті. Дернәсілінің жұмыртқадан жер бетіне шығуы мамыр айының 1-ші онкүндігінде байқалды. Шегіртке дернәсілі 4 рет түлеп, ал оның қанаттануы маусым айының 1-ші онкүндігіне тұспа-тұс келді. Қанаттанған ересектері шағылысып, ал ұрғашыларының жұмыртқа салуы шағылысудан 5-12 күн өткен соң басталды. Олар жұмыртқаларын негізі бетегелі өсімдіктерге, жайылымдықтар мен ескі тыңайған жерлерге салды. Күздік зерттеу нәтижесі бойынша, бұл шегіртке күбіршесінің орташа саны бір шаршы метр жерде 5-10 дана болды. Бұл түр сирек кездесті, күбіршенің орташа саны 1-2 данаға жетті. Олардың ішінде 7-10 жұмыртқадан болды.

Қара қанатты саяқ шегіртке - *Stauroderus scalaris* F.-W. Бұл шегірткенің дернәсілдері сібірлік саяқ шегірткенің дернәсілдеріне қарағанда 7-10 күн кешігіп шықты, дернәсілдері жұмыртқадан жер бетіне шығуы мамырдың 2-ші онкүндігінде байқалды. Олардың дамуы 27-30 күнге созылып, 4 рет түледі. Ересек шегірткелері толық қанаттанған соң көп кешікпей жұмыртқалай бастады. Бақтыбай ауылында жүргізілген күзгі маршруттық зерттеуде қара қанатты саяқ шегірткенің 1 м² жердегі күбірше саны 3-5 дана болғаны және күбіршелерін жеңіл құмды топыраққа салғаны анықталды.

Атбасарлық саяқ шегіртке - *Dociostaurus kraussi* Ingen. Шегіртке дернәсілдері жұмыртқадан жер бетіне шығуы мамырдың 1-ші онкүндігінде байқалды, олардың дамуы 25-35 күнге созылды. Ересек шегірткелер толық қанаттанған соң 5-7 күннен кейін жұмыртқалай бастады. Күбіршелерін тығыз топырақты және шөбі селдір, жеңіл құм топырақты жерге салды. Қанатсыз саяқ шегіртке – *Podisma pedestris* L. Көбінесе орман маңында, жайылымдықтарда, еркекшөп биотоптарында басым болды. Олардың дернәсілінің жұмыртқадан жер бетіне шығуы мамыр айының ортасында байқалды. Қанаттануы маусым айының 2-ші онкүндігінде басталды.

Кіші айқышты саяқ шегіртке – *Dociostaurus brevicollis* Ev. Сан мөлшері жағынан алғанда еркекшөп, көп жылдық шөптер және астық тұқымдас-жусанды биотоптарда басымдылық көрсетті. Бұл түр негізінен көктемгі топқа жатады. Ал дамуы жөнінен айқышты саяқ шегірткеден айырмашылығы, шегіртке дернәсілінің жұмыртқадан жер бетіне шығуы мамырдың 3 –ші онкүндігінде басталды. Зерттеу жүргізілген жылдары бұл түрдің саны басқаларға қарағанда жаппай басымдылық танытты. Дернәсілінің даму мерзімі 30-35 күн. Шегірткенің қанаттануы маусымның 3-ші он күндігінде басталды. 7-10 күннен кейін шағылысуы басталып, шегіртке ұрғашылары шағылысудан кейін 7-10 күннен кейін жұмыртқа сала бастады. Күбіршелерін табиғи ксерофильді өсімдікті стацияларға және жусанды, жусанды-астықты өсімдік биотоптарындағы топыраққа салды. Күздік зерттеу жұмыстары бойынша күбіршенің саны бір шаршы метр жерде 9-15 данадан келді, ал жұмыртқа саны 10-15 болды.

Фишер шөптесін шегірткесі – *Stenobothrus fischeri* Ev. Дернәсілдерінің жұмыртқадан жер бетіне шығуы мамырдың 2 –ші онкүндігінде басталып, ал

дернәсілдер 4 рет түлеп, олардың қанаттануы 28-30 күннен кейін басталды. Шағылысуы 7-10 күннен кейін басталып, ал жұмыртқа салуы осындай мерзім аралығынан соң басталды. Ұрғашылары күбіршелерін жеңіл топырақты, сирек өсімдік қауымдастығына салды. Күбірше саны 1 м² жерге 10 данадан келді.

Қара жолақты саяқ шегіртке - *Oedaleus decorus* Germ. Ескелді ауданында шалғындық, көп жылдық шөптер және еркекшөп биотоптарында бірен-саран түрде кездесті. Дернәсілдері жұмыртқадан жер бетіне шығуы мамыр айының аяғында басталды. Олардың дамуы 35-45 күнге созылды, яғни осы аралықта олар 5 рет түледі. Шегірткелер күбіршелерін астық тұқымдас өсімдіктер өсетін учаскеге салды.

Ақ жолақты саяқ шегіртке – *Chorthippus albomarginatus* Deg. Бұл түр егін маңындағы астық тұқымдас-аралас шөптерде, жайылымдықтар, сонымен қатар далалық аймақтарда жиі кездесті. Даму кезеңі тұрғысынан алғанда көктемгі және жазғы түрлерге жатады. Дернәсілінің жұмыртқадан жер бетіне шығуы мамырдың 3-ші онкүндігінде басталып, жапшай шығуы маусымның 1-ші онкүндігіне тұспа-тұс келді. Олардың дамуы шілденің ортасынан тамыздың соңына дейін созылды. Бұл аралықта дернәсілдер 4 рет түлеп, олардың дамуы 26 күнге созылды. Ұрғашылары күбіршелерін жұмсақтау және ылғалды топыраққа, өсімдік қауымдастығы сиректеу, тыңайған жерлерге салды. Ал жұмыртқа салуы қанаттанғаннан кейін 11-13 күннен соң басталды. Күздік есептеулердің нәтижесі бойынша, күбірше саны 1 м² жерге 10-15 данадан келеді, жұмыртқа саны 5-10 дана.

Италиялық шегіртке – *Calliptamus italicus* L. Зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша барлық аймақта саяқ түрінде кездесті және зиянкестің өсіп дамуы да баяу жүрді. Сонымен, шегіртке дернәсілінің жұмыртқадан жер бетіне шығуы негізінен абиотикалық факторларға байланысты. Көктем айы және жаз айының алғашқы кезеңдері жылы және жауын-шашын аз болған жағдайда олардың өсіп-дамуына да қолайлы болады. Сонымен қатар күбіршелердің тоғышарлар және аурулармен залалдануы да аз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Черняховский М.Е. Определение вредных саранчовых по кубышкам. Методические указания. 1986. М., ВАСХНИЛ, Отд. защиты раст.1-58 с.
- 2.Ажбенов В. К. Анализ и прогноз фитосанитарного состояния сельско-хозяйственных угодий Казахстана по саранчовым вредителям. //Мат-лы международного круглого стола «Проблемы борьбы с саранчой в Центральной Азии», Алматы, 9 февр. 2001 г.: С. 25-37.
- 3.Лачининский А. В., Сергеев М. Г., Чильдебаев М.К., Черняховский М. Е., Локвуд Дж. А., Камбулин В. Е., Гаппаров Ф. А. Саранчовые Казахстана, Средней Азии и сопредельных территорий. 2002 г. США, Ларамии: 1-387 с.

ӘОЖ 372.851

ХИМИЯ САЛАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ПРОЦЕССТЕРДІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ СҮЛБІЛЕРІ

Д.Н. Нұрғабыл, А.К. Бактыбаева, С.Ғ. Есжанова

*І.Жансүгіров атындағы ЖМУ. Дарынды балаларға арналған №20 мектеп
лицейі, Талдықорған қаласы.*

Жұмыста дифференциалдық моделдерін (сұлбілерін) құруға болатын қарапайым химиялық құбылыстар, атап айтқанда бірінші ретті тізбекті реакциялар зерттелген.

В работе исследуются дифференциальные модели, описывающие последовательные

реакции первого порядка.

ct. In this work are investigated differential models, describing consecutive reactions of the first order.

Кілт сөздер: химиялық реакция, математикалық модель, дифференциалдық теңдеу.

Кіріспе. Табиғаттағы болып жатқан өзгерістерді ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттілігі күннен-күнге артуда. Күннің шамадан тыс жылынуы, жердің ластануы, кейбір түрлердің азаюы немесе жойылуы сияқты болашағымызға әсер ететін экологиялық, экономикалық және биологиялық проблемалар жылдан-жылға көбейе түсті. Әсіресе қазіргі техниканың қарқынды даму заманында бұл ғылымның ең болмағанда бір-екі саласы бірігіп шешуін талап ететін ірі мәселелер пайда болуда, оларды шешу өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан химия, биология, экология саласының мамандары өз ғылымдарының шеңберінен шығып, оның басқа да салаларымен байланыс жасауына, солардың негізгі элементтерін үйренуіне тура келіп отыр.

Сонғы он жылдың ішінде математикалық сұлбілерді пайдалана отырып химия, биология, экономика бағытындағы ашылған жаңалықтар, математиканың бұл салалардағы ролін арттыра түсті. Соның нәтижесінде қазіргі уақытта қыруар қаржыны қажет ететін экспериментті жасамай-ақ, кейбір құбылыстардың математикалық моделін құра отырып, керекті нәтижелерді теориялық тұрғыдан алу мүмкіндік туды. Осындай бағытта жасалған зерттеулерді төмендегі [1-5] жұмыстардан көруге болады.

Біздің жұмысымыздың мақсаты математикалық, соның ішінде дифференциалдық моделдерін (сұлбілерін) құруға болатын қарапайым химиялық құбылыстарды, атап айтқанда бірінші ретті тізбекті реакцияларды зерттеу.

Бірінші ретті тізбекті реакциялар. Химия курсында $A \xrightarrow{k_1} B \xrightarrow{k_2} C$ тізбекті (консекүтивті) реакция заттардың түзілу процессінің ең қарапайым түрі болып табылатыны тұжырымдалған. Бұл реакцияны зерттеу үшін тәуелді айнымалылар ретінде a, b және c концентрацияларының мөлшерін алуға болады, онда бұл жағдайда

$$\frac{da}{dx} = -k_1 a, \quad (1)$$

$$\frac{db}{dx} = k_1 a - k_2 b, \quad (2)$$

$$\frac{dc}{dx} = k_2 b \quad (3)$$

теңдеулер жүйесін аламыз. Процестің басында В және С заттарының концентрациялары жоқ болғандықтан

$$a + b + c = a_0 = 1$$

инвариантын, яғни

$$a(0) = 1, \quad b(0) = 0, \quad c(0) = 0 \quad (4)$$

бастапқы шартын алуға болады.

Енді (1) - (3) жүйесін зерттелік. Ол үшін бұл теңдеулерді өлшемсіз формаға келтіріп алған жөн. Ол үшін

$$\varepsilon = \frac{k_1}{k_2}, \quad x = k_1 \cdot t \quad (5)$$

өлшемсіз шамаларын енгізелік. Жоғарыдағы (1)- (3) жүйеде (5) алмастыруды жүзеге асырсақ және (4) шартты ескретін болсақ

$$\frac{da}{dx} = -a, \quad a(0) = 1,$$

$$\varepsilon \cdot \frac{db}{dx} = -b + \varepsilon a, \quad b(0) = 0, \quad (6)$$

$$\varepsilon \frac{dc}{dx} = b, \quad c(0) = 0$$

есептерін аламыз.

Егер екінші реакция бірінші реакцияға қарағанда әлдеқайда тезірек жүретін болса, яғни $\varepsilon = \frac{k_1}{k_2} < 1$ болса, онда (6) - шы жүйе туындысының жанында кішкене параметрі бар дифференциалдық теңдеулер жүйесі болып табылады. Бұл жүйенің асимптотикалық өзгерісін зерттеу үшін оның дәл шешімін табалық. Сонда (6)-шы жүйенің бірінші теңдеуінен

$$a(x) = e^{-x} \quad (7)$$

шешімін аламыз. Бұл шешімді (6)-шы жүйенің екінші теңдеуіне қойсақ

$$\varepsilon \frac{db}{dx} = -b + \varepsilon \cdot e^{-x}, \quad b(0) = 0$$

Есебін аламыз. Бұл есептің шешімі

$$\begin{aligned} b(x) &= \int_0^x e^{-s} \cdot e^{-\frac{x+s}{\varepsilon}} ds = e^{-\frac{x}{\varepsilon}} \int_0^x e^{-s+\frac{s}{\varepsilon}} ds = \\ &= e^{-\frac{x}{\varepsilon}} \int_0^x e^{\frac{(1-\varepsilon)s}{\varepsilon}} ds = \frac{\varepsilon}{1-\varepsilon} e^{-\frac{x}{\varepsilon}} \left[e^{\frac{(1-\varepsilon)s}{\varepsilon}} - 1 \right] = \frac{\varepsilon}{1-\varepsilon} \left[e^{-x} - e^{-\frac{x}{\varepsilon}} \right] \end{aligned}$$

түрінде анықталады. Сонымен

$$b(x) = \frac{\varepsilon}{1-\varepsilon} \left[e^{-x} - e^{-\frac{x}{\varepsilon}} \right] \quad (8)$$

шешімін аламыз.

Енді (8)-ді (6) -ның үшінші теңдеуіне қоятын болсақ, онда

$$\frac{dc}{dx} = \frac{1}{1-\varepsilon} \left(e^{-x} - e^{-\frac{x}{\varepsilon}} \right), \quad c(0) = 0 \quad (9)$$

есебін аламыз. Оның шешімі

$$c = \int_0^x \frac{1}{1-\varepsilon} \left(e^{-s} - e^{-\frac{s}{\varepsilon}} \right) ds = \frac{1}{1-\varepsilon} \left(-e^{-x} + 1 \right) + \frac{\varepsilon}{1-\varepsilon} \left(e^{-\frac{x}{\varepsilon}} - 1 \right)$$

түрінде анықталады. Бұдан

$$c(x) = \frac{1}{1-\varepsilon} \left(-e^{-x} + \varepsilon e^{-\frac{x}{\varepsilon}} + 1 - \varepsilon \right),$$

$$c(x) = 1 + \frac{1}{1-\varepsilon} \left(\varepsilon e^{-\frac{x}{\varepsilon}} - e^{-x} \right) \quad (10)$$

шешімін аламыз.

Сонда (8), (10) шешімдерінің $x = 0$ нүктесі маңындағы асимптотикалық өзгерісі теңдіктерімен анықталады:

$$\lim_{\varepsilon \rightarrow 0} b(x) = 0, \quad 0 \leq x \leq X$$

$$\lim_{\varepsilon \rightarrow 0} c(x) = 1 - e^{-x}, \quad 0 < x \leq X$$

Мұнда $b(t)$ функциясының максимумы болуы керек, себебі аралық заттың $b(t)$ концентрациясы процестің басында және аяғында нольге айналуы қажетті. Сонда (8) теңдеуден, оның $x = x_{max} = \frac{\varepsilon \ln|\varepsilon|}{1-\varepsilon}$ нүктесінде $b = b_{max} = \frac{1}{\varepsilon^{1-\varepsilon}}$ максимум мәнін қабылдайтынын табамыз.

Сонымен $\varepsilon \rightarrow 0$ жағдайда, яғни екінші реакция біріншіден тезірек жүрсе, онда c затының концентрациясы өзінің шектік мәні 1-ге ұмтылатынын, ал b - ның концентрациясы нольге ұмтылатынын көреміз. Бұл айтылғандардан

$$a + b + c \rightarrow 1$$

шартын аламыз, яғни сақталу заңының орындалатын көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Гроссман С., Тернер Дж. Математика для биологов. М: Высшая школа. 1983
2. Амелькин В.В. Дифференциальные уравнения в приложениях. М: Наука. 1987
3. Смит Дж. Модели в экологии. М: Мир. 1976
4. Качественная теория динамических систем второго порядка. М: Наука, 1966
5. Марри Дж. Нелинейные дифференциальные уравнения в биологии. М: Мир. 1983

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

ЮРИСТ. УЧЕНЫЙ. ГРАЖДАНИН

(посвящается светлой памяти Юрия Григорьевича Басина)

Елюбаев Жумагельды Сакенович, д.ю.н.

*Президент Казахстанской Ассоциации юристов нефтегазовой отрасли (KPLA),
Управляющий правовой советник Евразийского подразделения корпорации «Шеврон»*

Юрий Григорьевич Басин – доктор юридических наук, профессор, выдающийся ученый, основоположник казахстанской цивилистической школы, участник Великой Отечественной войны, заслуженный деятель высшей школы Республики Казахстан. Заслуги и личные достоинства Юрия Григорьевича можно бесконечно продолжать и надо сказать, что о них пишут, говорят его многочисленные коллеги, друзья и ученики. Он всегда имел свою линию жизни и при любых ситуациях он придерживался самых честных правил, будь это в личной жизни, в науке и в высшей школе или в общении с коллегами, друзьями и учениками. Он был всегда ровным, принципиальным, интеллигентным, добрым и внимательным, именно поэтому его любили и любят, помнят все, кто хоть однажды встречался с ним.

Юрий Григорьевич вырастил целую плеяду ученых, среди них его последователи, известные в Казахстане и за его пределами ученые-цивилисты М.К.Сулейменов, А.Г.Диденко и др., которые в непростых условиях развития нашего государства продолжают защищать и формировать его правовые основы, направленные на создание гражданского светского общества. Ю.Г.Басин совместно со своими коллегами стоял у истоков разработки и принятия гражданского законодательства независимого Казахстана, он внес неоценимый вклад в разработку основ других отраслей права – конституционного, природоресурсного, инвестиционного, что позволило нашей стране успешно регулировать общественные отношения в условиях формирования новой политической системы и зарождающейся рыночной экономики.

Я благодарен судьбе, что мне пришлось тесно общаться с Юрием Григорьевичем в последние годы его жизни. Хотя я не был его учеником, но я его считаю его своим Учителем и Наставником, поскольку занимаясь собственными научными исследованиями в области природоресурсного права, обеспечивая юридическое обслуживание крупнейших инвестиционных проектов в сфере недропользования, я активно пользовался его научными трудами и личными рекомендациями. Мы часто встречались и обсуждали многие проблемные вопросы, возникающие в сфере природопользования, разрабатывали юридические рекомендации, участвовали в судебных процессах, представляя интересы хозяйствующих субъектов. При этом, Юрий Григорьевич всегда оставался приверженцем стабильности законодательных и контрактных положений, все свои рекомендации основывал на важных принципах гражданского законодательства и на принципах тех отраслей казахстанского права, которые субсидиарно регулировали отношения в указанных сферах экономики. Он был неким арбитром в этих взаимоотношениях, всегда оставался независимым и беспристрастным. Его правовые заключения и рекомендации были эталоном юридической продукции, в них всегда присутствовал дух законности, справедливости и объективности. Для него важным было обеспечить реальное и безусловное действие законов и принципов права при любых общественных отношениях. И это придавало значимость его личности, как ученого-правоведа, значимость его юридической продукции, значимость его слов и убеждений.

В этом очерке я хотел бы осветить один из аспектов его научно-практической деятельности, когда Юрий Григорьевич высказывал свою принципиальную позицию по многим проблемным вопросам действия гражданского законодательства в сфере недропользования, охраны окружающей среды, инвестиционной деятельности. Он был

одним из активных участников научной дискуссии по вопросам стабильности контрактов на недропользование и роли государства в освоении недр Казахстана. Последнее имела несколько аспектов, свидетельствующих о существовании серьезных проблем в сфере государственно-правового регулирования нефтяных операций, определении роли государства в управлении недрами, защиты интересов государства, общества, инвесторов и недропользователей. Эта дискуссия мэтров правовой мысли Казахстана показала и о несовершенстве действующего законодательства, низком уровне научной мысли, касающиеся современного развития государственности и экономики. В этих условиях, Юрий Григорьевич показал свой бойцовский характер по отстаиванию основополагающих принципов гражданского права, проверенных временем и практикой.

Так, например, одна из сторон этого теоретического спора, касающегося сферы недропользования, выдвигала тезис о том, что «в гражданско-правовой сделке с участием государства отношения характеризуются состоянием неравенства сторон, поскольку публично-правовой характер таких отношений выражается в том, что в них реализуется компетенция государства (государственного органа)»¹. В этой связи, Юрий Григорьевич, основываясь на общепринятых принципах гражданского права писал, что «казахстанское государство (и Республика в целом, и ее административно-территориальные единицы) прежде всего рассматриваются в качестве субъекта публичных отношений, в которых выступает носителем власти, обязывающих других участников юридических отношений подчиняться требованиям, заявленным государственными органами, непосредственно выражающими в границах их компетенции государственную волю. Вместе с тем казахстанское государство может от своего имени вступать в гражданско-правовые обязательства, существенной и неперенной чертой каковых является взаимозависимость участников, их полное юридическое равенство и их взаимная ответственность за нарушение принятых на себя гражданско-правовых обязательств»². Принципиальная позиция Юрия Григорьевича по вопросу о роли и месте государства в контрактах на недропользование, поддержанная известным ученым-цивилистом М.К.Сулейменовым и другими участниками этой научной полемики, позволило выработать рекомендации относительно стабильности положений контрактов на недропользование, что сыграло свою положительную роль в укреплении инвестиционного климата в нашей стране, а также минимизировать риски возникновения споров между недропользователями и уполномоченными органами государства.

Действительно, эта позиция, высказанная мэтром цивилистической школы, дает основание утверждать, что, поскольку право недропользования в Казахстане предоставляется на основе контракта, то есть договора, вне зависимости от того, что одной из сторон этого контракта является сама Республика Казахстана (есть такие контракты) или Компетентный государственный орган, все участники договорных отношений должны быть равноправными партнерами. Кроме того, ни Конституция РК, где закреплено право государственной собственности на недра, ни другие законодательные акты, регулирующие правоотношения в сфере природопользования и государственного управления, не предусматривают какой-то особой процедуры и правил распоряжения недрами, как объектом государственной собственности.

Вспоминается еще один случай, где Юрий Григорьевич активно защищал позицию по вопросам иерархии нормативных правовых актов, компетенции уполномоченных государственных органов в сфере регулирования отношений,

¹ С.З.Зиманов, Государство и контракты в сфере нефтяных операций. – Алматы, 2007. – С.123.

² Ю.Г.Басин, Защита прав негосударственных участников гражданско-правовых обязательств с государством. // Юрист, №8. – 2004. – С.12.

связанных со специальным природопользованием. Однажды Юрий Григорьевич и я представляли интересы нашего клиента в Верховном Суде Республики Казахстан, где по первой инстанции рассматривалось заявление о признании недействительным «Правил выдачи экологических разрешений на загрязнение окружающей среды», утвержденных Постановлением Правительства РК №1154 от 6 сентября 2001 года. Этот нормативный правовой акт содержал норму, в соответствии с которой «продукты и материалы временного хранения, в том числе сера, как источники воздействия на окружающую среду, рассматривались аналогично отходам производства, если они размещались в природной среде открытом виде более трёх месяцев в году». Эта правовая новелла прямо противоречила нормам нескольких законодательных актов, которые по своему статусу относились к правовым актам более высокого уровня. Сера, являющаяся полезным ископаемым и продуктом промышленности, вне зависимости от того, в каком состоянии и сколько бы она не хранилась, не могла быть отнесена к категории отходов производства по аналогии. В силу этого, правительственный акт в этой части подлежал признанию недействительным, что и было предметом рассмотрения высшей судебной инстанции страны. Группа юристов, представляющая интересы недропользователя, совместно с Юрием Григорьевичем разработали тактику оспаривания этого акта, основанную на положениях действующего законодательства. Нами было получено юридическое заключение профессора Ю.Г.Басина, в котором он отмечал, что «пункт 4 «Правил», утверждённых Постановлением Правительства РК, необоснованно относит продукты и материалы временного хранения (в том числе серу) к категории отходов по аналогии, поскольку аналогия применяется при осуществлении правоприменительной, но не правотворческой деятельности». Также он считал, что «совсем недопустимо применять аналогию в публичных отношениях, если такое применение ухудшает положение граждан и юридических лиц, устанавливает или усиливает ответственность за какие-либо правонарушения, определяет или дополнительно увеличивает денежные платежи или иные взыскания, вводит не предусмотренные законом дополнительные обязанности и т.п.».

Такая позиция Юрия Григорьевича основывалась на том, что сера является полезным ископаемым и продукцией (товаром), поэтому она не может быть признана отходом, если отсутствуют соответствующие признаки, характеризующие ее, как отход. Здесь хотелось бы отметить, что согласно действующего в то время Закона РК «Об охране окружающей среды», под отходами производства и потребления понимались - «остатки сырья, материалов, химических соединений, образовавшиеся при производстве продукции, выполнения иных технологических работ и утратившие полностью или частично исходные потребительские свойства, необходимые для применения в соответствующем производстве, включая техногенные минеральные образования и отходы сельскохозяйственного производства». То есть по закону, главным признаком отходов являлось то, что вещества, признаваемые отходами, должны утратить полностью и частично свои исходные свойства. Сера же добываемая и производимая в Казахстане имела и имеет идеальную чистоту (пробу), обозначаемая четырьмя девятками (999,9). Кроме того, сера признавалась продукцией согласно Межгосударственному стандарту, принятому странами СНГ и Международной Конвенцией «О Гармонизированной системе описания и кодирования товаров», ратифицированной Казахстаном, поэтому она не могла быть отнесена по аналогии к отходам только лишь в связи с ее хранением открытым способом более трех месяцев в году. Авторы этого правового акта преследовали лишь единственную цель – увеличить обязательные платежи недропользователей в вечно дефицитный бюджет государства.

Хочу сказать, что обоснованность юридической позиции Юрия Григорьевича подтвердилась спустя десять лет, когда сера была выведена из категории отходов

производства, хотя она, как продукция, признается в настоящее время отдельным объектом налогового обложения.

Правосудие только тогда может свершиться, когда выслушаны все доводы «за» и «против» обвиняемого, подозреваемого, когда последним гарантирована возможность представить свои доказательства, свои объяснения и т.п. поскольку подозреваемый, обвиняемый не обладает юридическими знаниями, не имеет возможности в полной мере противостоять представителям государственной власти, осуществляющим расследование, уголовное преследование, обвинение, постольку ему необходимо профессиональный защитник. Равноправие сторон обвинения и защиты обеспечивается в первую очередь и главным образом адвокатами. Противостоять обвинителю – профессиональному юристу может только защитник – профессиональный юрист (адвокат). Без адвоката невозможно не только равноправие сторон в уголовном процессе, но и реализация важнейшего конституционного принципа равенства всех перед законом и судом, ибо данный принцип может быть обеспечен только тогда, когда у обвинения и защиты – равные силы: хорошее знание законов, судопроизводства, профессионализм, т.е. именно то, чем в равной мере должны и могут обладать только профессиональные юристы – прокурор и адвокат.

Профессиональные знания юриста не являются единственным критерием высокой квалификации адвоката – защитника. Другим показателем компетентности служит его профессиональная этика.

Для профессии адвоката нравственные основы его деятельности имеют особое значение. Адвокат сталкивается с человеческим горем, обидами, нравственными травмами, страданиями, что требует от него не только сострадания, но больших нравственных усилий. Кроме того, большинство адвокатов хотят сделать карьеру, имя, что дает не только материальное, но и глубокое моральное удовлетворение. Однако завоевать доброе имя, хорошую репутацию невозможно без соблюдения нравственно-правовых основ профессиональной защиты.

Известный французский адвокат XIX в. Франсуа Этьен Молло в свое время писал: «Профессия адвоката заключается не в том, как составлять бумаги или произносить речи, ибо все должны грамотно писать и внятно излагать мысли, а суть ее в самом духе, нравственных началах, в идеи правозавиты. Настоящий адвокат должен приносить себя, все свои способности в жертву, во имя других людей; становиться оратором во имя торжества угнетенной невинности; быть счастливым от того, что может протянуть руку спасения бедному, и испытать при этом моральное удовлетворение, которое является более предпочтительным, чем самые большие гонорары» [9, С.263].

Критикуя в свое время пороки адвокатуры А.Ф. Кони, писал: «Уголовный защитник должен быть *vir bonus, dicendi peritus* (в переводе на русский: Муж добрый, опытный в речи), вооруженный знанием и глубокой честностью, умеренный в приемах, бескорыстный в материальном отношении, независимый в убеждениях, стойкий в своей солидарности с товарищами» [10, С.31].

Вот, что по этому поводу пишет президент Федеральной палаты адвокатов России Е.В. Семеняко: «С точки зрения обыденного сознания понятие «этика» и «мораль» едва ли могут быть применены к защитнику человека, совершившего безнравственный поступок, тем более преступление. Однако, при этом общество,

безусловно, нуждается в адвокатах, именно в этом дуализме и заключена особенность принципов, образующих этические основы адвокатской профессии» [11, С.13].

Прав президент Союза адвокатов Казахстана А.К. Тугел, который отмечает: «...никакие закон не дадут возможности нормально функционировать адвокатуре, если сами адвокаты не выработают нормы и правила своего поведения» [12, С.153].

К сожалению, адвокаты нередко не очень-то заботятся о том, чтобы предстать в глазах общества безупречными в нравственном и правовом отношении. Так, по результатам опроса, проведенного З.В. Макаровой, главными профессиональными качествами адвоката считают: общую и юридическую культуру – 54,4 %, профессиональную активность – 38,8 % и добросовестность – 24 %. Способность к сопереживанию, уважению к человеку, уважение его достоинство отметили только 14,2 % адвокатов. Студенты на первые три места среди профессиональных качеств адвоката поставили общую и юридическую культуру – 81 %, профессиональную активность – 56 % и красноречие – 31 % таким образом, ни сами адвокаты, ни студенты, которые будут работать адвокатами, не считают ведущими профессиональными качествами для адвоката – нравственные [13, С.87].

К сожалению, приходится сделать вывод, что нравственность становится не в почете у адвокатов, да и у юристов других специальностей тоже. Отсюда и низкое качество работы правоохранительных органов.

В соответствии со ст. 13 Конституции РК основное содержание защиты состоит в оказании подозреваемому и обвиняемому квалифицированной юридической помощи. По буквальному смыслу данного конституционного положения роль защитника в уголовном процессе должна сводиться к помощи подзащитному в юридически грамотном осуществлении своих процессуальных прав и обязанностей. Но, уголовно-процессуальная деятельность защитника не является однородной. Ее многоаспектный характер проявляется в различных направлениях деятельности защитника по обеспечению прав и законных интересов подозреваемого или обвиняемого, в отношении которого избрана мера пресечения. Основным среди них являются:

- правовая помощь подозреваемому или обвиняемому;
- участие защитника в доказывании;
- охрана прав и законных интересов подозреваемого или обвиняемого.

В основу данной классификации положены три основные задачи, стоящие перед защитником в уголовном процессе. На них прямо указывает закон, определяя защитника в качестве лица, осуществляющего в установленном УПК порядке защиту прав и интересов подозреваемых и обвиняемых и оказывающего им юридическую помощь при производстве по уголовному делу (ч. 1 ст. 72 УПК РК); наделяя защитника полномочиями собирать и представлять доказательства, необходимые для оказания юридической помощи, порядке, установленном ч. 3 ст. 125 УПК РК; привлекать специалиста в соответствии со ст. 84 УПК РК; заявлять ходатайства и отводы и т.д.

Охрана прав подозреваемого или обвиняемого выделяются нами и как самостоятельная задача, и как вид деятельности потому, что она (охрана прав) соответствует сущности обеспечения прав личности в уголовном процессе и, в то же время, не полностью совпадает с двумя другими задачами и видами процессуальной деятельности защитника. Поэтому конституционная гарантия подозреваемого и обвиняемого на получение квалифицированной юридической помощи адвоката должна истолковываться как требование активной уголовно-процессуальной деятельности защитника, направленной на оказание правовой помощи подзащитному, участие защитника в доказывании, а также на охрану прав и законных интересов подозреваемого или обвиняемого.

Квалифицированная юридическая помощь особенно важна для лица, в отношении которого ведется уголовное преследование, на первоначальном этапе его

участия в процессе. К моменту судебного разбирательства подсудимый уже ознакомлен со своими правами и обладает определенным опытом их использования на предварительном расследовании. Кроме того, состязательность и гласность судебного процесса позволяют ему видеть и слышать, как аналогичные права реализуются другими участниками уголовного судопроизводства.

Правовая помощь, оказываемая защитником, как правило, направлена на решение различных непосредственных задач и может проявляться в различной деятельности: разъяснение подозреваемому или обвиняемому его правового статуса в уголовном судопроизводстве; разъяснение сущности имеющего место подозрения или обвинения; помощь при составлении подзащитным ходатайств, жалоб и иных процессуальных документов и т.п.

Разумеется, точно определить объем правовой помощи защитника по каждому делу заранее невозможно. Ее характер во многом зависит от особенностей конкретного уголовного дела, вида и категории преступления, в совершении которого подозревается либо обвиняется подзащитный, а также его правовой культуры. Одни из них могут нуждаться лишь в разъяснении прав, другие – в помощи при составлении процессуальных документов, третьи – в разъяснении им процессуального или материального закона, четвертым необходима помощь по целому ряду вопросов.

Вопросы, по которым обвиняемому (подозреваемому) бывает необходимо получить юридическую консультацию защитника, могут, конечно, выходить за рамки перечисленных. Мы выделяем их потому, что на практике именно они чаще всего составляют содержание правовой помощи защитника подозреваемому или обвиняемому, в отношении которого избрана мера пресечения. По этим же соображениям представляется целесообразным рассмотреть более подробно правовую помощь защитника подозреваемого или обвиняемого своему подзащитному в пределах наиболее часто встречающихся проявлениях юридической помощи.

Основное место в деятельности защитника по разъяснению подзащитному его правового статуса занимает разъяснение подозреваемому или обвиняемому его прав и даче советов по их использованию. Очень важно ознакомление подзащитного со своими правами, так как от того, насколько подозреваемый или обвиняемый запомнит, уяснит их значение и будет знать, как их реализовать, во многом зависит успешность обеспечения его законных интересов в уголовном судопроизводстве. Сложность этого процесса состоит в том, что подозреваемому или обвиняемому в относительно короткий срок предлагается запомнить и понять значение всего комплекса предоставленных ему услуг.

Одной из процессуальных гарантий успешного запоминания подозреваемым своих прав могла стать обязанность следователя предоставить подозреваемому копию протокола разъяснения его прав, в котором содержится их перечень. Однако для того, чтобы были созданы реальные условия использования как подозреваемым, так и обвиняемым своих прав, мало знать их. Необходимо понимать их значение и уметь правильно применять. Конечно, все это могут и обязаны разъяснить участникам уголовного судопроизводства дознаватель, следователь и прокурор. Но это не всегда достигает цели, так как лицо, в отношении которого ведется уголовное преследование, часто из чувства предубеждения не доверяют словам лица, производящее расследование. Поэтому разъяснение подзащитному сущности и процессуального порядка использования его прав является одной из первоочередных задач защитника, которая должна быть выполнена при первом же общении с подозреваемым.

Своевременно вступивший в дело защитник обязан воспользоваться своим правом на свидание до первого допроса своего подзащитного, учитывая важность данного следственного действия для решения вопроса о принятии, изменении либо отмене меры пресечения. Защитник должен разъяснить своему клиенту, что дача

объяснений и показаний – это всегда право подзащитного. Согласно пп.7 п.3 ст. 77 Конституции РК он не обязан свидетельствовать против самого себя, своего супруга и близких родственников. Отказ подозреваемого или обвиняемого от дачи показаний, а также заведомая ложность не является основаниями для применения к нему мер уголовной или иной ответственности. Поэтому его допрос может состояться при условии, что подозреваемый или обвиняемый не отказывается давать показания.

В то же время подзащитной должен знать, что его показания являются очень важным средством защиты от незаконно или необоснованно примененной меры пресечения. Во время первого допроса, который должен состояться немедленно после ареста или применения иной меры пресечения, подозреваемый впервые реализует свое право давать показания. Он может сообщить сведения, которые убедят следователя в необходимости подозрения, влекущей отмену пресечения, либо позволят изменить избранную меру пресечения на менее строгую.

Кроме того, обвиняемый, чей допрос может предшествовать решению вопроса об избрании меры пресечения, своими показаниями способен опровергнуть мнение следователя о наличии оснований для ее применения и, тем самым способствовать более благоприятному решению об отобрании у него обязательства о явке.

Разъясняя подозреваемому или обвиняемому его права, защитник должен уделить внимание вопросам, связанным с тактикой и методикой использования подзащитным предоставленных ему правовых средств защиты.

Обвиняемый (подозреваемый) как участник уголовного судопроизводства не только обладает правами, но и несет процессуальные обязанности, которые ему также должен разъяснить защитник. Необходимо отметить, что уяснение содержания этих обязанностей представляет определенную трудность, поскольку в законе не содержится их компактного перечня.

Подозреваемый так же, как и обвиняемый, несет обязанности двоякого рода: одни из них действительно выражаются в недопущении определенных действий, указанных в законе; другие состоят в совершении предписанных законом действий случае возникновения потребности в них. Различен и характер их правового регламентирования. На некоторые из обязанностей подозреваемого в законе содержатся прямые указания (например, явка по вызовам дознавателя, следователя, прокурора или суда (гл. 19), другие вытекают из закрепленных в уголовно-процессуальных нормах прав следователя и суда, которым эти обязанности корреспондируют (например, обязанность выполнять законные распоряжения суда, касающиеся порядка в судебном заседании (ст. 327 УПК РК) и др.).

Особенно важно для защитника разъяснить процессуальные обязанности подозреваемому и обвиняемому, в отношении которых избрана мера пресечения, не связанная с лишением свободы. Такой подзащитный должен знать: что означает требование закона о его надлежащем поведении; как может обеспечена его явка к следователю или в суд; какие обстоятельства могут быть признаны уважительными причинами его неявки и т.п.

Второе, выделенное нами направление процессуальной деятельности защитника подозреваемого (обвиняемого) заключается в его участии в доказывании по уголовному делу.

Чтобы добиться отмены избранной следователем в отношении его подзащитного меры пресечения, защитник должен либо опровергнуть обвинение (подозрение) и тем самым доказать необходимость исключения своего клиента из числа субъектов, к которым может быть применена мера пресечения, либо обосновать отсутствие а материалах дела оснований для избрания меры пресечения. Если решить данные задачи невозможно, то защитник обязан выявлять обстоятельства, благоприятные для

подзащитного, и с их помощью стремиться убедить следователя изменить меру пресечения на более мягкую.

Участвуя в процессе доказывания по уголовному делу, защитник может: а) опровергать обвинение (подозрение) путем критики лежащих в его основе доказательств, в том числе и путем указания на их недопустимость; б) положительно доказывать факты, несовместимые с фактами, инкриминированными подзащитному; в) указывать на неисследование версии, опровергающей версию обвинения (подозрения); г) указывать на недостаточность доказательств, лежащих в основе обвинения (подозрения)

Доказывание – получение доказательств и оперирование ими в целях воссоздания действительной картины изучаемого события – является единственным средством достижения истины по делу. За пределами доказательственной деятельности реализация судебной власти (правосудия), а именно разрешение судом социальных конфликтов в сфере права, невозможна. Поэтому доказывание и доказательства, по мнению прошлых и настоящих исследователей, были и остаются сердцевинной уголовного судопроизводства.

В науке уголовного процесса идут дискуссии относительно возможности участия адвоката – защитника в доказывании по уголовному делу. В первую очередь науку и практику интересует вопрос о том, могут ли объекты, собранные адвокатом – защитником изначально, т.е. будучи еще не представленными должностному лицу, в производстве которого находится уголовное дело, признаваться доказательствами по делу? Укажем на наиболее значимые, по нашему мнению точки зрения. Так, А.В. Смирнов и К.Б. Калиновский в своем учебнике пишут: «На наш взгляд, в соответствии с принципом равенства сторон сведения, собранные защитником, сразу являются доказательствами, также как и сведения, собираемые его процессуальными противниками – следователем, органом дознания, ...» [14, С.149]. По мнению же И.Б. Михайловской, «... сведения, собираемые защитником, не имеют надлежащей процессуальной формы и в силу этого не могут иметь статуса доказательства. Такие документы приобретают такой статус только после решения суда, прокурора, следователя, дознавателя о приобщении их к материалам дела»

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Управление верховного комиссара по правам человека в сотрудничестве с международной организацией юристов. Права человека при отправлении правосудия: пособие для судей, прокуроров и адвокатов. Организация Объединенных Наций. – Нью-Йорк и Женева, 2003 год.
2. Гуценко К.Ф., Головкин Л.В., Филимонов Б.А. Уголовный процесс западных государств. Изд. 2-е, доп. И испр. – М.: Зерцало, 2002. – 528 с.
3. Печерский В.В. Институт адвокатуры: теория основных понятий и принципов. – М.: Юрлитинформ, 2008. – 312 с.
4. Адвокатская деятельность: Учебно-практическое пособие / Под общ. ред. В.Н. Буробина. 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Статут, 2005. – 604 с.
5. Российский адвокат. 2002. № 5.
6. Аманбаев А.Т. Совершенствование адвокатуры и нотариата как правозащитных институтов // Модернизация национальной правовой системы по Концепции правовой политики Республики Казахстан с 2010 до 2020 года. – Материалы международной научно-практической конференции 9 сентября 2009 г. – Астана, 2010. – 235 с.
7. Уильям Бернам Правовая система США. 3-й выпуск. – М.: Новая юстиция, 2006. – 1216 с.
8. Безлепкин Б.Т. Справочник адвоката по уголовному процессу. – 2-е изд., доп. и перераб. – М.: Проспект, 2006. – 688 с.

9. Профессия адвоката: Сборник работ о французской адвокатуре / Сост. А.В. Поляков. – Статут, 2006. – 367 с.
10. Кони А.Ф. Уголовный процесс: нравственные начала. – М.: Издательство СГУ, изд. 3-е, 2008. 150 с.
11. Семеняко Е.В. Мораль и догма юриста: профессиональная юридическая этика. Сборник научных статей. Под общ. ред. И.Л. Трунова. – М.: Эксмо, 2008. – 608 с.
12. Мораль и догма юриста: профессиональная юридическая этика. Сборник научных статей. Под общ. ред. И.Л. Трунова. – М.: Эксмо, 2008. – 608 с.
13. Макарова З.В. Профессиональная защита подозреваемых, обвиняемых. – СПб.: Юридический центр Пресс, 2008. – 338 с.
14. Уголовный процесс: Учебник для вузов / 2-е изд. Под ред. А.В. Смирнова. – СПб.: Питер, 2006. – 699 с.

УДК 343

ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІНДЕ ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДІҢ ЖАЙ-ЖАПСАРЫ МЕН МӘН-ЖАЙЛАРЫН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУДЫ ТАКТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Р.А. Жексембаева, магистрант

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ. geksemvaeba@mail.ru

Мақалада тергеу әрекеттерінде оқиға болған жердің жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғыртуды тактикалық тәсіл ретінде пайдалану мәселелері қарастырылып, тергеу экспериментінің табиғаты мен маңызына қатысты түрлі көзқарастар сараланды.

Статья посвящена актуальным проблемам следственных осмотра места происшествия, которая применяется в качестве основного приёма при проведении следственных действий.

The article deals with the problem of judicial investigation of a place incident, which uses in a quality of main way in carrying out the investigating actions.

Ключевые слова: Таным әдістері, оқиға болған жер, криминалист, таным процессі, тактикалық тәсіл.

Қылмысты тергеу дегеніміз – болып өткен оқиғаны тану. Материалдық дүние көрінісінің құбылыстары мен қасиеттерінің жалпылама өзара байланысы, өзара тәуелділігіне орай бірде-бір құбылыс, соның ішінде қылмыстық әрекет із-түссіз өтуі мүмкін емес. Ол қылмыс оқиғасына тікелей қатысатын объектілерде, сондай-ақ осы қылмыс оқиғасының материалдық жағдайында қандай да бір өзгерістер тудырады.

Қылмысты тергеу кезіндегі таным барлық кезде тікелей сипатқа ие болады. Ол болып жатқан қылмыс оқиғасын тікелей бақылау арқылы іске асырыла алмайды, олай болған жағдайда танушы – тергеуші куә рөлін иеленуі тиіс, ол шындығында оқиғаның қандай көлемде болғандығын қайталай алмайды, бұл жағдайда әрекеттері қылмыс ретінде саралануы тиіс. Қылмыстық істер бойынша тану объектісі айқын болып тұрмайды. Оның негізін тікелей қабылдана алмайтын өткен күннің жасырын және жасырылушы фактілері құрайды. Жауапкершілік алдындағы қорқыныш қылмыскерлерді өздерін білдірмеуге мәжбүрлейді.

Қылмысты тергеу түрлі мазмұндағы фактілік деректерді жинау арқылы жүргізіледі, осы деректер арқылы таным аралық сипатты иеленеді. «Қабылдаудан абстрақтылық ойлауға және одан тәжірибеге», деген ақиқатты тану туралы

диалектикалық ереже қылмысты тергеу кезінде әсер етеді. «Қабылдау» оқиға болған жерді тексеру, мәйітті тексеру, куәландыру формасында іске асырылады, сонынан ойлау арқылы қылмыс оқиғасын және материалдық түрде тыйым салынбаған сипаттағы оқиғаның жекелеген үзінділерін қайта жаңғырту үшін абстрактілі ойлауға жол беріледі. Бүкіл таным процесі күрделі сипатқа ие. Тергеуші қылмыскердің қылмысты жасауының бүкіл механизмін тану үшін, оның барлық әрекеттерін қайта жаңғыртуға, ойлау арқылы қайта құрастыруға мәжбүр болады.

Қылмысты тергеу кезіндегі таным процесінің өзіндік ерекшеліктері барлық көрнекті ғалым криминалистердің жұмыстарында атап өтілген. Олардың барлығы келесі қасиеттерді көрсетуде бірыңғай пікірге келеді: тану үшін мемлекеттік өкілеттігі бар адамдар таным субъектілері болып табылады, олардың қызметі белгілі бір іс жүргізу формасында, заңға қатаң сәйкестілікте іске асырылады, танымдық қызмет заңда белгіленген мерзімдермен шектеледі, мұның өзі қоғамның бүкіл мүшелері арқылы танылады, тергеушінің танымдық қызметі қай жағдайда да мүдделі адамдардың тарапынан күшті қарсылық көрсетілу жағдайында өтеді, ол өте жасырын сипатта болады, кейде ұйымдасқан үлгіде ашық, дәрекі сипатта келеді [1]. Соңғы жылдары Қазақстандық криминалистикада қарсылық көрсету және онымен күресу шараларына арналған бірқатар диссертациялық зерттеулер пайда болды.

Таным әдістері мен критерийлері туралы мәселелер қылмыстарды тергеу кезінде ерекше маңызға ие. Олардың негізгілері қылмыстық іс жүргізу құқығы және криминалистиканы ғылыми тұрғыдан зерттеу пәні бола отырып, сонымен маңызды дәлелдеу көздеріне, фактілік деректерді жинау құралдарына айналды: тексеру, жауап алу, тінту, тергеу эксперименті, оқиға болған жерде айғақтарды тексеру және т.б.. Қылмыс туралы ақпарат жинаудың көрсетілген құралдары алуан түрлі қызметке ие, көлемді, маңызды болып келеді, мұның өзі теория мен тәжірибеде танымдық ақпарат көздері және сондай-ақ дәлелдеудің іс жүргізушілік көздері ретінде қарастырыла бастады. Сондықтан заңнама актілерінде – одақтас республикалардың қылмыстық іс жүргізу кодекстерінде бекітіледі [2].

Ғылымтану адамның танымдық қызметінің амалдарын, тәсілдерін жүйелейді, оларды функциялық мүмкіндіктеріне, қолдану механизмдеріне, қолдану субъектілеріне, зерттеу объектілеріне қарай жіктейді. Криминалистика ғылым ретінде ғылымтанудағы танымал әдістер жиынтығын шығармашылық тұрғыдан қайта жасады, оларды қылмысты ашу, тергеу міндеттерін шешуге бейімдеді, келесі схема бойынша жүйеледі: диалектикалық әдіс, жалпы ғылыми әдіс, арнайы әдістер. Осы жіктемеден бұрын өткен ғасырдың бірнеше ондаған жылдар бойында криминалистер арасында пікірталас жалғасып келді. Мәселен, А.Р. Ратинов әдістердің басқаша бір жіктемесін ұстанады. Ол әдістерді келесі топтарға бөліп қарайды: бірінші топ – диалектикалық әдіс, екінші топ – жалпы әдіс және үшіншісі – жеке ғылыми әдістер [3]. М.И. Лузгин тану әдістеріне қарай барлық әдістерді екі үлкен топқа бөлуді ұсынады: ойлау қызметімен байланысты әдістер және әртүрлі техникалық құралдарды қолданумен байланысты әдістер. Алғашқы топқа ол көптеген ғалым – криминалистердің жалпы ғылыми әдістер ретінде қарастыратын әдістерін жатқызады [4].

Тергеу әрекеттерінің маңызы жалпы ғылыми әдістер арқылы ашылады. Жалпы ғылыми әдістер әрбір тергеу әрекетін жүргізу кезінде қолданылады, бірақ олардың кейбірін жүргізу кезінде белгілі бір жағдайда жалпы ғылыми әдістердің бүкіл жиынтығы қажет етіледі. Бәрінен бұрын барлық жалпы ғылыми әдістерге деген қажеттілік оқиға болған жерде тексеру кезінде туындайды немесе олардың кейбіреулері ғана қолданылады. Әрбір тергеу әрекетінің тану мүмкіндіктерінің шегі әрбір жалпы ғылыми әдіс арқылы анықталады және ашылады. Сондықтан біз үшін әрбір жалпы ғылыми әдістің шектеулі мүмкіндіктерін білу аса маңызды. Ғылымның даму логикасы, ғылыми және практикалық қызметтің алуан түрлі міндеттері алуан түрлі әдістерді

тудырады. Мұның өзі материалдық дүние объектілерін зерттеуге арналған жаңа әдістердің пайда болуымен немесе ғалымдардың криминалистика теориясында бейнеленген дәстүрлі тәсілдерін нақтылаумен байланысты келеді.

Алғаш рет криминалистика теориясында жалпы ғылыми әдістер туралы 50-жылдардың басында жазыла бастады. Осы уақытта олар ұйымдасқан түрде қолданылған жоқ, мәселен, оқиға болған жерді тексеру немесе сол кездегі тергеу әрекеті аясында тікелей оны жүргізу кезінде қолданылды, мұның өзі олардың танымдық мүмкіндіктерін шектей түсті. Негізінен оларға бақылау, суреттеу, өлшеу жатады. Эксперимент, үлгілеу сияқты мұндай әдістер 60-жылдардың басында ғана жалпы ғылыми әдістер мәніне ие болды. Егер үлгілеу осы уақытқа дейін ғылыми-теориялық және тәжірибелік мәнге ие болса, бірақ оның барлық мүмкіндіктері танылмаған болса, онда әдіс ретінде эксперимент сол бір 60-жылдары теориялық және тәжірибелік тұрғыдан ғана зор маңызға ие болып кеткен жоқ. Ол оқиға болған жерді тексеру, тінту сияқты дәлелдемелердің басқа да көздерімен бір қатарда тұрды. Алайда, осы жалпы ғылыми әдіске қатысы тұрғысынан сол кезде және қазіргі уақытта да қылмыстық іс жүргізушілерде де, криминалистерде де оның маңызы мен іс жүргізу формаларын түсіндіруде бірыңғай әдіс жоқ. Оны тергеу эксперименті немесе оқиға болған жерді тексеру мен нақтылау немесе оқиға болған жердің жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғырту сияқты түрлі іс жүргізу формаларында қарастырылып келген және қарастырылып жүр.

Тергеу экспериментінің табиғаты мен маңызына қатысты сол кезде екі түрлі көзқарас болды. Бірінші көзқарас өкілдерінің пікірінше, тергеу эксперименті жеке тергеу әрекеті емес, тергеулік тексерудің бір түрі немесе тіпті тексеру немесе тануды жүргізу кезінде дәлелдерді тексерудің тактикалық тәсілі болып табылады.

Тергеу эксперименті және айғақтарды тексеру мәселесіне арналған жоғарыда келтірілген көзқарастар ілгері сипатта болды, криминалистік тактиканың танымдық мүмкіндіктерін кеңейте түсті. Бірақ тергеу тәжірибесі сол уақыттағы іс жүргізу формасымен шектелген еді.

Одақтас республикалардың қылмыстық іс жүргізу заңнамасы арқылы тергеу эксперименті, оқиға болған жерді тексеру, тану сияқты дәлел алудың жаңа тәсілдері реттелді. Алайда, тану «Жалпы одақтық маңызға» ие болғанымен, айғақтарды тексеру мен тергеу эксперименті бұрынғы одақтас республикалардың тергеу әрекеттері жүйесінде әртүрлі тұрғыдан қарастырылып келді.

Уақыт өте келе «Айғақтарды тексеру » атты тергеу әрекетінің атауын «Айғақтарды оқиға болған жердегі жай-жапсармен салыстыру» деп өзгерту туралы ұсыныс түседі. Алайда, кейіннен В.М. Уваров атап өткеніндей «салыстыру» термині осы тергеу әрекетінің мазмұнын толық бейнелей алмайды [5]. Оның пікірінше, осы әрекеттің барынша дәл атауы – «Айғақтарды тексеру». Ол өз алдына дербес тергеу әрекеті болып табылады, ал атауы оның мақсатын айқын көрсетіп, оны басқа тергеу әрекеттерінен бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Айғақтарды тексеру арқылы сезіктінің, айыпталушының, жәбірленуші мен оқиға болған жердегі жай-жапсар куәларының және бұрын өткізілген тексеру нәтижелерінің сәйкестігі белгіленеді, мұның өзі жауап алынған адамның немесе оқиғаға қатысушының хабардар болуын немесе хабарсыз болуын көрсетеді. Р.С. Белкин де осылай деп тұжырымдайды [6].

М.М. Хлынцов айғақтарды тексеруге басқа тергеу әрекеттерінің элементтері де енеді деп атап өтеді. Бұл элементтер өзара байланысты келеді. Оның пікірінше бір әрекеттің басқа бір элементтен сан жағынан басым болуы тергеу әрекетінің сапасын өзгерте алмайды [7].

М.О. Селиванов оқиға болған жерде айғақтарды тексеру деп, тиісті оқиға болған жерде бұрын жауап алынған адамның айғақтарды қайта жаңғыртуынан көрінетін

тергеу әрекетін түсінеді. Кейбір жағдайда әрекеттерді бейнелеп көрсетеді, бұл әрекеттер тергелуші қылмыспен байланысты орындалады, талданушы айғақтарды оқиға болған жердегі нақты жай-жапсармен салыстыру арқылы атқарылады [8].

Айғақтарды тексеру мәселесімен О.В. Авсюк айналысты. Ол айғақтарды тексеру барлық одақтас республикалардың ҚДЖК-де орнығуы тиіс деп санады. О.В. Авсюк айғақтарды тексерудің күрделі танымдық құрылымына көңіл бөлді. Оның негізін сұрақ алу мен бақылау құрайды, олар бір ғана уақыт ішінде вербалды ақпаратты материалдық іздермен біріктіруге мүмкіндік береді. Оқиға болған жерде айғақтарды тексерудің басты танымдық мақсаты жеке адамның айғақтары мен нақты тұрғылықты жердің белгілері арасындағы сәйкестіктер немесе алшақтықтарды айқындау болып табылады [9].

Оқиғаның жай-жапсарлары мен мән-жайларын қайта жаңғыртуға қатысты жекелеген ғалымдардың пікірлері бір-бірінен ерекшеленеді. Мәселен, В.П. Колмаков оқиға болған жердің жай-жапсарлар мен мән-жайларды қайта жаңғырту өз алдына дербес әрекет болуы мүмкін, ол дәлелді тексеру мен нақтылау, тергеу болжауларын бағалау және жаңа дәлелді материалдарды алу мақсатында арнайы тәжірибелер жүргізуден көрінеді деп есептейді. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеруге келсек, автор былай деп атап өтеді: осы әрекет кейбір одақтас республикалардың қылмыстық іс жүргізу кодекстерінде қарастырылмаған болса да жүргізіледі, өйткені ол жүргізілуші іске қатысушылардың қылмыстық іс жүргізу ережесін бұзбайды, бірақ қандай іс жүргізу формасында іске асырылу мүмкіндігін атап көрсетпейді [10].

М.В. Салтевский оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғыртуды оқиға болған жерде алдын-ала жауап алынған адамның айғақтарын тексеру ретінде қарастырады, мұнда адам белгілі бір орында өз айғақтарын қайталайды, мұның өзі өз кезегінде айғақтарды шынайы жағдаймен салыстыру мүмкіндігін береді. Оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғыртудың маңызы бір әрекет арқылы тәжірибелік, сондай-ақ тексеру нәжіжелерін өткізуге жол береді. Сол себепті осы тергеу әрекетінің мазмұны тергеу эксперименті мен оқиға болған жердегі айғақтарды тексеруді қамтиды. Сөйтіп екі жеке тергеу әрекеттерінің міндеттері бірігеді [11].

Барлық айтылғандардан көріп тұрғанымыздай, пікір алшақтықтарына қарамай криминалистика ғылымында қылмыстың мән-жайларын қайта жаңғырту арқылы таным әдісі тергеу экспериментінің немесе айғақтардың тексерілуінің маңызын көрсете алады, я болмаса өз алдына дербес іс жүргізу формасын иелене алады және бір уақыт ішінде эксперимент пен оқиға болған жердегі айғақтардың тексерілу мүмкіндіктерін бейнелей алады. Бұрынғы КСРО кеңістігінде қылмыстың мән-жайларын қайта жаңғырту әдісіне, оның танымдық мүмкіндіктеріне жан-жақты қасиетін берген бірден-бір қазақстандық ғалымдар В.И. Попов пен Қ.А. Бегалиев болды [12]. В.И. Попов жай-жапсарды қайта жаңғырту, қылмыс механизмі жүйесін оқиға болған жерді тексеру шеңберінде бейнеледі [13]. Сол дәуірдегі басқа криминалистер кейіннен тактикалық негіздер мен оқиға болған жерді тексерудің маңызын әзірлеу кезінде, қылмыстың жай-жапсарларын қайта жаңғырту әдісін қолдану идеясына бей-жай қарады.

КСРО-дағы зерттеулермен қатар қылмысты тергеудегі таным әдістерін әзірлеу мен қолдану шетелде де іске асырылды. 70- жылдардың соңында неміс криминалисті Х. Штельцер версияларды тексеру үшін эксперимент қолдануды егжей-тегжейлеп, оны жалпы теория мен әдістанымға ендіріп [14]. Басқа бір неміс криминалисті А. Форкер «Кибернетикалық үлгілер және криминалистік тәжірибе» мақаласында оқиға болған жерді тексеру деректері, оқиға болған жерді қайта құрастыру негізінде құрастырылған ойлау модельдерін құрастыру туралы теорияны дамытты, соның нәтижесінде «қылмыстың барысы туралы, белгілі бір уақыттағы белгілі бір жағдай туралы білім» алуға болатындығын көрсетті [15].

Сонымен, криминалистиканың теориясы мен тәжірибесі оқиға болған жердің жай-жапсарлары мен мән-жайларын қайта жаңғырту ұғымының маңызы туралы бірыңғай көзқарас жасай алмады. Қазақстан Республикасының заңнамасына, бұрынғы Қазақ СРО заңнамасына және басқа да мемлекеттердің заңнамаларына жасалған талдау көрсеткендей, оқиға болған жердің жай-жапсары мен мән-жайларын қайта құрастыру мәселесіне деген теориялық көзқараста өзіндік бірлік жоқ. Пікір алшақтарының себебі мынадан көрінеді:

- криминалистика теориясында толық емес көлемде әрбір жалпы ғылыми әдістің танымдық маңызы ашылған, оқиғаның жай-жапсарлары мен мән-жайларын тергеушінің қайта жаңғырту әдісі толық бұрмаланады;

- оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғырту, бірқатар тергеу әрекеттерінде оқиға болған жерді тексеру, тергеу эксперименті, оқиға болған жерде айғақтарды тексеру, тінту, жауап алу сияқты орын алады, олар түрлі танымдық мүмкіндіктерге ие, өзінің міндеттерімен ерекшеленеді, алайда бұл аспектілер толық шамада зерттелмеген;

- бұрынғы КСРО-ның кейбір республикаларында қылмыстың жай-жапсарлары мен мән-жайларын қайта жаңғыртуға өз алдына дербес іс жүргізу формасы берілген болатын, мұның өзі біздің көзқарасымыз бойынша өте даулы ұстаным болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нурғалиев Б.М. Организованная преступная деятельность (уголовно- правовые, процессуальные и криминалистические аспекты). – Караганда, 1997. – 139 с.
2. Исаков К.Е. Проблемы расследование преступления: Автореф. канд. дис. юрид. наук. – Алматы, 2004. – 26 с.
3. Ратинов А.Р. Судебная психология для следователей. – М.: Юринформ, 2001. – 349 с.
4. Лузгин И.М. Методологические проблемы расследования. – М., 1973. – 215 с.
5. Уваров В.Н. Проверка показаний на месте: Учебное пособие. – М., 1982. – 61 с.
6. Белкин Р.С. Проверка и уточнение показаний на месте: Курс лекций. – М.: ВШ МООП РСФСР, 1961. – 117 с.
7. Хлынов М.Н. Проверка показаний на месте. – Саратов, 1971. – 120 с.
8. Селиванов Н.А. Советская криминалистика: система понятий. – М.: Юрид. лит., 1982. – 150 с.
9. Авсюк А.В. Процессуальные и тактические особенности проверки показаний на месте. – Минск, 1990. – 127 с.
10. Колмаков В.П. Следственный осмотр. – М., 1969. – 196 с.
Специализированный курс криминалистики / под ред. М.В. Салтевского. – Киев, 1978. – 383 с.
11. Попов В.И., Бегалиев К.А. Теоретические вопросы осмотра места происшествия. – Алма-Ата, 1983. – Вып.39: Вопросы борьбы с преступностью. – 60 с.
12. Попов В.И. Осмотр места происшествия: Учебное пособие. – Алма-Ата, 1974. – Вып.1: Тактические основы следственных действий. – 101с.
13. Вариеш Г.В., Колмаков В.П. Развитие криминалистики в ГДР за 20 лет // Криминалистика и судебная экспертиза. – Киев, 1970. – С. 29.
14. Егоров В.Ф. Аспекты относительной самостоятельности логического познания // Методологические проблемы научного познания. – Горький, 1970. – С. 41.

УДК 343

ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДІҢ ЖАЙ-ЖАПСАРЫ МЕН МӘН-ЖАЙЛАРЫН ҚАЙТА ЖАНҒЫРТУДЫҢ ҰҒЫМЫ, МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Р.А. Жексембаева, магистрант

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ. geksemvaeba@mail.ru

Мақалада оқиға болған жердің жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғыртудың танымдық мүмкіндіктеріне арналған көзқарастар келтірілген. Оқиға болған жердің жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғыртудың ұғымы ашылып, түрлері сараланған.

В статье раскрыт сушность тонкостей и деталей проведения осмотра места происшествия, как одного из видов эксперимента при проведении следственных действия.

In the article is opened the subtlety and details of investigating of the place of incident, as one if the type of experiment in in carrying out the judicial actions.

Ключевые слова: Эксперимент, семантика, странгуляциялық ойықтар, қайта жаңғырту.

Қылмыстық сот өндірісінде және криминалистика теориясында «оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғырту» тергеу экспериментін жүргізу кезіндегі танымның эксперименттік әдісінің элементі ретінде, немесе оқиға болған жерде айғақтарды тексеру кезіндегі танымның құрамдас әдісі ретінде қарастырылды. Криминалистиканың жетекші теоретиктерінің бірі Р.С. Белкин жалпы ғылыми әдістер тізбесінде – бақылау, өлшеу, суреттеу, салыстыру, эксперимент, үлгілеу, зертеу әдісінің математикалық, кибернетикалық және эвристикалық әдістері [1], оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғырту, қайта құрастыру (реконструкция), қайта жаңалау (реставрация) әдістерін көрсетпейді деп санайды. Бірақ оның «эксперимент», «үлгілеу» әдістерін интерпретациялауда қайта жаңғырту және қайта құрастыру элементтері құрайды. Мәселен, ол былай деп жазады: «Эксперимент дегеніміз – бұл басқа элементтермен байланыстыра отырып, берілген немесе өзгермелі жағдайларда құбылысты жасанды түрде қайта жаңғырту» [1, с.349]. Үлгілеу әдісін Р.С. Белкин былай деп атап өтеді: «Жалпы тұрғыдан алғанда, үлгілеу әдісінің мәні ғылыми таным нысанын үлгіге орналастыру және үлгіні зерттеу, оны зерттеу нәтижелерінің таным нысанына таралуын анықтау». Ары қарай ол былай деп жазады: «үлгілеудің бір түрі қайта құрастыру болып табылады, яғни қайсыбір нысанның қалдықтары немесе суреттемесі бойынша қайта жаңғырту, құбылысты, оқиғаны, нысанды бастапқы күйінде оймен емес, шынайы түрде қайта жаңғырту» [1, с.349].

Кейбір криминалистік дерек көздерінде «қайта жаңғырту» ұғымы бақылау, эксперимент, қайта құрастыру, айғақтарды тексеру ұғымдарымен мәнделіп етіп қолданылады. Материалды дүние объектілерін танудағы ойлау қызметінде адам көптеген әдістерді қолданады; психо-физиологиялық әдістер (бақылау, суреттеу): логикалық тәсілдер (талдау, өңдеу, индукция, дедукция, салыстыру); шығармашылық әдістер (қайта жаңғырту, елестету, үлгілеу, интуиция); математикалық әдістер (арифметикалық) және т.б. [2].

Семантикалық тұрғыдан алғанда, «қайта жаңғырту», «қайта жасау», «қайта құрастыру», «қайта жаңалау», «үлгі», «үлгілеу», сөздері келесі түсініктемелерге ие. Орыс тілінің синонимдер сөздігінде «қайта жаңғырту» сөзінің синонимі «қайта жасау» [3]. Қайта жаңғырту, қайта жасау сөздері етістіктен туындайтын зат есімдер. Н.Ю. Шведованың редакциялық етуімен шыққан С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде «қайта жаңғырту» етістігі бір ғана мағынаға ие сөз, ол былай түсіндіріледі – қайтадан

жасау (мәселен, қаланы қайта жасау). Жадында қайталау, жаңарту өткен күннің бейнесін қайта жаңғырту [4]. «Қайта жасау» синонимінің екі мағынасы бар; біріншісі – бір нәрсені қайта жасау: екіншісі – қайта жаңғырту, қайта жаңарту, көшірмесін қайталау. «Қайта құрастыру» сөзі де С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведованың сөздігіне сәйкес қос мағынаға ие: алғашқысы – түбірлі қайта орнату, бір нәрсені жаңа негізде ұйымдастыру; екіншісі – сақталып қалған қалдықтары, бейнелеулері бойынша қайта қалпына келтіру [4, с.438].

«Қайта жаңалау» сөзі С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведованың сөздігі бойынша келесі екі мағынаға ие: біріншісі – бұзылған, қираған ескі, өнер ескерткішін бұрынғы бастапқы күйінде қайта қалпына келтіру; екіншісі – бұрынғы құлатылған саяси құрылысты қайта қалпына келтіру [4, с.469]. С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведованың сөздігіне сәйкес «үлгі» сөзі бес мағынаға ие: бір нәрсенің үлгісі; кішірейтірілген көшірме немесе макет; қандай да бір конструкцияның типі, маркасы; қандай да бір құбылыс немесе физикалық объектінің схемасы; манекен қыз [4, с.228]. «Эксперимент» сөзі С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведованың сөздігі бойынша тәжірибе ретінде түсіндірледі [4, с.316-596].

Сонымен, өзінің семантикалық мағынасы бойынша «қайта жаңғырту», «қайта құрастыру», «қайта жаңалау», «үлгілеу», «эксперимент» сөздері-ұқсас емес сөздер, алайда осы сөздерінің семантикасында бір нәрсені жасауға байланысты сәйкес элементтер ұшырасады. «Қайта жаңғырту» және «қайта жасау» сөздері семантикалық тұрғыдан барынша жақын келеді.

Мұның барлығы толық көлемде қайта жасауға болмайтын, болып өткен қылмыс оқиғасын тергеу барысында тергеушінің танымдық қызметінде қолданылады, тікелей қатынасқа ие. Бұл сөздердің әрқайсысы түсінік шеңберінде белгілі бір мағыналық жүктемеге ие, тергеушінің танымдық қызметінің бір функциясын атқарады. Мұның өзі қабылдау, бағалау, ой қорытындысын жасау, қорытындылау кезеңінде тергеушінің ойлау қызметінің тәсілдерімен және материалды дүние нысандарын тану тәсілдерімен бірге таным теориясы және криминалистикаға сәйкес байланысты болуы мүмкін.

Нақты бір қылмыс оқиғасы қылмыстық іс жүргізуде таным объектісі ретінде функция атқарушы және өзара әрекеттесуші элементердің өзара байланысты жиынтықтарын біріктіретін жүйенің қажетті әрі жеткілікті белгілеріне ие болады. Тергеу және сот талқылауы барысында фактілік деректерді зертеу шамасына қарай тергеуші мен сот қылмыстың мән-жайлары туралы білімді игереді. Психологизациялық жақтан алғанда, тергеушінің, соттың, прокурордың білімдері объективті жүйенің бейнесі ретінде көрінеді. Қылмыс оқиғасын бейне жүйесі ретінде бейнелей отырып, қылмыс туралы көріністер жиынтығы жасалушы, екінші жүйе болып табылады, бұл жүйе объективті жүйеге ұқсас болуы тиіс.

Объективті жүйенің алуан түрлі құрылымдық байланыстары адам санасында күрделі логикалық құрылымдар ретінде бейнеленеді. Әрине, объективті жүйе барлық кезде оймен бейнеленуден ауқымды келеді, бірақ бұл оймен бейнелену объективті жүйеге сәйкес болуы тиіс. Мұның өзі логиканың негізгі заңдарының бірі ұқсастық заңында айтылған. Әрбір шынайы зат немесе процес есепсіз мол қасиеттерге, белгілерге ие. Бейнелеу шегі біріншіден, біздің сезімімізге берілген құбылыстардың маңызы туралы субъективті түсініктермен, екіншіден осы құбылыстардың бақылана алуымен шектеледі [5].

Объективті ақиқаттың негізгі мазмұны – қылмыс өткен күнге жатады, ол қазіргі күнмен, ағымдағы танымдық қызметпен бақыланбайды. Бірақ қазіргі күн өткен күннен қол үзбейді. Бүгінгі күн өткен күннің нәтижесін көрсетеді, осы тұрғыдан алғанда әрбір объект «өткеннің ізі» ретінде қаралады. Өткенді қайта қалпына келтіру әдістері оларды тану үшін жетекші рөл атқарады.

Мәселен, жәбірленушінің мәйітін тексеру кезінде тергеуші оның мойнынан тұтас странгуляциялық ойықтарды көреді, мұның өзі оның санасында қылмыскердің қалай жіпті жәбірленушінің мойнына салып, тартып жатқаны туралы ойға әкеледі, немесе қылмыскердің пәтерге кірген жерін тексеру кезінде есік жақтауына күш жұмсалғанын, оның майысқанын, есіктің сызат түскен жерлерін көре отырып, тергеушінің санасында қылмыскердің ломмен есіктің қорабынан есікті бұзып ашып жатқан бейнесі пайда болады.

Мынадай сұрақ туындайды: «тергеушінің ойлау қызметінде не нәрселер болып жатады: үлгілеу ме әлде қайта жаңғырту ма? Криминалистикада қылмыс әрекетін тану кезінде, тергеушінің ойлау процесі үлгілеу процесі ретінде қарастыру қалыптасқан. Біздің көзқарасымыз бойынша, мұның өзі біржақты әдіс. Ойлау қызметі күрделі құрылымға ие, ол танымдық зат ерекшеліктеріне, тергеу міндеттеріне, қылмыс оқиғасы туралы мәліметтердің мазмұнына, таным құралдары мен тәсілдеріне байланысты болады. Оймен елестету, оқиға туралы түсініктер, пікірлер жүйесі ақиқатты анықтау тәсілдері туралы түсініктермен тығыз байланысты, мұның өзі қылмыс дәлелдерін жинау және тергеу нәтижелерін бағалау бойынша тәжірибелік қызмет тұрғысынан көрініс табады. Тергеушінің ойлау қызметінде үлгілеу элементтері мен қайта жаңғырту элементтері бар деп атап өтуге болады.

Ойлау қызметінің тәсілі ретінде қайта жаңғырту кезінде сезімдік қабылдау нәтижелері – мейлі, ол оқиға болған жерді тексеру немесе айғақтарды алу, я болмаса тергеу эксперименті, немесе айғақтарды оқиға болған жерде тексеру болсын – тергеушінің бұрынғы жеке тәжірибесінен және жалпы криминалистика ғылымынан алған бүкіл білім жиынтығы арқылы өзара белсенді әрекетке көшеді. Бұрын жинақталған білімдермен бірге бақылау және қабылдауда өңдеу арқылы тергеуші санасында өткен күнге қатысты нақты оқиға бейнесі пайда болады. Мұның өзі зерттелінуші объектінің көшірмесі, нақты бейнесі болуы қажет. Қайта жаңғырту – қабылдауды, бақылау нәтижелерін және тергеуші санасындағы әрекеттер, оқиғалар туралы түсініктерді қайта өңдеудің ерекше түрі [6].

Қайта жаңғырту – тергеушінің талдау және шығармашылық қызметінің қажетті компоненті. Қайта жаңғырту кезінде елестетудің маңызы зор. Қылмыстың мән жайларын тану – барлық уақытта шығармашылық міндет болып табылады, оны шешудегі әрбір қадам елестетуді талап етеді. Нәтижесінде тергеуші санасында оны өзі бақылаған белгілі бір оқиғаның бейнесі пайда болады.

Сезімдік – көрнекілік бейнелер (көбіне құбылыстардың, заттардың, процестердің, жағдайлардың, адамдардың көру және есту бейнелері) тергеуші санасында оқиға болған жердегі жай-жапсарлармен, түрлі заттармен, қылмыстың ізі қалған заттарымен, куәлардың айғақтарымен, құжаттармен және т.б. пайда болады. Тергеушінің оймен қайта жаңғырту құрылымындағы сезімдік-көрнекілік элементтерді логикалық элементтерден бөлек қарауға болмайды [6, с.117]. Мәселен, оқиға болған жердегі жай-жапсарды зерттей отырып, тергеуші оқиға мен фактілердің байланыстарын ойластырады, сезімдіктің (айыпталушының), куәлардың, жәбірленушінің түсініктерін ескереді, өз тәжірибесіне жүгінеді. Бұл жағдайда сезімдік – көрнекілік бейнелер болжаулармен ұштасып кетеді, ал соңғылары қабылдауға және олардың бағыттылығына әсер етеді. Сезімдік – көрнекілік бейнелер ұғымдармен жұмыс істеуге, оларды біріктіруге, фактілер арасында байланыс орнатуға көмектеседі, тергеуші санасында оқиға көрінісін қайта жаңғыртуға, дәлелдерді бағалауға және оларды қылмысты тергеу міндеттерін шешу үшін қолдануға көмектеседі. Сөйтіп, оймен қайта жаңғырту сезімдік – көрнекі бейнелер мен логикалық құрылымдардың диалектикалық жылжымалы бірлігін көрсетеді [6, с.127].

Адамның ойлау табиғатына үздіксіз даму, өзгеру, жанару тән, ол тергеуші санасында қалыптасатын ойлардың қасиетін де анықтайды. Қылмыс оқиғасының мән-

жайларының зерттелу шамасына қарай, олар жаңа мазмұнмен толығырақ түсіп дамиды. Қылмысты тергеу кезіндегі тергеушінің ойының динамикалығы мен ықтимал тұрақтылығы қарама-қайшы қасиеттердің диалектикалық бірлігін құрайды [6, с.91].

Бейнені қайта жаңғыртуда белгілі бір тұрақтылық болады. Олардың ішкі құрылымы, әсіресе, сезімдік бейнелер жүйесі оларды біршама тұрақты етеді. Осыған байланысты оймен қайта жаңғыртылған оқиғалар ақпараттын өзіне жинақтай отырып, жадында сақтайды. Оймен, үлгілеуге қайта жаңғыртуға қарағанда, жылжымалылық қасиеті тән болып келеді.

Оймен қайта жаңғырту үлгілеуден былай ерекшеленеді: соңғысы зерттелінуші оқиғаның ойлау нұсқаларын, жолдарын және оны тану тәсілдерін жасау мүмкіндігін береді. Бұл үлгілердің маңызы мынада, яғни олар тергеушінің ізденіс жұмысын бағыттап отырады.

Оймен үлгілеу арқылы болжамдық түрде фактілер мен қылмыс құрамының барлық элементтері, оның жіктелуі белгілері арасындағы тікелей қабылданбайтын байланыстар туралы түсінік қалыптасады, қылмыстың барлық жақтарын қайта жасау үшін алғы шарттар құрылады. Сондықтан, оймен үлгілеу – болжауларды құру мен тексеруге арналған таным құралы, ал оймен қайта жаңғырту – таным құралы болып табылады, соның көмегімен фактілер, олардың арасындағы логикалық байланыс түпкілікті орнығады, содан соң тергеушінің айыптау немесе ақтау пікірі пайда болады.

Тергеушіге тән ойлау қызметінің ерекшелігі мыналар болып табылады: құқықтық санасының әсерімен ойлау бейнелерінің қалыптасуы; қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығы туралы түсініктер мен ұғымдар; ақпаратты жинақтау, тексеру мен пайдалануы. Белгілі бір құқықтық білімдер жүйесі ретіндегі тергеуші санасында бейнеленген құқық нормалары өзіндік бір сүзгі қызметін атқарады.

Осы арқылы ойлау бейнелерін қалыптастыру үшін пайдаланылатын ақпарат жіберіледі. Қайта жаңғырту кезінде ойлау бейнелерін қалыптастыру іс жүргізу актілерінде (хаттама, схема, жоспар) таным нәтижелерін және іс жүргізілу барысын бейнелеу арқылы бір уақытта жүргізіледі, мұның өзі үлгілеуде атқарылуы мүмкін емес.

Оймен үлгілеу және оймен қайта құрастыру арасындағы айырмашылық шешілуші міндеттерге байланысты. Оймен үлгілеу құрылымында қылмысты тергеу кезінде екі негізгі бағытты бөліп көрсету керек [5, с.74-87;]. Алғашқы бағыт қылмысты құрайтын өткен күннің фактілеріне, ал екіншісі – қылмыстың мән-жайларын анықтау бойынша келер күннің тәжірибелік қызметіне бағытталған [5, с.74-87].

Тергеушінің ойлау қызметіндегі алғашқы бағыт – ретроспективті бағыт, екіншісі – перспективті бағыт. Мұнда үлгілеудің логикалық конструкциялары ықтималды сипатқа ие болуы мүмкін, қайта жаңғырту кезінде олар осы сәтте белгіленген объективті ақиқатқа сәйкес болуы тиіс. Қайта жаңғырту кезінде екінші бағыттың болуы мүмкін емес, өйткені болмаған нәрсені қайта жаңғыртуға болмайды. Бірақ мұның өзі қайта жаңғыртудың эвристикалық рөлін жоққа шығармайды.

Атап айтқанда, өткенді қайта жаңғырту тергеушіге оларды сәйкес бағалауға, тактикалық операция, нақты тергеу әрекетін, жедел-ізвестіру шараларын жүргізу үшін оңтайлы тактикалық шешім қабылдауына көмектеседі. Сондай-ақ дәлелдеу сенімділігін, аралық фактілерді анықтауға, сөйтіп айыптау қорытындысын жасауға мүмкіндік береді. Сонымен, егер үлгілеу ретроспективті және перспективті сипатта болса, онда қайта жаңғырту тек қана ретроспективті бола алады.

М.И. Лузгиннің пікірінше, ретроспективті модель құрылымындағы логикалық конструкциялар ретінде мыналар бола алады: қандай да бір қылмыс белгісі бойынша қылмыстық іс қозғауға арналған негіздемелер туралы тергеушінің түсінігі мен пікірлерінің жүйесі; осы қылмыс құрамын құрайтын элементтер туралы түсінік; жеке фактілер арасындағы байланыстар жүйесі; жеке дәлелдемелердің мазмұны; тергелуші қылмыстық іс бойынша бүкіл дәлелдемелердің жиынтығы; оқиғаның сипатын, оның

жеке элементтерін, фактілердің пайда болуы мен себептік маңызын түсіндіретін типтік болжаулардың жүйесі [6, с.74-87]. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл – үлгілеу процесінің мазмұнын шектен тыс кең түрде түсіндіру. Үлгілеу процесін бүкіл дәлелдеу процесі қамтиды. Біздің көзқарасымыз бойынша, қылмыс құрамының жеке элементтері мен орнатылуы тиіс мән-жайлардың жеке элементтері арасындағы мүмкін болатын байланыс үлгілеудің логикалық конструкциясы болып табылады.

Ретроспективті жоспарды қайта жаңғырту кезінде қылмыс жасалғанға дейінгі қылмыскердің реттелген әрекеті, кейде жәбірленушінің реттелген әрекеті, қылмыс оқиғасын құрайтын әрекеттер, қылмыс жасалғаннан кейінгі әрекеттер, немесе қылмыс механизмі логикалық конструкциялар болып табылады.

Food and utensils. Meat and dairy products remain traditional food with pronounced seasonal nature. Milk of the cows, sheep and goats is used for the preparation of traditional dairy products. Grunting-oxen's milk is remarkable for its fatness. Meat abundantly is used, mainly, in cold times. The mass butchering on *sogym* begins in the 11th month. For winter 1 horse, 1 cattle, 10-15 sheep is butchered in average per family. Flour food is consumed almost very little (in addition to the traditional *boursaks* of rectangular shape and small size, fried in an animal fat). Plant food in the ration of the modern semi-nomadic Kazakhs of Mongolia is not common. The exception is wild onion which is gathered in the mountains in summer, exsiccated and sometimes added in some dishes. And not by everybody. The population of the same *somons* and *aimags* eats onion, potatoes, cabbage bought at the bazaar. The set of home utensils is characterized by the combination of modern (aluminum, plastic - pots, kettles, spoons) and traditional (wood, leather) dishes.

As it is known, the mark characteristics of an ethnic group are the result of historical, political, economical conditions and specific situations. In our case, economical, first of all. Exactly peculiarities of the management and functioning of culture in the specific conditions of environment are resulted in the accumulation of specific features, properties and attributes, which, ultimately, identified a unique combination of ethnic stereotypes and self-consciousness of the Kazakh diaspora.

Material artifacts of Kazakhs of Mongolia act not only as the means of keeping and the channel of communication of difficult complex of information (collective memory and cultural knowledge), but they are also the way of reproduction and demonstration of diaspora ethnicity. Semi-nomadic pastoralism stipulated the environment, determined the way of the life and models of cultural of life support of Kazakhs of Mongolia, following which used to be the compulsory condition of the social life of group. I asked them why they saved these differences, for example, in construction of yurt, in dress, in meal preferences and they answered: "Our ancestors – *ata-baba* did it so, that is why we also do it the same way". Automatization of reproduction and unconscious realization of underlying model of traditional ethnic culture is determining factor of their stability in these days.

Conclusion. Thus, nomads live contemporarily, despite the fact that their lifestyle in its basis remains the same as it was hundreds of years ago. Perhaps, for this reason preserved many elements of traditional culture largely has been preserved in the material culture of the

Kazakhs of Mongolia, caused, first of all, by the general preservation of archaic foundations of domestic and cultural activities.

Kazakh people have lived here for more than 150 years, they pastor cattle, bring their children up, they are engaged with everyday life not thinking, from the first sight, about their ethnic identity. However, living in the alien country with different cultural-value orientation but similar climatic conditions, Kazakh people could adapt there as well as save their language, and also original traditional folk arts and crafts and material culture, in short, everything that is included in the concept of ethnic culture, which in the conditions of the soviet Kazakhstan had been exposed to disappear as long ago as in 1950-60-ies [7, p. 26].

It is possible that the functioning the traditional material culture of the Kazakhs of Mongolia is caused by general preservation of the archaic grounds of economical activity, in the given case of semi-nomadic pastoralism. Partially agreeing with this point, in the planning study we only want to understand whether the features of economic activity has facilitated the conservation of the culture. At the same time Mongols living next to the Kazakhs are nomadic. However, their material culture, their ethnic outlook of the world is very different from each other. Our case shows that the Kazakhs of Mongolia from year to year, from one generation to another reproduce "their" culture.

However, already today in the conditions of a globalizing world position of the Kazakhs of Mongolia, which is not only characterized by modernization, but also the activation of ethno-cultural contacts, the migration mobility of the diaspora and the planning of life strategies with a focus on Kazakhstan, indicates less probability of preserving the fullness of "traditional" culture in historical perspective.

Bibliography

1. *Minis A., Sarai A.* 1960. Тауыелсіз Монғолиянын МҚХРдын казак халқынын тарихинан. Олгий.
2. *Mongol ulsyn yastanguudyn too, bairshild garch bui oorchloltuudiin asuudald.* 2010. Ed. M. Bayantor, G. Nyamdavaa, Z. Bayarmaa, Ulan-Bator. *Mongolthudyn tuuxsoelin atlas.* 2004. Ulan-Bator.
3. *Olgiu, Xovd* аймагийн уур ам`сгалын емхтгел. 2008-2010. Олгий, Ховд.
4. *Finke, Peter.* 2004. Nomaden im Transformationprozess. Kasachen in der postsozialistischen Mongolei. Köln.
5. *Zakharova I.V., Khodzhayeva R.D.* 1964. Kazakhskaya natsionalnaya odezhda (XIX - nachalo XX vv.). – Alma-Ata: Nauka. - 178 p.
6. *Azhigali S., Baigabatova N., Oshanov O.* 2004. Bayan-Olgiy аймагиндагы ethnografialyk zertteulerdin keibir natijelery. In: Kazakh diaporasy madenietin sertteluy. Almaty: 3-27 pp.

ӘОК 378.05:231

ЖАЛАЙЫР ҚОСЫМУҒЫ ҚАДЫРҒАЛИ - ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМЫ, АТАҚТЫ БИ

Қ.Н. Танкакова

Шұбар орта мектебінің тарих мұғалімі

М.А. Джетимов

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы,
make_d61@mail.ru*

Қадыр Әлі би еңбегінің қазақ халқының, қазақ хандығының қалыптасу процесін зерттеп білуде алатын орны ерекше. Жалайыр тайпасынан шыққан қазақтың бірінші ойшыл

ғалымы, жазушысы, өрнек қалдырған мәдениет мұрагері. Тарихымыздың бұл мәселелерін анықтау барысында тарихшылар оған әлі талай рет оралатын болады.

Қадыр Али би внес большой вклад в исследования казахского народа и казахского ханства. Он был первым казахом, вышедшим из рода Жалайыров, который являлся ученым, мыслителем, писателем и движущей силой культуры. Историки-исследователи еще не раз вернуться к этим историческим событиям.

Kadyr Ali had a pivotal role in the researches of the Kazakh people and the Kazakh khanate. He is the first Kazakh the Zhalayrov who has left a sort being the scientific thinker, the writer and a driving force of culture. Historians researchers yet time will return to these historical events.

Кілт сөздер: Батырлар, хандық, тайпа, шаһит, Жамиат.

Қайырғали Жалаири (Қадыр Әлі Қосымұлы би, арғытегі Жалайыр) деп аталған бұлкісі XVI-ғасырдың ортасымен XVII-ғасырдың басында өмірсүріп (1530-1605 жылдары), қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған. Туған жері—Қазақстан жеріндегі Сырдария бойы. Қадырғалидың ата бабалары Қарахандар әулеті билігін ен бері үздіксіз хан сарайында қызмет етіп, ханның ақылшы-кеңесшісі, қолбастар батырлары болған. Оның өз атасы Темшік Шығайханның батыры болса, әкесі Қосымбек лауазымын иеленген.

Ол қазақтың ұлы хандарының бірі Тәуекел сарайында қызмет етіп, ақылшы, кеңесшілік қызымет атқарған. Ана тілімен қатар араб, парсы тілдерін жақсы меңгергендіктен, асқан зор білімінің арқасында жас бекзадаларды оқытып, тәрбиелеген. Әсіресе оның үлкен үмітеткені—Оразмұхаммед сұлтан еді. Өзінің ғылыми еңбегінде бұл туралы былай дейді: «Менің аталарым Оразмұхаммед сұлтанның аталарына қызмет етті. Өзім Оразмұхаммедтің қасында болдым». XVI-XVII-ғасырларда жалайырлардың бір бөлігі Ұлытау, Көкшетау аймағында көшіп жүрген. Қазіргі географиялық картада, Арқа жақта Жалайыр, Наймандеген ұзыннан ұзақ бел-белестер бар. XVIII-ғасырдағы Жоңғар қалмақтары жасаған жойқын шабуылда («Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» заманында) Жалайырлар әуелі Бетбақдалаға ығысып, кейін құба қалмақтар жеңіліп, қазақтың кеңдаласы жаудан тазара бастаған соң, жылжи-жылжи Шу, Іле, Қаратал өзендерінің жағалауына келіп орналаса бастайды [1].

Қазақ хандарының қыстық қонысы Түркістанда болғанда, жазда Арқа жаққа, Көкшетауға көшіп барады екен. Хан-сұлтандар ол кезде аң аулауға жеке дара шықпайды, көп нөкер, саятшы ерткен. Бұл кезде бір орталыққа бағынып, жаңа күшейіп келе жатқан орыс патшалары оңтүстік шығыстағы көршісі қазақ хандығымен қарым-қатынасын кеңейтуге мүдделі-тұғын. Шығысында пайда болған үлкен мемлекет Жоңғар хандығы, оңтүстік батысында өзбек әмірлері, Жайық жақтан башқұр мырзалары тыныштық бермей отырған қазақ хандарыда орыстармен сыпайы саудасаттық қатынас жүргізіп жатқан. Оқта-текте Мәскеуге елшілері де барып қайтатын. Бірақ өздерін ішке кіргізбейтін. Сол кездердің өзінде-ақ қазақ хандығы әлсірей қалса, ұлан байтақ даланы иемдену сияқты түпкіарамойы бар орыс патшалары сол елдінішкі-сыртқы жағдайын, тарихын, салт-санасын, әскери күшін, қорғану қабілетін жете білуге тырысуы заңды еді. Осы мақсатпен олар ханның айналасындағы адамдардан тұтқын алуды бұрыннан ойлап жүрген. Жас сұлтан Оразмұхаммедтің аңшылыққа құмарекенін, жылма-жыл ерте көктемде, күзде Ертіс, Тобыл бойын жағалап ит жүгіртіп, құссалатынын жансыздары арқылы біліп отырған Сібірдегі орыс әкімдері (патшаның тапсырмасы бойынша) аңдып жүріп, Тобыл алқабында қаршыға салып, көңіл көтеріп жүрген Оразмұхаммедті, Қадыр Әлі бастаған саятшы, нөкерлерімен қоса тұтқынға алады, «аманат» ретінде Мәскеуге жөнелтеді. Бұл 1588 жыл еді. Оразмұхаммедтің хан ордасы адамы екенін, Қадыр Әлінің Шығыстарихын, мәдениетін

жақсы білетінін, көптілерді игерген ғұлама екенін сезген соң, орыспатшасы оларды жақсы қабылдайды, өзмаңайында ұстайды. Әскер өнерін жетік білетін батыржігіт Оразмұхаммед 1590-91 жылдары орыстардың Шведтерге, Қырым хандығына қарсы жүргізген соғыстарына қатысып, ерлік көрсетеді. Соны ескерген және оның хан тұқымы екенін білетін патша Федор Иоанович 1592 жылы Ока өзені бойындағы мұсылмандар мекендейтін бұрынғы Қасымов хандығынан Оразмұхаммедке жер бөліп береді, 1600 жылы ұлы патша Борис Годунов Оразмұхаммедті Қасымов ханы етіп тағайындаған. Өзінің арғы тегі жалайыр екенін білдіме, жоқпа—әйтеуір Қадыр Әлі бекте зор құрметке бөленіп, бас уәзірлік қызметін атқарады. Қазақ елінің тарихы жөніндегі ғылыми еңбекте Борис Годуновтың тапсырмасы бойынша жаздым деуі орынды. Себебі бұл еңбек ақпатшаға арналған және алғашқы тарауын да соның билік жүргізу жүйесін бейнелейді. Қадыр Әлінің бұл шежіресі ертедегі қазақтың жазылған тұңғыш тарихи еңбеккені аян [2].

Ш. Уәлиханов бұл кітаптың аңыздангері ақиқаты басымырақ деп бағалаған. Байұзақ Албани: «Тарихнамада оның есімі Әбілғазы, Бабыр, Бенаи сияқты ғұлама тарихшылармен қатар аталады. Орыс ғалымдары Н.И. Ильминский, И.Н. Березин, В.В. Вельяминов-Зерновның еңбегін жоғары бағалады», —дейді «Тарихи таным» атты кітабында. Оразмұхаммед пен Қадыр Әлі бастаған қазақтардың Ресейде болу оқиғасын көрнекті жазушы, көне тарихымыздың білгірі Мұхтар Мағауин «Аласапыран» атты романында кең және көркем баяндаған. Бұл романы үшін оған Мемлекеттік сыйлық берілгені белгілі.

Соңғы кездері Қадыр Әлінің еңбегін әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық Университетінің профессоры М. Қойгелдиев арнайы зерттеп жүр. Байұзақ Албани былай дейді: «Ол жырақта жүрседе, қазақ хандарының саяси-өлеуметтік жағдайлары, Қазақстан дарулық-патриархалдық қатынастардың қалыптасуы, хан төңірегіндегі сұлтандармен қаршылар, бектермен хафиздер т.б. жайында деректі мәліметтер жазып қалдырды. Автор жылнамада Шығыс елдеріне, оның шаһарларына шолу жасап, қазақ сахарасын мекендеген жалайыр, арғын, қыпшақ, қаңлы, найман, қоңырат, керейіт, алшын т.б. түркіру-тайпаларына тарихи анықтама берді. Ол Рашидад-Диннің парсы тіліндегі «Жамиат-тауарих» шежіре кітабына сүйене отырып, Шыңғысхан әулеті және оның өзі жайында аса мол деректер келтіреді, қазақ хандарының өмір баянына тоқталады. Онда қазақ жері, оның қалалары, XIII-XVI ғ. Аралығындағы қазақ жеріндегі оқиғалар, қазақ хандарының ішкі-сыртқы жағдайлары, әлеуметтік топтар және қазақ жерін мекендеген ежелгі рулар бірлестігі жайында деректер бар [3].

Қадырғали араб, парсы, түркі, орыс тілдерін бірдей жақсы білген... Қадырғали— Жалайыр тайпасынан шыққан қазақтың бірінші ойшыл ғалымы, жазушысы, өрнек қалдырған мәдениет мұрагері. Өзінің жазуында да жалайыр тайпасын жоғары көтеріп ардақтаған: «Алаш мыңы арасында ұлығы тарақ тамғалы Жалайыр болған. Оның жазғандарын қазақ жазу мәдениетінің бірінші үлгісі деп тану керек».

Соңғы жылдары қазақ ғалымдарының күш салуы арқасында Қадыр Әлі еңбегі өз халқымыздың алтын қазынасына айналғанын айта кеткен жөн. Еңбек үш бөлімнен тұрады: 1. Борис Годунов билігін бейнелеу. 2. Рашидад-Диннің «Джамиат-Таварих» атты еңбегінің қысқаша аудармасы. 3. Орыс ханның Оразмұхаммед сұлтанға дейінгі қысқаша аудармасы. Бұларға қосымша алтын-ордалық ірі қайраткер Едігебатыр жайында дастаны берілген. Қадыр Әлінің бұл еңбекті жазудағы негізгі мақсаты—өз әміршісі Шыңғысхан ұрпағы Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммедтің хан тағына лайық екенін дәлелдеу. Екінші бір мақсат: «...патша Борис Федоровичтің мәңгі әділдігін, ақтығын айту және тағы жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханды жоғары мәртебелі патшаның құрметпен хандыққа отырғызғанын көрсету үшін жазылды» [4]. Одан әрі Қадыр Әлі былай дейді: «...бүкіл орыс патшасы Борис Федоровичтің үкім

жарлығымен оңды-солды қаршыларды, құрметті бектерді отырғызып, көше-көше, орам-орам мылтық андаздар мен маңғазданып және саясатпен қол қусырып, бас иіп, игі жақсылар тұрды. Осындай салтанатпен Оразмұхаммед Ондан Сұлтанұлын аса құрметтеп, көрініске алып, бұл жерде патша хазіреті таққа отырғызды» (Қасымов қаласында). (Қасым хандығы Мәскеуден 250 шақырым Оң түстік шығыста, Ока өзенінің солжағалауына орналасқан.) Орыс хан туралы былай деген: «Оны барлығы аға тұтып, патшалыққа отырғызды. Одан соң Орысхан Алатау төңірегіне қоныс тепті. Ол жер өте үлкен және биік тау еді. Онда жақсы жайылымдар, сулар мен бұлақтарда көп болған. Отырар, Сайрам шаһарлары, Шу, Талас, Ыстықкөл, Теклі көуләттары болған. Халқы өте көп, іргелі, мықты, даңқты және батыр болған». Қадыр Әлі бұдан кейін Құйыршық хан, Барақсұлтан, Кіші Жәнібек, Қасым хан жайында баяндайды. «Оразмұхаммед Орысханнан Жәнібек ханға дейін төртінші буын еді», — дейді. «Шығайхан батырлығымен мәлім болды. Оның ұлы Ондан сұлтан ер жүрек, батыр, садақ атудың керемет мергені еді. Әрқашан сыртқы жауларға қарсы күресте көп ерлік көрсетті. Ақырында қалмақтар мен шайқаста отыз жасқа келген жігіт шағында шаһит болды. Оның қабірі Қожа Ахмет Яссауи (қасында) жерленді». Жалпы, Қадыр Әлі еңбегі қай сұлтанның, қай ханның, қай жерде шаһит болғанын, жерленгенін көрсетуімен де құнды. Тәуекел ханды «Ислам мемлекетінің басшысы» деп атаған. Онда сұлтан шаһит болғанда Оразмұхаммедтің он үш жаста жетім қалғанын айтады. «Оналты жасында жалпы христиан басшысы Борис Федоровичке қызметі стеуге дайын болды» дейді (Оразмұхаммед 1610 жылы Лжедмитрий мен Василий Шуйский арасындағы қантөгісте ерлікпен көзжұмған). «Қадыр Әлі би еңбегінің қазақ халқының, қазақ хандығының қалыптасу процесін зерттеп білуде алатын орны ерекше, бұл мәселелерді анықтау барысында тарихшылар оған әлі талай рет оралатын болады, — дейді одан әрі М.Қойгелдиев. — Мәселен, Қадырғали бидің сол тұстағы қазақ елін «Алаш мыңы» атау себебі ғылыми әдебиетте әлі күнге дейін жан-жақты баяндалған емес. Аса маңызды тарауларының бірі — «Орыс хан дастаны». Бұл дастаннан біз басқа еңбектерде кездесе бермейтін мынадай фактілерді байқаймыз: бірінші ден, Жәнібек ұлысының, яғни күдіретті Алтын Орданың ыдырау барысы, оған Фетка Науақрат бастаған әскердің «қосқан» үлесі, Фетка Науақрат деген кім, қайдан келген — бұл әлі анықталмаған мәселе. Екінші ден, осы Фетка Науақрат салған алаңнан кейін Орысханның Алатаужаққа кетіп, сонда орын тебуі. Ал бұл Орысхан қазақ хандары династиясының негізін қалаушы болғандығы мәлім. Үшінші ден, Қадырғали би бұл дастанында Жетісудың солтүстағы (XIV-ғасыр) қалаларын атап, әскерін сипаттап, елінің ірі, ержүрек келетіні туралы да айтқан». «Қазақ тарихы» журналының сол нөмірінде Қадыр Әлі еңбегінің «Орысхан және оның ұрпақтары» деген тарауы берілген. Жалпы, Қадыр Әлі еңбегі қолдан қолға көшірілгенде көп қателер кеткені анық, сонда да оған әлі талай тарихшы айналып соғары сөзсіз [4].

Шығыс жылнамашыларының, әсіресе, Рашидад-Диннің, Әбілғазының, Хайдар Дулатидің, Қадырғали Жалайыридін тағы басқа ғалымдардың жазбаша еңбектерін оқып отырғанда ағайын-туғандар бақ-дәулет, атақ-даңқ үшін қаншама ғасырлар бойы өзара қырғын соғыстар ашқанынақ сөз жеткізу қиын емес. Бірақ, бұл — тарих. Ал тарихтан келер ұрпақ сабақ алып, өсіп-өркендеуге тиіс. Ол үшін өткен тарихқа жиі-жиі көз жіберіп отыруымыз керек. Қадыр Әлі бидің еңбегі — бұл салада айрықша көзге түсетінін інжу-маржан.

Қадырғали Қосымұлы (1530-1605 ж.ж.) қазақтың орта ғасырда өмірсүрген ғұлама ғалымы әрі атақты биі. Қадырғали бидің түптегі ұлы жүздің тарақ таңбалы Жалайыр тайпасынан шыққан. Сондықтан да ол көбінесе «Қадырғали Жалайри» аталып кеткен. Ата-бабалары ертеде Сырдария бойын мекен етіп көшіп-қонып жүрген. Кейін Ескелді, Балпық билер, Орақ сияқты батырлардың басшылығымен Жалайыр әулет осы күнгі Талдықорған облысына келіп қоныс тепкен. Қадырғали бидің ата-

бабалары Қарахан дәуірінен бері ел басқарған ықпалды кісілер болған. Әкесі Қосымда беделді би. Оның әкесі Темшік, баһадур Анжы баһадур Адым шейх мырза ағасы, Қарашбек Құбай Қамбар мырза, Айтаулыбек Шейх Софыбек, Тебребек Саба баһадур Сартақ ноян бәрі-бәрі батыр, бек, би болыпты [5].

Ата, әке жанында жүріп, олардан тәрбие алған Қадырғали жас кезінен-ақ хан ордасындағы жас бекзадалардың ақылшысы, кейіннен ханның ордасындағы жас бекзадалардың ақылшысы, ал кейіннен ханның кеңесші биі болады. Жалайыр елін қалмақтар шауып, берекесін алған жылдары оның аталары Көшім ханның қоластына барып қосылады. Онда барған соң да ол ханға ақылгөй би боп тұрады. Қадырғали би өзінің «Жамиат-тауарих» («Жылнамалар жинағында») кітабында: «Менің аталарым Ораз Мұхамед сұлтанның аталарына қызмететті. Әзім Ораз Мұхамедтің қасында болдым» деп жазады. Осыдан-ақ оның атақты Ораз Мұхамед пен қызметтес болып, орыс княздігімен қарым-қатынаста жүргені аян. Сібір сұлтаны Сейдектің кеңесші биі болып тұрған. 1588-1598 жыл аралығынды Қадырғали Ораз Мұхамедпен бірге Мәскеуде патша сарайында қызметте болады. Орыс патшалығы мен шведтер және Қырымхандығы арасындағы соғысқа қатысады. Сол соғыста ерлік көрсеткені үшін орыспатшасы Ораз Мұхамед Сұлтанға Ока өзені жағалауынан жер бөліп беріп, өз алдына хандық құруға рұқсат берген. Ол хандықтың орталығы Қасым қаласы болған. Қадырғали сол Ораз Мұхамед басқарған хандықта уәзір, би болып қызмет атқарады. Қадырғали би сол жылдардан бастап ғылым мен айналыса бастайды. 1600-1602 жылдары Қасым қаласында ол өзінің «Жамиат-тауарих» атты кітабын жазып бітіреді. Енді оның атақ-даңқы осы тарихи шежіре кітабы арқылы бүкіл дүние жүзіне мәшһүр бола бастайды. Түріктілінде жазылған, бұл еңбегінде қазақ сахарасында өмір сүріп, тіршілік еткен Үйсін, Жалайыр, Арғын, Қыпшақ, Қаңлы, Сіргелі, Қоңырат, Керей, Найман, Алшын т.б. түрік тектес ру-тайпалардың түп ата-тегін таратып ғылыми талдау жүргізеді. Оғыздармен Қарахан дәуіріне сипаттама береді. Ерте дегі және одан бергі хан дар дәуірін әсіресе Шыңғысхан және оның әулетімен қазақ ұлыстарынан шыққан хандар, сұлтандар, бектер және олар билеген қазақ халықтарының ішкі-сыртқы шапқыншы жаулар мен күресі т.б. саяси-әлеуметтік жайлары баян етілген.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Миллер Г. Ф. Описание Сибирского царства и всех происшедших в нем дел. СПб. 1750
2. Усманов М. А. Татарские исторические источники XVII-XVIII вв. Казань, 1972. С. 45
3. Сибирские летописи. изд. «Книга» Москва, 1923г. с. 293-294
4. Даланың дара діл марлары .-Алматы: ЖШС«Қазақстан» баспауы», 2001, – 592 бет. ISBN 5-7667-5647
5. Березин И.Н. «Библиотека восточных источников». I том, Казань, 1854.

ЯЗЫҚ И ЛИТЕРАТУРА

ӨОЖ 811.512

АВТОРЛЫҚ БАЯНДАУ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

(С. Мұратбеков шығармалары негізінде)

А.Қ. Ахмежанова

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы

Мақалада авторлық баяндау тіліндегі фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері қарастырылады. С. Мұратбеков шығармаларынан алынған мәтіндер арқылы дәлелденеді. Фразеологиялық мәтінтүзушілік сипаты ашылады.

В статье рассматриваются особенности употребления фразеологизмов в языке авторского повествования. Доказывается на примере произведения С. Муратбекова. Раскрывается текстообразующая сущность фразеологизмов.

The article considers the using peculiarities of phraseologisms in author's reporting language. It is proved in S. Muratbekov's work's. Also is opened the phraseologics text forming.

Кілт сөздер: авторлық баяндау, кейіпкер тілі, фразеологизмдер, этнографизмдер, құлпытту, синонимдер.

Көркем әдебиет тілі туралы сөз болғанда, оны құрайтын екі компонент міндетті түрде аталады. Олардың бірі - авторлық баяндау тілі, бірі – кейіпкер тілі. Автор тілі мен кейіпкер тілі дегеніміз – шығарма композициясын құрайтын бірліктер. Авторлық баяндау кейіпкерге қатысты оқиғаларды баяндап, сипаттап, әңгімелеуге құрылады. Осы баяндауда жазушы көркем сөзді, көркемдегіш құралдарды, фразеологизмдерді, мақал - мәтелдерді, экспрессивті-эмоционалды сөздерді орынды қолдану арқылы мәтіннің «көркін» арттыра түседі.

Қазақ әдеби тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілінің ішінде фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Фразеологизмдер – көркем шығарма тілін жандандырып, астарлап бейнелей суреттеудің тілдегі дайын құралы. Бұлар – халық даналығына суарылған образды ойлау үлгісі. Халықтың талай ғасыр сомдап, шындап шығарған тұрақты тіркестерін – тіл қазынасының бір бөлшегін өз қажетіне, шығарма мақсатына сай қолданбаған бірде – бір жазушы, суреткер жоқ. Ақын-жазушы – сөз шеберлерінің бір сыналар жері де, өзін-өзі көрсетер тұсы да осы – сөз қолданысында. «Дертпен тең» сөз өнерінің шырқау биікке көтерілуі, ең алдымен жазушыға қойылатын үш шарттың – сөздерді дұрыс қолдану, сөз байлығын жете меңгеру және тіл нормасын сақтау – толық орындалуына байланысты. Көркем сөз негізгі жетігін сөз қолданыста деп білсек, оның екі түрі бар екен: біріншісі – сөзді орнымен, өз жүйесімен дұрыс қолдану да, екіншісі – сөзді дұрыс қолдану кезінде әсем де, әсерлі етіп қолдану. Біріншісі – елдің бәріне қойылатын жалпы талап болса, екіншісі – ақын-жазушылар үшін міндетті де ерекше талап. Көркем шығармада сөз барлық бояу нақышымен, экспрессивті-эмоционалды реңкімен, қысқа да нұсқа үнемділігімен көрінуге тиіс. Оны көрсетіп, сөз құдіретін танытатын – жазушы. Жазушының тіл байлығы оның қолданған сөз, сөз тіркестерінің аз-көптігімен бағаланбаса керек. Бар сөзді қолдану, «құлпытту» ерекшелігімен өлшенсе керек.

Біздің алдымызда ескі, жаңа сөздердің құрылған сөз мұхиты жатыр, осы мұхиттан сөз тандап алуға ұстамдылық, қанағат сезімі, талғам керек. Өр нәрсе өз орнында жарасымды, мәселе – сол орынды таба білуде. Шын еңбек осында. Осы бағыттағы – сөз қолданыстағы тұрақты сөз тіркестерін қолдану, оны «әсем де әсерлі» қолдану тұрғысынан жазушымыз Сайын Мұратбеков әңгімелеріне «барлау» жасап көрелік.

Халық «Орнын тапқан сөз - асыл» деп бекер айтпаған. Сайын Мұратбеков қолданысында (әңгімелерінде) «асылға айналған» фразеологизмдер саны біршама. Олардың қолданылу принциптері, әдіс-тәсілдері, таңдау-талдау амалдары да әр қилы. Алдымен осы фразеологизмдерді семантика – тақырыптық жағынан топтастырамыз: 1. Сөйлеу, ойлау фразеологизмдері; 2. Көңіл-күй фразеологизмдері; 3. Қарым-қатынас фразеологизмдері; 4. Адамның физиологиялық қалып-сапасын білдіретін фразеологизмдер, т.б. ең негізгілері осылар [1]. Осы фразеологизмдерді атқаратын функциясына қарай жіктейік. Біріншіден, образ жасау, кейіпкерге мінездеме беруде, екіншіден, белгілі бір жағдайға (ситуация) қорытынды жасауда, үшіншіден, әзіл-оспақ, әжуа-күлкіні аңғартуда, төртіншіден, адамның әртүрлі психологиялық жай-күйін білдіруде қолданылатыны байқалады. Жазушы қай әңгімесінде де кейіпкердің көңіл-күйлерін **жағымды – жағымсыз эмоцияға байланысты жан құбылыстарын** оқты көзімен ату, қаны қараю, ыза болу, қабақ шыту, мырс етіп күлу, зығырданы қайнау, көңілі су сепкендей басылу, жымың-жымың қағу, іші удай ашу, зәресі ұшу, жүрегі зу ету, тіс қайрау, үрейі ұшу, төбе құйқасы шымырлау, көзі шарасынан шығу, екі көзі боталау, көңілдері жарасу, жүрегі сыздау, көзі шатынау, көзі жасаурау, сай-сүйкі сырқырау, тамағына жас тығылу, ала көзімен ату, екі езуі екі құлағына жету, шала бүліну, зәре-құты қалмау, езу тарту, қабағынан қар жауу, т.б. тұрақты тіркестерді пайдалана отырып жеткізеді [2].

Кейіпкерлерінің қалып-сапасын суреттеуде: сай-сүйегі сырқырау, міз бакпау, бесіктен белі шықпай жатып, көзі ілініп кету, үстінен ауыр жүк түскендей болу, бір уыс болып бүрісу, кежегесі кейін тарту, қара терге түсу, мұрттай ұшу, кірпігі айқаспау, қара басу, қызып қалу, жақ жүндері үрпю, екі көзі төрт болу, сең сокқандай, қол қусырып отыру, ат жалын тартып міну, демін ішіне тарту, кірпідей жиырылу, кілт тоқтау, ұйқысы шайдай ашылу, тер басу, қалпақтай ұшу, айызы қану, иегі иегіне тимеу, т.б. қолданады [2].

Ой –сезімді білдіретін фразеологизмдер жалпы, қазақ тілінде көп емес. Десек те Сайын Мұратбеков оларды кейіпкер іс-әрекетін баяндауда жиі қолданып, оқырман мен кейіпкер арасындағы байланысты қоюландыра түседі. Көз тастау, құлағын тосу, қалың ой, ойға бату, асау сезім, көз жіберді, көз қиығын салу, құлақ аспау, үш ұйықтаса ойына кірмеу, кірерге жер таппау, құлақ тұру, секем алу, күдікпен қарау, сырттай есту, есіне түсу, көзі тайып кету, көңілге тоқу, есінде жоқ, көрген түстей, сыр білдірмеу, қабырғамен кеңес, ой түбіне жете алмау, үш ұйықтаса түсіне кірмеу, т.б. [2].

Табиғат құбылысы, негізінде, авторлық суреттеулерде баяндалады. Сайын Мұратбеков әңгімелеріндегі ауыл, табиғат көріністері, табиғат құбылыстарын сипаттауда жиі кездесетін фразеологизмдер: таң қылаң бере, көз байлану, ақша бұлт, ала қыстай, қазбауыр бұлттар, көз тұндыру, қоңыр салқын, өкпе тұс, қоян жон (жоталар), хош иіс, көз байлану, жеті түн, тас қаранғы, ымырт үйірілу, қас қараю, көзге түртсе көргісіз, тастай қаранғы түн, жалғыз аяқ жол, төте жол, екі кештің арасында, күн ұясына қонғанша, күн райы бұзылу, күн ұясынан шығу, сары шұнақ аяз [2].

Этнографизмдер де жазушы шығармаларында қолданылады: жат жұрттық, сүйекке таңба, от жақ, оң жаққа салу, жылу жинау, сыбағасын жеу, ат суыту, басын құбылаға беру, сүйінші сұрау, сегіз өрім қамшы, қара шаңырақ, құтты орнына қондару.

Кейіпкер портретін мінездеу, сипаттауда: қара қайыстай қату, арыстай азамат, бармағынан бал тамған, пісте мұрын, қып-қызыл нарттай, қаз мойын, көздің жауын алу, ұрты суалған, түрі суық, ақ жарқын, жағы суалу, ер мінезді, салт басты, түсі суып сала беру, шымыр денелі, жылы шырайлы, екі иығына екі кісі мінгендей, қара торы, іші бауырына кіру, түлкідей бұлаңдау, қанын ішіне тарту, т.б. халық аузындағы, жиі айтылатын тұрақты теңеуге айналған фразеологизмдер қолданылып, авторлық баяндаудың «әрін» кіргізеді [2].

Сөйлеу мәнді фразеологизмдер: тілінің уын төгу, тіл қату, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу, артық ауыз сөз, әңгіме басын шалу, тіл қатпау, дәті жетпеу, ауыз жаппау, жер-жебіріне жету, шер таркатысу, арыз-армандарын айту, ернін қыбырлату, баж ете түсу, жағы тынбау, жан дауысы шығу, есіп сөйлеу, тіс жармау, сөзге ілінісу, шымбайға батар сөз, суық хабар, т.б. Хабарлау, сырласу, сөзге келісу сияқты сөз қызметтерін атқарып, «айтты», «де, деп, деді» тәрізді етістіктердің орнына жұмсалады [2].

Қозғалысты білдіретін фразеологизмдер: үкідей ұшу, зыта жөнелу, дедектей жөнелу, т.б.

Фразеологизмдерді көркем әдебиетте қолданудың екі түрлі тәсілі бар:

Фразеологизмдерді өзгеріссіз, қаз-қалпында қолдану;

Фразеологиялық тіркестердің жаңғыртылып қолданылуы.

С. Мұратбеков авторлық баяндауда бұл екі тәсілдің екеуін де қолданады.

Соғыстан кейінгі жылдарда армияда талай нәрселерді біліп, көп жерді аралап, көп дүниені көріп, *көңілге тоқып* қайтқан сияқты еді, қазір соның анық бәрі есінде жоқ. Көрген түстей ғана еміс-еміс қана оралады. Сол есіне түсіп, әуелде көңілі біраз *секем алып қалды*. Мойындарына ақша мінген адамдардың өстіп шопандардан *жылу жинайтын* әдеттері. Күсен де атын тарағанын тоқтатып *құлақ тұрген*: машинаның дүрілі естілді (Күсен - Күсеке). *Қыз үрейі ұшып*, қалшылдап, *көзі шарасынан шығып*, екінші қолымен кабинаның есігін қармай берді. *Ұзақ от жаққа* өзі жатқан соң, көкірегін толтыра тыныстап, *тың тыңдады*. *Қыздың тамырын басып* байқап көрмек оймен әзілдеп, бір-екі *тіл қатты*. *Тамағына тас тығылғандай боп көзі жасаурап* жұтына берді. *Ұзақ кінәлі пішінмен жалтақтап әкесіне бірер рет көз қиығын салған*. Өз баласын бауырына сыйғызбаған қытымыр атанып, бүкіл ел-жұрттың алдында *сүйекке таңба болар* дәл осындай қорлықты кешу қай ата-анаға жеңіл тиер дейсің. Әкесі қайтып *тіл қатқан жоқ*. Танаға деп айтқандарының бәрі өзінің зағын да аяздай қарып жатқанын сезбей ме екен?... тек таң алдында ғана *көзі ілініп*, бір сәтке тынығып еді. Осы кезде атасының ащы дауысы шықты (Отау үй). Әкесі сонша әлжуаздығына зығырданы қайнайды. Жанай сілейіп отырып қалды. Енді Бақыттың көңілі *су сепкендей басылды*. Оның долбарлап сөйлегенінен әдебиет жапа шекпес-ау, ал шаруашылықтың жапа шегіп жүргені хақ. Сауыншылар сиырлардың алдына жем-шөп салған болып, енді кешкі сауынға кіріскелі халаттарын киіп, шелектерін жуып, үй мен қораның ортасында *қолды-аяққа тұрмай зыр жүгіруде*. Сөйтіп, бүгін түнде көп жұртқа дабыра қылмай қызды құтты орнына қондырудың қамы басталған көрінеді. Жаңағы айтқандарының *шыбын шаққандай* да қауқары болған жоқ (Көкорай).

С. Мұратбековтің фразеологизмдерді жаңғырта, өзгерте, арасына сөз кіріктіре қолданатын тұстары жиі кездеседі.

Ыза кернеу – ашуға булықты, күйіп-жанды деген мағынаны білдіреді. «Кенет Жанайдың бойын әлдеқандай бір ыза, ызақорлық кернеді» деген сөйлемде «ыза кернеу» тұрақты тіркесін жазушы өз баяндауында ашу-ызаға булығымен қатар, кейіпкер бойында ызақорлық қасиеттің барлығын сыйыстыра беруді көздеген. «Мысалы бұрын ауылдағылар Жанайды түктің исі кірмейтін боқмұрын бала ғой деп есептеп келсе, ендігі жерде оған деген көзқарас мүлдем басқаша» сөйлемінде «мұрнына иіс келмеді», «түктің иісін сезбеді» - ештеңеден хабары жоқ, дәнене білмейді мағынасындағы мәндес тұрақты тіркестерді «түктің исі кірмейтін» деп өзгерте отырып, ол сөз тіркесті «боқмұрын» кемсіту мәніндегі сөзбен толықтырып, қиыстырады да, фразеологизмдердің бастапқы мағынасына қосымша реңк береді.

Бұрынғы жағымсыз істі қайта еске салды, өткен-кенткенді қайта қозғады мағынасындағы «ескі жараның аузын ашу (тырнау)» тұрақты тіркес жазушы баяндауында: Әрине, әзіл орайына қарай әзілдеп айтты. Бірақ жараның аузын удай ашытып, тырнап кетті. Бұл сөйлемде тұрақты тіркес сынарларының арасына экспрессивті сөздер (удай ашыту) кіріктірілген, бұл кіріктіру тіркес экспрессиясын

қоюландырып, мақсатты стильдік қызмет атқарып тұр. Айтылған тәсілді С. Мұратбеков жиі әрі орынды қолданады: Қылау жоқ, қылтанақ жоқ томпиған қоян жон кішкене жоталар бірінен кейін бірі қалып жатыр (Қылау). Өзін қойшы оның көзінен жас емес, қан аққанына қарамастан атып тастасаң, обалы жоқ (Қылау). Осы сәтте ғана байқады Ұзақ: әкесінің жасаурай беретін шүңірек көкшіл көзі отқа түскен тұздай шатынай қызарып, кемпірін жеп қоярдай ежірейе қадалып қапты (Отау үй) [2].

С. Мұратбековтің фразеологизмдерді авторлық баяндауда қолдануына байланысты мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Жазушы фразеологизмдерді халық тілінде қалыптасқан күйінде, даяр күйінде пайдаланады.

Мең-зең болған күйде біраздан соң басын көтерген, кешкі аспанның ымырт пердесінде, ауылдың батыс жағындағы биік жотадан үкідей ұшып, асып бара жатқан біреу көрінді (үкідей ұшу – көз ілестірмей жүгіру, қашу). Сөйтіп, әжем екеуіміз тобылғыны дәу бір арбағып шауып қойып, терең сайдың ішінде шер тарқатысып, күн ұясына қонғанша отырдық (Ананың арманы). «Шіркін, ұл-ай!» дегенде ішкен астарын жерге қойып, көкіректері қарс айырылып жүрген ата-анасы бұл туғанда мұны қателесіп туған ұлға балап, атын Ұлтуған қойыпты (Ұлтуған). Былай шыға бере, долы тиектің аузын қайта ағытты, аузына ақ ит кіріп, көк ит шығып, бүкіл көшені басына көтеріп барады (Ұлтуған) [2].

2. Кейбір фразеологизмдердің бір сынарын басқа сөздермен алмастыру арқылы мағынасын сақтай отырып, жаңғыртады.

Тек Темірқазық қана қаққан шегедей (қазықтай) сол бір орнында бедірейіп тұр (Ананың арманы).

3. Фразеологизмдердің экспрессивтілігін, эмоциялық бояуын қанықтыру мақсатында тіркес компоненттерінің арасын алшақтатып, арасына, алды мен соңына сөз қосып, өзгертеді.

Тана сол үйде отырған киімімен зытып алды да жөнелді (зыта жөнелу – тырағайлап тез қашты, тайып тұрды) (Отау үй) [2].

4. Синонимдес, вариант фразеологизмдерді бір сөйлем ішінде, немесе іргелес сөйлемде қолданады.

Ауылдан ұзаған соң, ымырт үйіріліп, қас қарайды. Көзге түртсе көргісіз тастай қараңғы түн орнады (Отау үй). Тіпті мінезі бір тоға, көп үндемейді дейтін құдағиының өзі де мақтанышын жасыра алмай ділмарсып кетті (Құданың фоексы).

5. Сөз бен фразеологиялық тіркестер арқылы жасалған синонимдерді қолданады.

Ендігі жерде Ұзаққа секем алып, күдікпен қарайтын сияқты. Қатша бұл түні ұйықтаған жоқ, атар таңды көзімен атқызды (Құданың фокусы) [2].

6. Екі фразеологизмдерді кіріктіріп қолданады.

Жалғыз аяқ төте жол жота-жотаны асып, ирелендеп құзға да түсті, шамамен ауылдан он шақырымдай жер (жалғыз аяқ жол – тек жаяу адам ғана жүретін соқпақ жол; төте жол – тіке, қысқа жол) (Отау үй). Кіріктіру тәсілі арқылы төте соқпақ жол ұғымы сәтті берілген.

Жазушының халық тіліндегі фразеологизмдерді мақсатты түрде өзгертіп айтуы мәтін тілінің әсерін күшейтіп, сөз өрнегінің жүзі өткірлене түсуіне мүмкіндік береді.

Дайын тілдік материалдар – фразеологизмдерді мағынасын «құбылта» қолдану тәсілдері автордың сөз саптау ерекшелігін, авторлық даралықты көрсетеді.

Фразеологизмдердің көркем шығармада атқаратын қызметі сан алуан: образ жасау, кейіпкерді мінездеу.

С. Мұратбеков баяндау тілінде тұтастай фразеологизмдерден құралған, не бір сөйлемде бірнеше фразеологизмдерді кездесіп отырады. Білек сыбанып, сырттай долданып, қызыл өңеш боп күпілдегендер, біріне-бірі ерсілі-қарсылы айбат шегіп, дос пен қасқа айнала қалған адамдар (Көкорай). Қап-қара көзі ойнақшып, екі беті қып-

қызыл нарттай боп, бал-бұл жанып, аппақ ірі тістерін көрсетіп сақылдай күлді (Үскірік). Мүлдем кірпігі айқаспай қойды (Отау үй). Етінен ет кесіп алсаң, қабак шыту дегенді білмейді. Үкідей ұшып, сар желіп келеді. Соңғы сөйлем толығымен фразеологизмдерден құралған, бірақ сәтті қолданыс деу қиын.

Жазушы қолданған фразеологизмдер көркемдегіш құрал қызметін атқарады: тұрақты эпитет, тұрақты теңеу, тұрақты әсірелеу, тұрақты литота, шендестіру, дамыту, параллелизм, анафора сияқты поэтикалық синтаксиске құрылған фразеологизмдер мольнан кездеседі. Әрине, бұлардың бәрі тек жазушының баяндау тілінде емес, жалпы шығарма бойында ұшырасады.

Мәтін түзуде фразеологизмдердің орны бөлек. Тұрақты сөз тіркестерінің дағдылы, қалыптасқан түрлерімен қатар, оларды мақсатты түрде өзгертіп қолданумен қатар, жазушы өзі де жаңа тіркестер тудырып отырады. Ол заңды да. Мұның бәрі – тіл заңдылығы, тіл байлығы, тіл мүмкіндігі. Тың тіркестер – міндетті түрде бейнелі, образды, көңіл күйі туғызған әсерлі тіркестер.

Жер түстен кейін-ақ қаспағын қырған қазандай алақ-жолақ боп шыға келді (Көкорай). Шаңқай аппақ қар көзді суырып тұр. Бір ойдан бір ой қоздап, қат-қабат жайлар көз алдына тіркеле берді (Көкорай). Өткен кеш пен бүгінгі түнді оқиға ойынан кетер емес. Айналған ұршықтай орала берді (Көкорай).

Автор қаламынан туған ерекше қолданысты – окказионал қолданыс деп білеміз. Бұл қолданыс – С. Мұратбековтің қазақ тілін байыту, көркейту, қырлап айшықтау бағытындағы еңбегі, ізденістерінің жемісі.

Біздің мақсатымыз С. Мұратбеков қолданысында фразеологизмдердің мәтінтүзушілік мүмкіндіктерін анықтау болғандықтан, қайсыбір басы ашық мәселелерде, тұжырымдарды қайталауды жөн көрмедік. Десек те,

С. Мұратбеков шығармаларындағы фразеологизмдерді арнайы зерттеу, синтаксистік, морфологиялық, семантикалық тұрғыдан тереңдете қарастыру қазақ тіл білімінде қыруар тіл фактілерін берері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сарбасова Қ. Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдер. Астана, 2008.
2. Мұратбеков С. Таңдамалы шығармалары 1, 2 том. Алматы, 1982.

ӘОЖ 811. 512. 122 373

ТІЛ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫ

Қ.Б. Дармишева

Пограничник орта мектебі. Мектепке дейінгі шағын орталығы мен коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мақалада қазақ тілі сабақтарындағы жазба жұмыстар қарастырылады. Атап айтқанда, жаттығу жұмыстарының түрлері ажыратылады. Тіл сабақтарындағы орындалатын жаттығу жұмыстарына қойылатын талаптар, орындау шарттары көрсетіліп, мұғалім іс-тәжірибесімен бөліседі.

В статье рассматриваются организация и проведение письменных упражнений на занятиях казахского языка. Они классифицируются по видам. Указаны требования к письменным заданиям, способы выполнения. Эти задания взяты из опыта работы преподавателя.

The article deals with the written tasks at the lessons of Kazakh language, also shown the types of written tasks. Demands on written tasks at language classes, the ways of doing tasks. The teacher deals with her practice at a given article.

Тірек сөздер: тіл сабағы, жаттығу жұмысы, тепродуктивті жаттығу, шығармашылық мазмұндағы жаттығу, фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік жаттығулар.

Тақырып түсіндіргеннен кейін, жаттығу жұмыстары орындалады дедік. Дұрыс ұйымдастырған бұл жұмыстың нәтижесі біріншіден, оқушының білімін нақтылайды әрі нығайтады. Екіншіден, өздігінен жұмыс істеуге жаттықтырады, ой қабілетін арттырады. Үшіншіден, қажетті кезінде алған білімін тәжірбиеде қолдана білмеуіне қолдауларын қалыптастырады. Сонымен, сабақтағы жаттығу жұмыстарының басты мақсаты – білімнің берік те тиянақты болуын қамтамасыз ету.

Грамматикалық сабақтардағы жаттығу жұмыстарын ұйымдастырушы, басшылық етуші – мұғалім. Ол жаттығулардың орындалу сипатына қарай: көру сезімі арқылы, есту сезімі арқылы, түсінудің әртүрлі жолдары арқылы орындалатын жаттығулар болып бөлінетіндігін және белгілі бір үйлесімділікте сабақта қолданылуы керектігін естен шығармайды. Оқушының *орындау қызметіне қарай* репродуктивті және шығармашылық мазмұндағы жаттығулар, *орындалу тәсіліне байланысты* ауызша, жазбаша, жазбаша-ауызша жаттығулар болатындығын, *тақырыптың қамтылуына байланысты* жаттығулардың фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, т.б. болып бөлінетіндігін, әрқайсысының өзіндік міндеті, сонымен қатар, бір-бірімен ұқсас және айырым белгілерінің барлығын жақсы білуі шарт. Жаттығудың сипаты, міндеті, дидактикалық талаптары анықталған соң, мұғалім шешетін басты мәселенің бірі – сабақтың мақсатына сай жаттығулар іріктеу. Іріктеу барысында шамамен мынадай талаптар қамтылуы тиіс.

Жаттығудың өтілген тақырыпты пысықтауға, бекітуге бағытталуы;

Жаттығу кездейсоқ болмай, белгілі бір ретпен келуі, жүйелі ұсынылуы;

Жаттығу оқушының қызығуын, ынтасын арттырарлық болуы;

Өз беттерінше жұмыс істеуге дағдыландыруы;

Шығармашылық сипаттағы жаттығулардың (түсіну сезімі арқылы) болуы.

Бұл талап – тілектердің орындалу-орындалмауы мұғалімнің қабілетіне және оқулықтағы жаттығулар сапасына да байланысты.

Ендігі жерде мұғалім орындалатын жаттығудың неден басталып, немен аяқталатынын анықтайды. Оқушыға жаттығуды не үшін орындайтынын түсіндіреді, жаттығу шартын түсінуге көңіл бөледі. Керек деп есептесе, жаттығудың орындалу үлгісін көрсетеді. Орындалуын бақылап, бағалайды.

Сыныптағы жаттығулар көбіне ұжымдық түрде орындалады: бірге талданады, түсініксіз болса, мұғалім тарапынан бағыт-бағдар беріледі. Қандай қиын жаттығуды да табандылықпен орындауға мүмкіндік бар. Жаңа тапсырманы оқушылардың менгеру дәрежесі де біршама белгілі болады.

Ал үйге берілетін жаттығулар қандай болуы керек? Мазмұны мен сипаты жағынан оқушыға таныс, орындалуы аса қиындық келтірмейтін, жалықтырмайтын, тым ұзақ емес әрі тәсіліне қарай аралас тұрғыда болғаны жөн. Үйге үнемі жазбаша жаттығулардың берілуі дағдыға айналып кеткенін жасыра алмаймыз. Осындай біржақтылық оқушының ауызша жауап беруге дағдыланбауына, талдау жұмысын (жаттығу шарттары бойынша) жүргізудегі шұбалаңқылыққа әкеп соғады: Неге? Не себепті? Қалай?... сияқты «жетелеу» сұрақтары болмаса, бала жауабына қанағаттану мүмкіндігі болмайды.

Мұғалімнің оқулық жаттығуларымен шектеліп қалмай, шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды өз тарапынан беруі тәжірбиеде кездеседі. Ол көбінесе... қатыстырып сөйлем жаз, көркем шығармадан теріп жаз, сұрақтарға жауап бер, жанұя мүшелерінен сұхбат ал, ішінен тап, талда т.б. сипатта болды. Ара-тұра берілетін бұл іспеттес жаттығулардың басы артық болмасы анық.

Құрастыру, талдау, салыстыру, табу, топтау, дәлелдеу, қорытынды шығара білу дағдыларын қалыптастыратын жаттығулардың әр сабақта жүргізілуі мұғалімнің шеберлігіне, қабілетіне, табандылығына байланысты.

Мектеп оқушысының сауаттылығын арттыруда сөз таптарының дұрыс жазылу емлесін меңгерудің орны ерекше. Бағдарламада пунктуациялық және емлесілік сауаттылыққа арнайы сағаттар бөлінбейді. Тыныс белгілері синтаксистік тақырыптар аясында, сөздердің жазылу емлесі сөз таптарын, фонетикаға қатысты тақырыптармен бірге беріледі. Оқушының емлесілік және пунктуациялық тұрғыдан сауатты жазуын қамтамасыз ету үшін, емлесілік ережелерді меңгеруі үшін, мысалы, сөз таптарын өткенде арнайы сағат арнап, жаттығу жұмыстарын түрлендіріп берген орынды әрі нәтижелі болмақ.

Тілімізде қимылдың, іс-әрекеттің әртүрлі белгісін, амал-тәсілін, мекенін, мезгілін, себебі мен мақсатын білдіретін сөз табы үстеудің емлесін меңгеруде пайдаланып жүрген жаттығулар мен тапсырмаларды әріптестер назарына ұсынамын. Үстеудің сөз табы ретінде лексика-грамматикалық сипаты меңгертілгеннен кейін, өз тәжірибемде, оның жазылу емлесіне сағат бөліп, сабақ барысында төлемегендей жұмыс түрлері орындалады. Тапсырма шарттары жеңілден ауырға, жалпыдан жалқыға қарай қағидаларына негізделеді. Жаттығу, тапсырма шарттары, мәтіндер, көрнекіліктерді әр сабақта әр мұғалім өз тұрғысынан өзгертіп отыруға мүмкіндіктері бар.

1. Үстеудің мағыналық түрлерін қайталау үшін жаттығу. Тапсырма шарты: «адасқан» үстеулерді өз тобына қайтару.

Мезгіл: амалсыздан, сонша, бекерге, бірталай

Мекен: қыстыгүні, бүгін, бірте-бірте, артта

Сын-қимыл: әдейі, бірқыдыру, кілең, осында, босқа (бейне)

Мөлшер: әрең, бұрынғыша, ертең, ала жаздай

Күшейткіш: өйтіп-бүйтіп, әрі-бері, әрмен

Мақсат: мүлдем, емін-еркін, осылай, қолма-қол

Себеп-салдар: бірталай, сәл, әжептәуір, ендігәрі

Бұл жаттығуды таблицаны карточка, перфокарта түрінде таратуға, немесе интерактивті тақта көмегімен орындауға болады.

2. Үстеу сөздерді орынды қолдану дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығу. Тапсырма шарты: берілген сөйлемдердегі үстеулерді мәндес үстеулермен алмастырып, салыстыру.

Көзінді ашып жұмғанша айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызды (ЫА).

Өтірік, өсек, мақтаншақ

Еріншек, бекер мал шашпақ (А).

Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға...

Жоғары-төмен үйрек-қаз ұшып тұрса сымпылдап...(А)

Ертегідегі жан-жануарлар адамша сөйлейді.

Ерен еңбегі үшін ардақтаймыз ананы.

Ала жаздай егіс басындамыз. Мұнша байлық оңай өсірілмейді. Нағыз бақыт – еңбекте.

Кілең сайдың тасындай ауыл азаматтары осында.

3. Берілген үстеулердің синонимдерін тауып, қатарларды толықтыру.

Әдейі - ...

босқа - ...

Ілгері - ...

амалсыздан - ...

Қыруар - ...

жылдам - ...

Тым - ...

әжептәуір - ...

4. Тұрақты тіркестердің қайсысы үстеу мәніне ие, үстеу сөзден баламасын табуға бола ма?

Көзді ашып-жұмғанша. Қас пен көздің арасында. Қол созым жер. Ат шаптырым жер. Сүт пісірім уақыт. Қозы көш жер, т.б.

5. Үстеудің емлесін меңгерту үшін орындалатын жаттығу. Емлесі ережені толықтырып, мысалдармен дәлелдеу.

- 1) • Негізгі және туынды үстеулер _____ жазылады. Мысалы: _____
- Сөздің бірігуінен жасалған үстеулер _____, _____ күйінде жазылады. Мысалы: _____
 - Түбір тұлғасын сақтап жазылатын күрделі үстеулер: _____, _____
 - Қос сөз түріндегі үстеулер _____ арқылы жазылады. Мысалы: _____
 - Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі үстеулердің әр сыңары _____ жазылады. Мысалы: _____

2) Берілген үстеулердің емлеге сай жазу, (бірге, бөлек, дефис арқылы)

Таңсәріде. Бірғыдыру. Таңертең. Қыстыкүні. Келесала. Қаннен – қаперсіз. Қолмақол. Бүрсүгүні. Бір талай. Орсан зор. Не дәуір ұзын. Алды артын. Тектен тек. Ертеден – қар кешке. Күнұзаққа.

3) Кестені толтыру. Өз ойыңнан бірнеше сөйлемдер жазу.

Бірге жазылатын үстеу	Бөлек жазылатын үстеу	Дефис арқылы жазылатын үстеу үстеу
-----------------------	-----------------------	------------------------------------

6. Ойнайық та ойлайық. Мақал-мәтелдерді үстеулермен толықтыру. Жұмбақтар шешу. Өлең жолдарын толықтыру.

Еріншекке ... оңай; Жалқаудың ертеңі бітпес.

... тұрған жігіттің ырысы артық, ... әйелдің бір ісі артық. Қатты жауған күн ... ашылады.

Таңертең төрт аяқты
Түсте екі аяқты
Кешке үш аяқты
Түнде бармын,
Кешке жоқпын
Ең ақылды баламын,
Тым ерекше баламын,
... ..
... ..

7. Ой ұшқырлығын дамыту. Жадында сақтау мүмкіндіктерін қалыптастыру мақсатындағы жаттығу. Ауызша орындауға негізделген. Әр оқушыға не топқа бағытталады. Жауап «жок», «иә» түрінде берілуі тиіс.

- Ала жаздай біріккен үстеу ме?
- Қолма – қол бірге жазла ма?
- Әдейілеп себеп-салдар үстеуі ме?
- Лезденің синонимі соншалық па?
- Бала зат есімінен үстеу тудыруға бола ма?
- Бағана мен әлгіде антоним бе?
- Өнтектің мағынасы сәл ме?
- Қыруарды талаймен ауыстыруға бола ма?
- Баяғыдан мөлшер үстеу ме?
- Лажым қалмады үстеу ме?

Жоғарыда атап өткеніміздей, ұсынылған жаттығуларды ауызша, жазбаша, тақтада, кестемен, үлестірмелі кеспе карточкаларымен, интерактивті тақта, басқа да техникалық құралдар көмегімен орындауға болады. Нәтижелі кабинет жабдығына, мұғалім тәжірибесіне, сынып дайындығына байланысты.

Айтылғанның бәрі мұғалім үшін жаңалық емес. Бірақ, қайта бір соғып, «Нені үйреттім?», «Қандай дағды мен іскерлік қалыптастырдым, жаттығудың орны және қызметі қаншалықты?» деген сияқты сұрақтарға үнілсе деген ойдан туған пікірді ортаға салдық.

ӘОЖ 378

ҚЫТАЙ ТІЛІМЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Жұмағали Қаныша

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Бұл мақалада қытай тілі мен қазақ тілінің грамматикасы және олардың айырмашылықтары, ерекшеліктері қарастырылған. Қытай тіл білімінің дамуы, сөз таптары, сан есімдері туралы айтылған. Жалпы тіл біліміне еңбек сіңірген ғалымдарының зерттеу нысанасы, еңбектері, пікірлері қарастырылған.

В этой статье рассматриваются особенности и различие грамматики китайского и казахского языков. В статье изложены развитие лингвистики китайского языка и части речи. Также рассматриваются мнения заслуженных ученых в сфере языкознания.

This article discusses peculiarities and differences of Chinese and Kazakh languages. This article devoted to the development parts of speech and linguistics of Chinese language. Here are used scientific researches, views, manuals which are done in the field of general linguistics.

Тірек сөздер: парадигма, лингвистика, лексика, грамматика, нумеративті сөздер, синхронды, контрастивтік зерттеу принциптері

Жүйесі бір-біріне ұқсамайтын тілдердің негізгі ерекшеліктерін салғастырмалы зерттеудің жалпы тіл білімімен қатар шет тілдерін оқыту жұмыстарында да мәні зор, маңызы жоғары. Біздің зерттеу тақырыбымыз қытай тіліндегі мөлшер сөздерді қазақ тілімен салғастыра қарастыруымыз осындай қажеттіліктен туындап отыр.

Қытай және қазақ тілдеріндегі мөлшер бірліктері туралы қазақ тіл білімінде шағын мақалалар мен азын-аулақ лингвистикалық зерттеулер жарық көргені болмаса, толықтай зерттелді деп айту қиын. Осыған орай қытай және қазақ тілдеріндегі мөлшер сөздерді ғылыми тұрғыдан жүйелей отырып, олардың лексикалық, грамматикалық қырлары бойынша тілде қалыптасқан заңдылықтар аясында салғастыра отырып, халық игілігіне жарату тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Зерттеудің өзектілігі сөйлеушінің ақиқат шындықтағы мөлшер мағынасының қазақ тілінде берілуін кешенді түрде зерттейтін жұмыстың қажеттілігімен және осыны білдіретін тілдің әр түрлі деңгейлік құралдарының парадигмасын айқындауға, семантикалық құрылымын зерттеуге арналған еңбектердің болмағандығымен айқындалады.

Контрастивті салғастырмалы лингвистика – тіл біліміндегі ең жас саланың бірі. Өлем тілдерін жоспарлы түрде синхронды салғастыра зерттеу ХХ ғасырдың 60-70-жылдарында көптеген ғалымдардың, әдіскерлердің еңбектерінде бастау алған болатын. Салыстырмалы лингвистика мәселелеріне деген ынта-ықыластың өсуін шет елдік Р.Ладо, В.Матезиус, В.Скаличка секілді ғалымдардың еңбектерінен көруге болады.

Құрылымы әр түрлі тілдерді салғастыра зерттеудің маңыздылығына ең алғашқылардың бірі болып академик Н.Л.Марр терең мән берген еді [1, 410]. Ол былай

дейді: «... нам нужны черты не только роднящие, но и разъединяющие, нам нужен анализ парносближаемых языков и в их расхождениях». Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, И.И. Мещанинов секілді көрнекті ғалымдар өздерінің еңбектерінде салыстармалы және салғастырмалы зерттеудің тіл білімінде алатын орны зор екендігін айқындап берді.

Жалпы тіл білімінде салыстыра және салғастыра зерттеу барысына көп еңбек сіңірген ғалымдар: М.М. Копыленко, С.Е.Исабеков, З.К. Ахметжанова, Э.Д.Сүлейменова, М.Т. Сәбитова, Т.А.Аяпова, Қ.Т.Рысалды, Н.С. Пак, К.К. Дүйсекова, А. Ислам, В.У.Махпиров, Г.Сағидолдақызы, Ж.Есеналиева т. б.

Салғастырмалы тіл білімін өзінің зерттеу нысаны, нақты мақсаты мен міндеттері бар дербес сала деп дәлелдеген У.К.Юсупов контрастивтік зерттеудің принциптерін атап көрсетті. Ғалым З.К.Ахметжанова салғастырмалы зерттеудің алты принципін айқындап берді. Ол әр түрлі тілдерді салғастыра зерттеудің ең басты принциптері ретінде семантикалық және функционалдық ұстанымдарды айрықша негіздеді және олар кейінгі зерттеулерге арқау болды, осылардың негізінде жан-жақты ашыла түсті.

Дж. Буранов лингвистиканың типологиялық салалары ретінде генетикалық типологияны, құрылымдық типологияны, ареалды типологияны, салыстырмалы типологияны өзара ажырата келіп, салыстырмалы типологияның контрастивті лингвистикамен ара-жігін айқындап берді [2, 440].

Қазақ тіл білімінде қытай тілі мен қазақ тілін салғастыра зерттеуге арналған Ф. Дәулетованың «Қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы фразеологиясы» (1999 ж.) атты кандидаттық диссертациясы, Т.Қалибекұлының «Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің құрылымы мен семантикалық ерекшеліктері» және Ж. Тұрсыналиқызының «Қытай және қазақ тілдеріндегі жай сөйлемдердің құрылымдық мағыналық топтары» деген еңбектерін атауға болады.

Тіл білімінде сандық және мөлшер мағыналы сөздер мен сөз тіркестері «түсіндірмелі сөздер» немесе «сандар мен зат атауларының арасында қолданылатын сөздер» (Гордлевский В.А.), «нумеративті сөздер» (Кононов А.Н. , Щербак А.М.), «сметтік есімдер» немесе «сметтік сөздер» («сметные имена», «сметные слова») (Баскаков А.Н., Кайдаров Ә.Т.) деп аталса, кейбір ғалымдар лексиканың бұл бөлігін атауда «сан-мөлшерді білдіретін сөздер» (Зейналов Ф.Р.) «мөлшерлік сөздер» (Летягина Н.И.), «есептеп шығарылатын» (считаемый), «есептеп шығарылмайтын» (несчитаемый), «санауға келетін» (исчисляемый), «санауға келмейтін» (неисчисляемый) сөздер, метрологиялық лексика, классификаторлар (Молчанова Л.А.), мезуративтер (Копыленко М.М., Акуленко В.В., Букреева С.А.), «халықтық номенклатура» (Дементьева Т.В.) деп атайды.

Зерттеуші Т.Г.Бугаева мөлшер, өлшем мағыналы сөздер мен сөз тіркестерін ішкі семантикалық құрылымдарына қарай *классификаторлар, сметтік сөздердің жиынтығы, өлшемдік атаулармен байланысы бар құрылымдар* деп үш топқа бөледі. Бұл терминдердің өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп, әрқайсысына жеке-жеке анықтама береді [3, 273].

Қытай тіл білімінің дамуы ертеден басталған, дегенмен көне заман қытай тілі грамматикасы туралы біршама жүйелі жазылған еңбектердің аз екендігі шындық. Бірақ бұл қытай тілі грамматикасы мүлде сөз болмады дегенді білдірмейді. Қытайдың бектер заманы ғылымның өркендеген дәуірі деп саналады. Тіл білімінің алғашқы өркендеуі осы кезден бастау алады. «Мөлшер сөз» атауының мағынасына келсек, ол *мөлшерлеу, шамалау* дегенді білдіреді. Қытай тіл білімінде 1898-1952 жылдар аралығындағы ғылыми еңбектерде мөлшерге берілген атауларда бірізділік жоқ екенін байқауға болады. 1898 жылы Ма Цзенчжүн (马氏文通) «Грамматика сауаты»

кітабының есім сөздер тарауында былай деген: «Өзі сөз емес, бірақ зат санымен қабысып келетін сөздер болады. Мысалы, *ат, арба* деген

Тек XX ғасырдың 50-жылдарынан кейінгі уақытта ғана қытай тіліндегі сөз таптарының құрамында ол жеке сөз табы болып, ресми атау алды. 1954–1956 жылдары құрастырылған «Қытай тілінің мектеп грамматикасының уақытша жүйесі» оқулығында: затты немесе кимылды білдіретін мөлшер сөздерге «сандық мөлшер сөз» деген анықтама берілген. Пекин университетіндегі «Қазіргі қытай тілінің грамматикасы» оқулықтарында мөлшер сөздерді қытай тілінің сөз таптары құрамына енгізу мәселесі бойынша кейінгі жылдарда мөлшер сөздерді зерттеушілер Хе Жие мен Го Сианжын мен Ли Үймин еңбектері аталады. Мөлшер сөздерге қатысты пікірлерді Жао Юанрен, Паул Кратович еңбектерінен кездестіруге болады.

Қытай Ұлттар Университеті филология факультетінің қытай тілі бөлімінің оқытушылары құрастырған «Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің қолданылуы» деген еңбекте мөлшер сөздерді заттық мөлшер сөздер, етістік мөлшер сөздер, күрделі мөлшер сөздер деп үш топқа бөліп, «заттық мөлшер сөздер заттардың санын мөлшерлеуді білдіреді», «етістік мөлшер сөздер әрекеттің немесе кимылдың ретін санауды білдіреді», «ал күрделі мөлшер сөздер екі мөлшер сөздің бірігуі арқылы жасалып, күрделі бір бірлікті білдіреді» деген анықтамалар берілген. Оны Жаң Ванчи (1992), Го Сианжын (1987) еңбектерінен табуға болады. Лүй Шусяң (吕叔湘) «Қазіргі қытай тіліндегі 800 сөз» деген кітабында мөлшер сөздерді: *жекелік мөлшер сөздер, жинақтық мөлшер сөздер, бөлшектік мөлшер сөздер (часть) (部分量词), сыйымдылық мөлшер сөздері (容器量词), уақытша мөлшер сөздер, өлшемдік мөлшер сөздер, тәуелсіз мөлшер сөздер, қимылдық мөлшер сөздер, күрделі мөлшер сөздер* деп топтастырады.

«Қазіргі қытай тілінде етістік пысықтау түрінің екінші бөлігі мөлшер сөз бола алмайды», дейді С.Е.Яхонтов және оны өз кітабында нақты мысалдармен дәлелдейді [6,102]. Мәскеу тіл білімі мектебінің мөлшер сөздерді зерттеушілері ғалым В.М.Солнцев пен оның ұстазы Н.Н.Коротковтың еңбектері ерекше орынға ие екендігін атап айта аламыз. Өз кітабында В.М.Солнцев жеке аффикстерден зат және нәрселердің мөлшерін немесе өлшемін білдіретін сөздерді бөлу қажет деп біледі. Мұндай сөздер тәуелсіз мағыналы сөздер болып, жекелік аффикстерінің алдында келіп, анықтауыш сипатына ие болуымен ерекшеленеді деп, оған *一碗茶 [yi wan cha] бір кесе шай, 一大碗茶 [yi da wan cha] бір үлкен кесе шай*, т. б. деген тәрізді мысалдар ұсынады. В.И. Горелов, О.М.Готлиб, В.А.Курдюмов және О.А.Омельченконың еңбектерінде қытай тіліндегі мөлшер сөздер «счетные слова» деп қарастырылған. Орыс қытайтанушыларының еңбектерінің басым бөлігінде мөлшер сөздерді «классификатор (счетные слова)» деп атаған.

Қытай тіліндегі заттық мөлшер сөздерді сауыт-сүйек жазбаларынан(甲骨文) кездестіреміз. Бұлар заттық мөлшер сөздер тұрмыстағы қажет бұйымдардың, саудасаттықта қолданылатын сөздердің негізінде пайда болғандығының дәлелі.

Ең алғашқы пайда болған мөлшер сөздердің өзіндік ерекшеліктері бар, яғни олар зат есімнен жасалғандығы анық байқалып тұр.

Ежелгі Қытайда ұлудың қабығы мен асыл тастар ақша бірлігі ретінде қолданылған. Сондай-ақ, ол табиғи көріністердің мөлшерін білдіру үшін де пайдаланылған. *羌百羌 [qiang bai qiang] қяннан жүз қян (ян-қытайдың бір ұлты), 田十田 [tian shi tian] атыздан он атыз* алдыңғы 田 [tian] заттың өзін білдірсе, соңғы田 [tian] мөлшерін білдіріп тұр.

Металл жазбаларында [金文] мөлшер сөздердің қолданылуы заттық мөлшер сөздер ретінде ғана кездеседі. Бірақ сауыт-сүйек жазбаларындағы мөлшер сөздерге қарағанда,

олардың мазмұны күрделірек, саны да көп. Ол мөлшер сөздер өлшем, ақша, сыйымдылық бірліктерін білдірген. Мыс.: 浮牛三百五十五牛 [fu niu san bai wu shi wu niu] *Сыырдан үш жүз елу бес бас. 羊廿八羊 [Yang nian ba yang] Қой басы жиырма сегіз тұяқ.*

Бір зат есімге ұқсамайтын бірнеше мөлшер сөз қолданылады, мыс.: 车[che] арбаға 两 [liang] , 乘 [cheng] мөлшер сөздері қолданылды: 浮车十两[fu che shi liang] *Он екі машина.*

Заттық мөлшер сөздердің дамуы аса күрделі, әрі ұласпалы. Себебі қоғамда мөлшерді өлшеудегі бірліктердің көбеюіне байланысты өлшем бірліктері де көбейген. Табиғи көріністерге, заттардың бейнелеріне қарай 个 [ge], 口 [kou], 张[zhang], 年[nian] жиі қолданылатын жекелік мөлшер сөздер пайда болып, дамыды.

1. Зат есімдердің мөлшерін шамалағанда, сан есімді қолдану әдісі әлі кең көлемде жүйелі арнаға түспеген кез;

2. [数词+量词] «сан есім + мөлшер сөз» құрылымы зат есімнің алдында қолданылған, бірақ салыстырып қарағанда, бұл құрылымының әлі де зат есімдердің соңынан қолданылуы жиі кездеседі;

3. Мөлшер сөздер әлі де кемелдену деңгейіне жетпеген, орны нақтыланбаған мөлшер сөздердің біразы әлі де болса сақталып қалған. Бір-біріне ұқсамайтын зат есімдерді бір сөйлемнің ішінде мөлшерлеген кезде, оны тек қана бір мөлшер сөзбен білдіруге болады. Мысалы, 车马二百五十五匹 [che ma er bai wu shi wu pi] *Арба атымен – 250.* Бұл мысалда атқа да, арбаға да匹[pi] мөлшер сөзі қолданылған. 将万二千人骑 [jiang wan er qian ren qi.] *Он мың әскер, екі мың ат.* Адамға да арбаға да бір мөлшер сөз қолданылған.

Лю Шыжу: «Қытай тіліндегі кимылдық мөлшер сөздер Вэй жин оңтүстік, солтүстік (魏晋南北) дәуірінде пайда болды немесе сол кездерде біртіндеп пайда бола бастады»,– дейді. Сондай-ақ Қытайдың Цинь дәуірі кезіндегі жазбалардан да кимылдық мөлшер сөздердің де қолданыста болғаны аңғарылады. Мыс.: 小乐正立于西阶东, 乃歌鹿鸣三终。 [Xiaole zhen li yu xi jie dong, nai ge lu ming san zhong], *ге лу өлеңін үш қайтара айтып шықты. 罗人欲伐之, 使伯嘉谋之, 三巡数之。 [Luoren yu fa zhi, shi bo jia die zhi, san xun shu zhe.]*

Ал қазіргі қытай тілінде бұл сөз мөлшерлік қызмет атқармайды, «终zhong» сөзіне сәйкес «遍 bian» мөлшер сөзі қолданылады. 2-мысалда «三巡数之 san xun shu zhe» «巡 xun» сөзіне қазіргі қытай тіліндегі «遍 bian» сөзі сәйкес келеді.

Көне қытай тіліндегі шығармаларда көп кездесетін тағы бір мөлшер сөз «一成yi cheng» «ұрып болу, соғып болу» деген етістіктік мағынаны көрсетеді. «一成yi cheng» сөзінің қазіргі қытай тіліндегі мағынасы «一下yixia» іс-әрекеттің қысқа мерзімде істелуін білдіреді. «一成yi cheng» «击之ji zhi» тіркесінің соңынан жалғасып толықтырғыш (补语) болып, іс әрекетті білдіретін «击ji ұру, соғу» кимылының мөлшерін білдіріп тұр.

一下xia – кимылдық мөлшер сөзі кимыл-әрекеттің қысқа уақытта және сол әрекеттің төмен қарай бағытталған рет санына қаратылады. Мыс.: 母乃仗祥背及两脚百余下。 [Mutai zhang xiang bei ji liang jiao bai yuxia]. *Шешесі қолына таяқ алып, Сиаңның арқасынан және екі аяғынан нешеме рет ұрды.*

遍Bian – іс-әрекеттің басталғаннан аяқталғанға дейінгі барысының мөлшерін білдіреді. Мыс.: 但读千遍, 自得其意。 [Dandu qian bian, zi de qi yi.] *Мың рет оқысаң, мағынасын өзің түсінесің. 画眉千度拭, 梳头百遍擦。 [Huamei qian du shi , shu tou bai bian liao.] Қасын мың рет сызып, шашын жүз рет тарады.*

Әлемнің тілдік бейнесін танудағы негізгі ұғым-түсініктердің біріне мөлшер, өлшем мазмұны да кіреді. Қытай тілі мен қазақ тілінде, ауызекі тілде де, жазба тілде де белсенді қызмет атқаратын мөлшер лексемаларының аясы ауқымды болып келеді. Қалыптасқан үрдіске сәйкес қазақ тіл білімінде сандылық категориясына, әдетте, өзара ұқсас, бірақ белгілі бір тұрғыдан тәуелсіз екі ұғымға: көптік ұғымы мен мөлшер ұғымына байланысты құбылыстар жатқызылады.

Қытай тілі аса күрделі тіл болғандықтан, онда мөлшер сөздердің саны көп және әрбір мөлшер сөздің ойды анықтайтын, толықтайтын, сипаттайтын өзіне тән қызметі бар. Сондықтан олардың бірінің орнына бірін ауыстырып қолдануға келмейді. Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің қолданылуы сөз тіркесіндегі немесе сөйлемдегі білідретін мағынасы жағынан, мөлшерлік мағынасымен, құрылымдық қызметі жағынан жіктеліп, ерекшеленеді. Ал қазақ тіліндегі мөлшер сөздер жеке сөз табы ретінде қарастырылмағанымен, тілде атқаратын қызметтеріне қарай олар сан есімдердің құрамындағы нумеративті сөздер немесе өлшем сөздер, шетті сөздер, есептік сөздер деп аталып жүр.

Мөлшер сөздердің сезімдік, формалық және тілдік ренктерін нақты білу мөлшер сөздерді дұрыс қолдануымызға көмектесіп қана қоймай, оларды шебер тандай білуімізге көмектеседі, тілді одан да көрікті қыла түседі.

Қорыта келгенде, шетел тілінің жүйесін саналы түрде меңгеру барысында ана тілімен салғастыру қазақ тілінің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын жүйелі түрде, тереңірек түсінуге, меңгеруге, пайымдауға жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Буранов Дж. Сравнительная типология английского языка и тюркских языков.— М.,1983. 264 с.
2. Ма Цзен Чжун [马氏文通]. Грамматика сауаты. —Пекин,1898.
3. Яхонтов С.Е Категория глаголов в китайском языке.— Ленинград, 1957
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. — Алматы, 1991. - 384 б
5. Лүй Шушян Қытай грамматикасының қысқаша очеркі. —Пекин, 1956. — 290 б.

UDC 378.147.2:811.112.2.

USING COMPUTER TECHNOLOGIES IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE

Katenova M.R., Kalizhanov N.N.

Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan city

kalizhanovn@gmail.com

Мақалада бүгінгі таңда шет тілін оқытудағы компьютерлердің қолданылуы жайлы сөз қозғайды. Күннен күнге жаңарып, өзгеріп жатқан технологиямен бірге заманға сай жүру қиынға түсуіне байланысты, технологияның соңғы жылдары қалай өзгеретінін болжау оңайға түспейді. Алайда сыныптарымыздағы білім алушылар дәл солай қалады. Сондықтан, осы технологияның қалай дамитынын талқылаудың орнына, оның қабілеттерін анықтап оқытуда қолдану методикасын ойластыру дұрыс болар.

Следующая статья затронет тему об использовании компьютерных технологий в изучении иностранного языка. Очень трудно идти в ногу со временем с таким развивающимся технологией. В то же время аудитория, изучающая иностранный язык, останется тем же. Будет разумнее выявить способности компьютера и изучить, как оно может быть использовано в обучении иностранного языка.

Nowadays, the technology is changing so rapidly, one just cannot follow its rate. It will be more reasonable to focus on the abilities of the machines rather than the hardware. Yesterday we had Pentium 3 computers. Today we have small laptops, notebooks, i-phones, etc. The question is how we will use them in our education.

Key words: computer, development, teaching a foreign language, classroom activities, communication.

Coming to the twenty first century, we all know that, it is the generation of development and high technologies. Today we have so many devices to help in our studies that we even sometimes hesitate which one to choose. Starting from PCs to our cell phones, mp3 players (the gadgets used in everyday life and which could be used in education as well) are good examples. These gadgets are of a great use and very practical making the teacher's tasks very easy to carry out. Visual aids, listening materials, visual audio, etc. are more accessible through electronic devices rather than finding cards, posters required for the lessons. The continuously advancing technology has been making our studies much easier lately. You don't have to spend much time preparing maps, cards, pictures, etc. Just open your computer and "GOOGLE" any material you need. Thousand tones of information are available from anywhere in the world through the World Wide Web.

Since the late 1980's it has become more apparent that computers are going to replace most of the classroom's materials. This was because of the growing interest of the educators in applying technology in the classroom and making predictions about how it would affect the modern education. Today more and more of this can be seen in our classrooms: computers in every classroom, projectors, sound systems, etc. This goes true mainly for western and European countries. In countries like Kazakhstan located in central Asia it started in late 1990's. Now that globalization has started, in many countries worldwide, computerizing is taking place throughout these countries.

Unfortunately, with the technological development there comes out the financial barrier. Everybody realizes that rapid growth of the technology but the finance and the bureaucratic support do not always fit the requirements for the whole classes. For instance, if we take our schools into consideration we can apparently say, that it is equipped well enough for a students' demand for learning. But during the course of learning, most teachers realize the software or hardware are not up to date or either do not meet the standards of a modern classroom.

In our schools, most of the classrooms are equipped with computers, active boards and projectors. But the active boards are not used for what they are for. They are mainly used as 'blackboards' and background for projectors. In rare classrooms they are used for the instructions. Most of our schools still use the 'blackboard and white chalk', whereas in developed countries 3D holograms are used to teach many students at a time (of course, this is not very common for all of the European countries).

However, the quality of education mainly does not depend on the forms and functions of the technology. According to *Maggie Sokolik*, in "Computers in Language Teaching", good teaching methodology depends more on sound pedagogy than on access to any particular form of computer technology. There is also the fact that today's technology is growing so fast one cannot just follow its rapid change. So the main focus will be set mostly on methodology rather than the hardware.

In forecasting the technological future, it is essential to take into consideration the capabilities of computer in teaching, and what can be done in the language classroom which will remain current even if the technology does not [1].

The computers however are not, of course, capable of fully replacing the teachers. There are still some fields which should be upgraded. They are: text translation, providing a good feedback, essay making (everything concerning making sentences), grammar checking.

There are hundreds of translating tools and software for translation, although it has not been realized for the most part. These translating machines make such mistakes that a native speaker would consider it not even idiomatically or grammatically correct. These programs are capable of translating simple sentences with little idiomatic usage. Any deviations from these formula cause serious breakdowns in the comprehensibility of machine-translated text.

An example of a machine translation, completed July 21, 2000, is presented on the previous page. The text is taken from the opening of the play *Cyrano de Bergerac*, written in French by Edmond Rostand (1987). The first column is the original text, the second, a translation done by a human translator, and the third, an example of machine translation. (*Teaching English as a second or Foreign Language Third edition, by Marianne Celce-Murcia, p. 478-479*).

It is obvious that the machine fails in some features. Firstly, it does not have the required database for nineteenth century idiom. Moreover, essential issues are disturbed too: the inability to distinguish plural forms (“Riders, middle-class man, lackey, pages”) and the misinterpretation of the preposition à as “with” rather than “at” (“A Representation with the Hotel of Burgundy”).

From this example you can clearly see that computers are fully capable of neither making nor translating full texts [2].

Nevertheless, there are a lot more activities and forms of study where machines are of a good use and even surpass human abilities in some points. Gathering and storing big data, drill exercises, adaptive testing, distant communication where human memory may be deficient, or where human patience may be exhausted. Simple classroom video, recording and reviewing are the examples of machine’s advantages over humans.

Much of language learning is maintained by repeating, whether it may be a sound, a word or a phrase. Unlike a human, who can get tired of repeating the same sentences, words or sounds, a computer is tireless and can repeat anything hundred times if needed. McCarthy (1994) says that computers have special advantages: organization of material and random presentation, scoring and record-keeping, graphics and animation.

But the most common use of the computers is the Internet. It is to say that computers are mainly used as a means communication making it a good choice for learning a foreign language. We call it Computer Mediated Communication (CMC) [3].

Communication through computers exists in two types synchronous and asynchronous (real-time). E-mailing is considered as asynchronous. It is a good choice for an activity outside the classroom. Many things have been said about this and many activities have been designed for such kind of communication.

ORIGINAL	HUMAN TRANSLATION INTO ENGLISH	MACHINE TRANSLATION INTO ENGLISH
<p>Acte I. Une Representation l'Hotel de Bourgogne. <i>Scene I.I.</i> Le public, qui arrive peu à peu. Cavaliers, bourgeois, laquais, pages, tire-lane, le portier, etc., puis les marquis, Cuigy, Brissaile, la disturbutrice, les violons, etc.</p> <p>(On entend derrière la porte un tumulte de voix, puis un cavalier entre brusquement.) LE PORTIER (le poursuivant): Hola! Vos quinze sols!</p> <p>LE CAVALIER : J'entre gratis ! LE PORTIER : Pourquoi ? LE CAVALIER : Je suis cheveau-leger de la maison du Roi ! LE PORTIER : (à un autre cavalier qui vient d'entrer) : Vous ? DEXIME CAVALIER : Je ne paye pas ! LE PORTIER : Mais... DEUXIEME CAVALIER : Je suis mousquetaire.</p> <p>PREMIER CAVALIER (au deuxième): On no commence qu'à deux heures. Le pqrterre est vide. Exerçons-nous qu fleurent.</p>	<p>Act I. A Representation at the Hotel de Bourgogne. <i>Scene I.I.</i> The public arriving by degrees. Troopers, burghers, lackeys, pages, a pickpocket, the doorkeeper, etc., followed by the marquises; Cuigy, Brissaile, the buffet-girl, the violinists, etc.</p> <p>(A confusion of loud voices is heard outside the door. A trooper enters hastily.) THE DOORKEEPER (following him): Hollo! You there! Your money! THE TROOPER: I enter gratis. THE DOORKEEPER: Why? THE TROOPER: Why? I am of the King's Household Cavalry, 'faith! THE DOORKEEPER (to another trooper who enters): And you? SECOND TROOPER: I pay nothing! THE DOORKEEPER: How so? SECOND TROOPER: I am a musketeer.</p> <p>FIRST TROOPER (to the second): The play will not begin till two. The pit is empty. Come about with the foils to pass the time.</p>	<p>Act I. A Representation with the Hotel of Burgundy. <i>Scene I.i.</i> The public, which arrives little by little. Riders, middle-class man, lackey, pages, footpad, the gatekeeper, etc., then marquis, Cuigy, Brissaile, the saddle jib crane, violins, etc.</p> <p>(One hears derrière the a tumult of voice, then a rider enters abruptly.) The GATEKEEPER (the prosecutor) : Hola! Your fifteen grounds!</p> <p>THE RIDER: I enter gratis! The GATEKEEPER: Why? THE RIDER: I am cheveau- light house of the King! The GATEKEEPER (with another rider who has just entered): You? SECOND RIDER: I do not pay! THE GATEKEEPER: But. SECOND RIDER: I am a musketeer.</p> <p>FIRST RIDER (with the second): One starts only at two hours. The floor is empty. Exert we with the foil.</p>

E-mail Activities [4].

Teacher ↔ Teacher	Teacher ↔ Student	Student ↔ Student
Use e-mail discussion lists for peer support	Submit assignment by e-mail rather than on paper	Discuss current events among groups of geographically dispersed students
E-mail mentoring with master and pre-service teachers	Class announcements	Peer Collaboration on assignments
Receive resources such as syllabi and class materials from other instructors	Question and answer sessions outside of class time	Group work conducted electronically

Concerning digital video it is found to be the most satisfying way of communication allowing the learners not only to focus on the target language, but also combines both listening and speaking skills using images. Moreover, most of the students of all age find it interesting.

In conclusion, we can honestly say that computers have equipped educators and instructors with a lot of tools which can be of a very good use in language learning.

The invention of the Internet has made us change our minds about computer based teaching. Electronic journals, online assignment, assessment, e-mail, etc. all of these are widely used throughout our country today.

But, machines nowadays are mainly used as a means of communication rather than bringing drill exercises or other activities. Thus most classroom activities are centered on the Internet. Millions or even billions of e-mails are sent everyday among computer users.

An enormous amount of information can be found on reading on any topic you wish which are available 24 hours a day on the Web and the chance of communicating with people from all walks of life motivates people to learn and study.

We cannot apparently say anything about the future technology but it could be said that we can no longer ignore its growing power and force which is changing cultures worldwide.

Besides, the government, in its turn, is providing the conditions for development of informational technologies, supplying educational centers and classes with computers, interactive technologies and multimedia classrooms.

REFERENCES

- Teaching English as a Second or Foreign Language. (Third edition) by *MARIANNE CELCE – MURCIA 2004*
- New Ways of Using Computers in Language Teaching by *BOSWOOD T. 1997*
- Dave Sperling’s Internet Guide by *SPERLING D. 1998*
- Teaching English as a Second or Foreign Language. (Third edition) by *MARIANNE CELCE – MURCIA 2004*
- В.Л. Каушанская *English grammar* (1986).

ӘОЖ 88.015.39

«ЕЛ БҮГІНШІЛ, АЛ ОЛАРДІКІ ЕРТЕҢГІ ҮШІН...»

Ш.А. Кыяхметова, ф.ғ.к., доцент

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ., Aset_Shara@mail.ru

Мақалада ХХ ғасырдың бас кезіндегі саяси-әлеуметтік оқиғалар, олардың мәдениеттің, әдебиеттің дамуына тигізген әсері, ұлт зиялыларының ерен еңбектері жайлы айтылады.

В статье излагаются социально-политические события начала ХХ века, их влияние на развитие культуры и литературы, а также о значимых трудах национальных деятелей этого периода.

The article deals with the socio-political events of the 20th century and their development in the culture and literature and also is said about the work of nation authorities.

Тірек сөздер: Әдебиет, мәдениет, баспасөз, жанр, қайраткер.

Кез келген әдебиет бір күннің төңірегінде өрбитін немесе белгілі бір тарихи кезеңнің оқиғасын баяндайтын тар ұғымды дүние емес. Мәдениеті бай елдердің әдебиеті де қаз тұрып, қалыптасқанша қоғамның дамуы секілді толып жатқан өзгерістерді қорытындылай келіп, алдымен өз халқының, кейін жалпы адамзаттың ортақ игілігіне айналады. Бұл - заңды құбылыс.

ХХ ғасыр – қауырт қоғамдық құбылыстар ғасыры. Қазақ халқының тарихында бүкіл қоғамдық даму өзгеріске ұшырап, Ресей патшалығы әдейі тұмшалаған ой-сананың ояну дәуіріне жол ашқан кезең. Тарихи ұлттық сана түлеп, жаңғырықты. Бұл кезеңде өмір сүрген қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, Ә. Ермеков, Ж. Ақбаев, т.б. танымал тұлғалар ұлтты басқа халықтармен терезесі тең даму жолына бастай білді. Ұлт зиялылары қазақ қоғамының оянуына атсалысып, халықтың құқықтық, эстетикалық санасы мен өнегелі ой-өрісіне зор ықпал етті. Қазақ зиялылары өздерінің мақалалары мен көркем шығармаларын Қырым татарларының «Тәржіман», Еділ бойы татарларының «Шора», «Уақыт» сияқты басылымдарында жариялады. Онда патша үкіметі әкімшілігінің қазақтардың ежелгі заманнан бергі ата қонысын тартып алу саясатын сынады. Мақала авторлары сонымен қатар қазақ халқына христиан дінін күштеп таңып, оларды шоқындыруға, қазақтың ана тілін қолданыстан ығыстырып шығаруға тырысқан келенсіз әрекеттеріне қарсы күресті.

Бұл дәуірдегі ақын-жазушылардың, білікті азаматтардың бәрі дерлік медреседе білім алып, саяси көзқарасы қалыптасқан, ел қамын жейтін қайраткер дәрежесіне дейін көтерілген еді. Ресей империясының отарлау ісі дін мен тілге ауыз салып, елдіктен кетіре бастаған тұста, Байтұрсыновша айтқанда, «Енді жату жарамастың» кезі келді. Қоғамдық ойға көшбасшы жаңа тұрпатты қоғамдық-саяси әрі әлеуметтік күш қажет болды. Бұндай күш алғашында ана тілінде сауат ашып, сонан соң медреселерде оқып, өз ұлтының тарихы мен ұлттық ерекшелігін жете танып-білген, түркі тектес ғұламалар мен ойшылдар танымынан тағылым алған, кейіннен орыс оқу орындарында тәрбиеленіп, білімін жетілдірген, сөйтіп, елі үшін қызмет етуге даярланған, яғни «Шығыс» пен «Батысты» тең игерген алғашқы қазақ зиялылары болатын.

ХХ ғасыр басында биік даму сатысына көтерілген «Ғалия» медресесі Ресейдегі алдыңғы қатарлы оқу орны болған. Осы оқу орнында дін сабақтарымен қатар математика, физика, химия, тарих, философия және басқа да пәндер оқытылған. «Ғалия» медресесінен талай қазақ балалары білім алып, ұлттық рухты, ұлттық сананы

оятуға аянбай еңбек етті. Ғалым Ахмедовтің деректеріне сүйенсек, оны 70-тен аса қазақ балалары бітіріп шыққан. Олардың ішінде М.Жұмабаев, А.Мәметов, Б.Майлин, т.б. аса талантты да дарынды қазақ ұлдары бар. Ал Орынбордағы «Хүсәйния» медресесінде Қ.Жұбанов, Ш.Сарыбаев, Б.Сүлеев, Х.Болғанбаев сынды азаматтар оқыған. Осы азаматтардың ғылымда, әдебиетте, қоғамдық өмірде атқарған қызметтері Алаш қауымына белгілі. Бұлар өз білімдерін медреседен алған еді.

«Галия» отличалась от многих медресе не только постановкой учебного процесса, но и Свободолюбимым Духом. Здесь были диспуты, лекции, литературные вечера, издавались рукописные журналы на татарском, казахском, узбекском языках. Учащиеся живо откликались на революционные события. Крупная забастовка шакирдов состоялась в 1912 году» [1,36] деген мәнді хабарлар мен деректер біраз жайдан мағлұмат берсе керек.

Сонымен «Галия» медресесі 12 жыл өмір сүрді. Профессор Қайыржан Бекхожин «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» деген еңбегінде [2] «Галияны» бітірген 154 қазақ шәкірттері төте оқу мектептерін ашып, бала оқытқандары жайында тиянақты дерек келтіреді. Одан кейінгі екі оқу жылын қосқанда ең аз дегенде екі жүздей қазақ жастары жоғары оқу деңгейіндегі медреседен білім алып, елге пайдалы еңбек етті деп шамалауға болады.

1913 жылы Ә. Бөкейханов ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілері А. Байтұрсынов және М. Дулатовтармен бірге тұңғыш жалпыұлттық баспасөз ұйымы - «Қазақ» газетін ұйымдастырды. «Қазақ» газеті апталық басылым болып жарық көрді. Ол Орынбор қаласында шығып тұрды. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейхановтар барша қазақ елінің мүддесін білдіретін ғасырдың ұлттық газетін құра білді. Олар «Қазақ» газетінің төңірегіне Шәкәрім Құдайбердіұлы, Халел Ғаббасов, Хайретдин Болғанбаев, Ғұмар Қарашев, Райымжан Мәрсеков, Мұхтар Саматұлы сияқты көптеген көрнекті қайраткерлер мен ақындарды топтастыра білді. Баспасөз қызметінің қаншалықты зор болғандығының бір белгісін біз М.Әуезовтің мына бір сөзінен ұғамыз. «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті. «Қазақ» газетінің мезгілі әдебиетте ұлтшылдық туын көтерген мезгілмен тұстас» [3,231], - дейді ұлы жазушы, ғұлама ғалым. «Қазақ» газеті ХХ ғасырдың басындағы азаттық қозғалысының стратегиясын анықтап берді. Газет бетінде жарияланған мақалалардың едәуір бөлігі тіл мен әдебиет, мәдениет пен тәрбие, халық санасын жетілдіруге арналды, халық ағарту, кітап шығару мәселелеріне басымдық берілді. Ә. Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары отаршылдықтың мәнін ашып көрсетті, газет мұсылман діні мәселесі бойынша ғылыми негізделген бағыт ұстанды. «Қазақ» газеті қазақ халқы тарихының бетбұрысты кезеңінде шығарылды, өз ұлтының көкейкесті мүдделеріне адал қызмет етті. Ол бүкіл қазақ халқын өзінің төңірегіне топтастыра білген ұлттық-саяси және ғылыми-әдеби басылым болды.

Газет беттерінде халыққа білім беру, ұлттық сана-сезімді ояту хақында көптеген құнды дүниелер жарық көрді. Ә. Бөкейхановтың қаламынан көптеген тарихи және этнографиялық туындылар, атап айтқанда, «Қазақтар», «Сұлтан Кенесары Қасымовтың тарихына қатысты материалдар», «Қарқаралы уезіндегі қырғыздардың рулық құрылымы» және Абай қазасына арналған «Абай Құнанбаев» атты қазанамалық мақаласы, тағы басқа зерттеулері жарық көрді.

Қоғамдық ой-сана мен әлеуметтік дамудың айнасы баспасөз десек, аталмыш кезеңде оянған сананың ұясына айналған көрнекті басылымдар мәдениет рухын септі. Ресейде болған төңкеріс дүмпі нәтижесінде қазақ газеттерінің екінші бір үлкен шоғыры, жаңа сипаттағы еркін басылымдар дүниеге келді. «Серке» (1907), «Қазақ» (1907), «Қазақстан» (1911-1913), «Ешім даласы» (1913), «Қазақ» (1913-1918), «Сарыарқа» (1917-1918), «Алаш» (1916-1917), «Бірлік туы» (1917-1918) т.б. басқа газеттер қазақ ұлтының саяси-әлеуметтік ой-санасына түрткі салып, заманның

көкейтесті мәселелерін қозғады. Бұл басылымдар елдегі жаңалықтармен қоса орыс классиктері, зерттеуші ғалымдары, саяхатшылары, атақты адамдар жөнінде жазылған материалдармен солардың шығармаларынан үзінділер жариялап тұрды.

Олар отарлық саясаттың езгісінде отырған қазақ халқының бостандығы мен азаттығын аңсап, ел-жұртын ғылымы мен білімі өркендеген халықтар санатында көруді қалады. Қазақ халқының дүниетанымына әсер етіп, көзқарасын кеңейтіп, прогрессивтік, ағартушылық, бағытта қызмет атқарғанын анық байқауға болады.

Қазан төңкерісі қарапайым халықтарға азаттық әкелгенімен, қазақ жұртшылығы сан жылдар бойғы отаршылдық қамытынан босай алмады. Алаш арыстарының бірі А. Байтұрсынов «Революция және қазақтар» атты мақаласында қазақ халқының Ақпан және Қазан төңкерістерін қалай қарсы алғандығы жөнінде баға бере келіп, большевизмді қабылдауға еш дайын еместіктерін ескертеді. Сонымен бірге ол: «Россияның орталық аудандарында большевиктік қозғалыстың қалай өткендігі ең, қазақтарға белгісіз, ал шет аймақтарда барлық жерде зорлық, қиянат жасау және ерекше диктаторлық өкімет билігімен қатар жүргізіліп отырды. Тоқ етерін айтқанда, ол қозғалыс шет аймақтарда революция емес, барып тұрған анархия болды... Егер мұны бұрын патша чиновниктері атаған адамдар тобы жүргізіп отырса, енді мұндай әрекеттерді большевиктер, коммунистердің атын жамылған адамдар тобы жүргізіп отырды» деп революция шындығын алдымызға жайып салады.

Жаңа дәуір әдебиеті өзінің даму, кемелдену арнасына біржолата түсті. Реалистік, романтикалық сарын жарыса өрілген, ұлттық тарихи сананың оянуына бастаған, жаңашылдық рухындағы әдебиет бірте-бірте көш түзеп, қазақ қоғамының рухани тіршілігінде басымдыққа жетті. Әдебиет белгілі деңгейде ұлтты дамытудың әмбебап құралына айналды. Әдебиет тарихынан мәлім әр жанрдағы көркем әдеби мұраларға, көркем әдеби, публицистикалық жазбаларға қарағанда, XX ғасырдың басындағы ширек ғасыр қазақ әдебиетінің бәз қалпында даралық танытқан, халық тағдырының өртіне түсіп, санасынан сартап болған ұлттық мүденің тізгінін қолға алған сәті деп қараған дұрыс.

«XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті – ұлы дәуірдің: ілгерілеулер, күрес, көтерілістер, сұрапыл соғыстар, қиян-кескі төңкерістер дәуірінің әдебиеті. Күрделі көп қырлы әдебиет» [4,212], – деп тұжырымды баға берді профессор Бейсенбай Кенжебаев.

Қазақ қоғамының оянуына, сілкінуіне сол кезеңдегі қазақ баспасөзі өлшеусіз үлес қосты. Бұл қатарда ұлттық қозғалыстың серпінді болуына, қарқынды өрістеуіне зор ықпал жасаған «Қазақ» газеті. «Қазақтан» кейінгі алаштық идеяны Х.Ғаббасов пен Р.Марсеков шығарушылары болған «Сарыарқа» газеті және М.Шоқай шығарған «Бірлік туы» газеті өрістетіп отырды. Бұл газеттер қазақ баласының бойына ұлттық сезімді, ұлттық ождан мен абыройды сіңірді. Қазақ ғылымының тууына Алаш зиялыларының тікелей ықпалы тигені бәрімізге белгілі. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының басында Ахмет Байтұрсынов тұрса, медицина, биология, табиғаттану салаларынан Х.Досмұхамедов, математикадан М.Дулатов пен Ә.Ермеков, психологиядан Ж.Аймауытов, педагогикадан М.Жұмабаев, ауыл шаруашылығынан Т.Шонанұлы, Қ.Кеменгерұлы арнайы еңбектер жазды.

Қазақтың жазба әдеби тіліндегі публицистикалық стильдің қалыптасуы 1905-1918 жылдар аралығында баспасөз құралдарының көбейе түсуімен түсіндіріледі. Осы тұстағы баспасөз беттерінен тілімізде публицистикалық стильдің қалыптаса бастағанын көреміз. «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Алаш», «Жас азамат» газеттерінен және «Айқап» журналынан т.б. баспасөз құралдарынан қазақ сөзінің қоғамдық-әлеуметтік саланың әртүрін көрсететін лексикасының стильдік реңктерге ие бола бастағанын байқаймыз.

Қазақ кітаптарының даму тарихына арналған еңбектерде ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ кітаптарының сапалық жағынан да, сандық жағынан да күрт өсуі дәлелді айтылған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 1907 жылы үш бірдей жинағы (Қазан, «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқа кімдікі екендігі») оқырмандар қолына тиді. 1909 жылы Санкт-Петербургте ұлы Абайдың өлеңдері мен А. Байтұрсыновтың «Қырық мысал» атты кітабы жарық көрді. Осы жылы Қазан қаласында М. Дулатовтың атакты «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы басылып шықты. Кейіннен «Бақытсыз Жамал» романы, «Азамат» және «Терме» атты шығармалары жарық көрді. Ғ. Қараштың «Бала тұлпар» (1911), «Қарлығаш» (1911), «Тумыш» (1911), «Аға тұлпар» (1914), «Тұрымтай» (1918) атты өлеңдер кітабы іркестіркес жарық көрді. Нұржан Наушабаевтың «Алаш» (1910), Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» (1911), Мағжан Жұмабаевтың «Шолпан» (1912), Бекет Өтетілеуовтің «Жиған - терген» (1914), Сәкен Сейфуллиннің «Өткен күндер» (1914), Сәбит Дөнентаевтың Уфада «Уақ-түйек» (1915) жинақтары дүниеге келді.

ХХ ғасырда қоғамдық қарым-қатынастардың жеделдеуі, баспагерлік істің қанат жаюы, әдебиеттегі әртүрлі көркемдік-жанрлық терең түлеулер эстетикалық танымның жаңашылдығына бастады. Осы тұста кәсіби әдебиетке тән басты жанрлардың бәрі де әртүрлі деңгейде көрінді. Прозаның кесек жанрлары, әдеби сын, әдебиеттану, аударма, драматургия жедел даму үрдісін танытты.

Өткен ғасыр басындағы ақындар алдында қазақ даласының саяси-әлеуметтік жағдайынан, рухани-психологиялық ахуалынан туындайтын сан-алуан тақырыптар тұрды. Мұның өзі лирикалық идеяға көп міндет жүктеді. Халық өмірінің әрбір сәтін қалт жібермеуге ұмтылатын лирика жанрының маңызы ерекше артты.

ХХ ғасырдың басында идеялық мазмұны жағынан басым жырланғаны – саяси-әлеуметтік өлеңдер. ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясындағы зар заман ағымының заңды жалғасы болған әлеуметшіл, заман сырларын халықтың бүгінгі мен болашақтағы тағдырымен қоса толғайтын ақындардың ағартушылық-демократиялық көзқарастарында сыншыл реализм көркемдік әдісіне негізделген өткір туындылар туды. Зерттеуші М.Базарбаевтың ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы осы құбылысқа байланысты айтқан: «Саяси-әлеуметтік өлең-жырлар – кезеңдік поэзияның саяси мәселелерді көтеріп, әлеуметтік мақсат-мүдделерді паш ететін саласы. Қоғам өзгеріс алдында, бұқара толғаныс үстінде тұрған алмағайып кезеңде саяси-әлеуметтік өлеңдердің белсенділігі арта түсетіні белгілі. А.Байтұрсынов, М.Дулатовтардың отаршылдық езгі, қазақ қамы туралы өлең, жырлары – соның айғағы» [5,253] деген пікірі шындық.

Шәкәрім Құдайбердиевтің «Бостандық туы жарқырап», «Бостандық таңы атты», Ахмет Байтұрсыновтың «Маса», «Сөз иесіне», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ», «Шағым», «Сырым», «Жас қазақтар, қайдасындар», «Тұңғыш құрбан», «Алашқа», Мағжан Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма», «Тез барам», «Мен жастарға сенемін», «Бостандық», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Арманым», «Жарлау», «Міне, алақай», «Тұтқындағы Байтұрсынның «Масасына», «Сарыарқаның жаңбыры», «Алаш ұраны» және т.б. осы сарында жазылған. Қазақ лирикасының саяси-әлеуметтік белсенді сарынға көшуі - ұлттық оянуға түрткі болған поэзияның әртүрлі ықпалдылығын күшейте түскендігінің белгісі.

Зерттеуші М.Базарбаевтың пікірі де осы ойымызды дәлелдей түседі: «Қазақтың демократиялық мәдениетінің өсіп-өркендеу сәті қазақ интеллигенциясының қалыптасу кезеңі еді. Әлеуметтік құрамы жағынан да, саяси көзқарасы жағынан да әдебиет және оқу-ағарту қайреткерлері сан түрлі күйді басынан кешті. Олардың түсінігінде айқын бір-ақ мәселе болды, ол - бостандыққа, теңдікке ұмтылу, халқының мәдениеті мен бақыты үшін күресу».

Алаштың қалам қайраткерлері қазақтың тұңғыш романдары мен драмалық шығармаларын, алғашқы әдеби-сын мақалаларын дүниеге келтірді. Қазақтың сөз өнерін жанрлық жағынан да, идеялық-көркемдік жағынан да байытып, жазба әдебиетін қалыптастырды. Алаш қаламгерлерінің ерен қабілеті, ұлтына деген ерекше махаббаты, туған жұртының бүгінгісіне көңілі толмаған күдігі мен азат болашағына сенген үміті кейінгілерге үлгі боларлық әдеби туындыларды өмірге әкелді.

Поэма жанры да биік белеске көтерілді. Мұхаметжан Сералиннің реалистік, романтикалық сипаттағы «Топжарған» (1900ж.), «Гүлһашима» (1903 ж.) поэмалары, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың азаматтық рухы күшті, реалистік сарыны басым «Таныстыру» (1918), «Адасқан өмір» (1918), «Кедей» (1919), «Қайғы» (1919) поэмалары, Ығылман Шөрековтың тарихи реалистік суретке толы «Исатай-Махамбет» поэмасы, Шәді Жәңгіровтың «Назым чәһар дәруіш» (1913), орыс-қазақ тарихи қатынастарының шынайы шежіресіне негізделген «Ресей патшалығында Романов нәсілінен хұкмыранлық қылған патшалардың тарихтары һәм ақтабан шұбырыншылық заманынан бері қарай қазақ халқының ахуалы» (1912), «Тарихнама», «Ибраһим пайғамбардың хикаясы», «Назым Сияр Шәриф немесе Пайғамбардың ақ жолы туралы», Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Гүлшат-Шеризат», «Жер мен көк», «Хаятбақшы», «Миғраж», «Қиямет күн», «Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы», Шәкерім Құдайбердиевтің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Ләйлі-Мәнжүн» дастандары. Осы кезеңде заман талабына орай поэма жанрының реалистік, тарихи, азаматтық, философиялық сипаты, ұлттық рухы айқындалып, күшейді.

Ұлттық драманың алғашқы туындылары ХХ ғасыр басында бірте-бірте ел ішінде тарала бастады. 1914 жылы Семейде өткен әдеби кеште Біржан- Сараның сахналанған көрінісі, Атбасарда 1916 жылы М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы сахнаға қойылған. Ал Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы (1917 ж.) - қазақтың алғашқы сахналық қойылымы.

ХХ ғасыр басындағы әдеби дамуға қарап отырып, проза жанрының өркендеуін жанрдың ұшталуымен ғана емес, соған сәйкес көркем мазмұнның пайда болуымен, көркемдік жағынан ерекшеленуімен де түсіндіруіміз керек.

Мерзімді баспасөзде жарық көрген шығармалардың басты тақырыптары: оқу ағарту, жастардың, әсіресе, қазақ қыздарының бас бостандығы, қазақ халқының Ресей отарлау саясаты салдарынан ата-қонысынан айрылу, сауда-саттық, ақша қатынастарының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрді бұзуы, т.б. Кейіпкерлер портреті, әрекеті, мінез-құлқы сирек суреттеледі. Олар тап болған жайдың трагедиялық сипатын аша түсу үшін автор ара-тұра шегініс жасайды, әңгімеге өз эмоциясын қосу арқылы заманға назасын білдіреді.

Алғашқы әдеби сындар ХХ ғасыр басында жаңа сапалық қырынан өрісін кеңейтті. Оған ұлттық баспасөз бен кітаптардың жиірек шыға бастағандығы ықпал етті. Баспасөз беттерінде жарық көрген кітаптарды сипаттаған, мазмұндаған, жарнамалаған хабар-ошарлар жарық көре бастады.

Қазақ әдебиетінің тарихына, теориялық мәселелеріне, тіл тазалығына, тіл тарихына, фольклорлық мұралар жайына, эпос, батырлық жырлар секілді әдеби мәселелерге тереңдеп барған А. Күзембаевтың «Қырық мысал», «Бақытсыз Жамал», «Оян, қазақ!», «Гүлқашима», «Топжарған», «Шайыр» кітаптарына жазған сыны, Райымжан Мәрсековтың «Қазақ әдебиеті жайынан» мақаласы, Әлихан Бөкейхановтың «Қара қыпшақ Қобыланды» сияқты ғылыми пайымдаулары да кездеседі.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті – халық тарихының ең бір биік белесті, шешуші кезеңінің күрделі шындығын суреттеген, бүгінгі күні жалғаса зерттеліп келе жатқан «Алаш ұранды әдебиет» (Р.Нұрғали).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. История Уфы. – Москва: Наука, 1981 г.
2. Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің жаму жолдары. – Алматы: Қазақстан, 1964. – 263б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
4. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1998. – 307б.
5. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы: Қазақ университеті. 2001 – 1- к. – 467 б.
6. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғыл. баспа орталығы, 2001. 448 б.
7. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474б.
8. Қозыбаев М. Аласұрған XX ғасыр // Қазақстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сборник статей. – Алматы: Ғылым, 1993. – 167б.

ӘОЖ 88.015.39:

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Н.М. Малаева, магистрант

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ., janko@mail.ru

Мақалада Ілияс Жансүгіровтің ауыз әдебиетінің ұсақ және ірі жанрларын: мақал-мәтелдер, жұмбақтар, лиро-эпостық жырлар, батырлар жырлары, ертегі, аңызды жинауы, зерттеуі жайлы айтылады.

В статье говорится о сборе и исследовании Ильяса Жансугурова мелких и крупных жанров фольклора: пословиц, загадок, сказок, были, лиро-эпосы и эпосы.

In this article discussed about collections and researching works of Iliys Zhansuurov, about small and major genre of folklore: proverbs, tales, myths, liro-eposes and eposes.

Тірек сөздер: Ілияс, фольклор, жанр, жыр, ертегі, аңыз.

XX ғасыр басында ұлттық мәдениетіміздің ұранын көтере келген, әрқайсысы әдебиетіміздің бір-бір ұстыны дерлік ұлы тұлғалар қазақ халқының әдебиеті тарихына қайталанбас құбылыс болып енді де, аттары алтын әріппен жазылды. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Халел Досмұхамедов, Міржақып Дулатов, Ғұмар Қарашев, Мұхамеджан Сералин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Сәбит Дөнентаев, Құдайберген Жұбанов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин Мұхтар Әуезов, және т.б. Солардың бел ортасында Ілияс Жансүгіров те болды.

Қазақ әдебиетінің тарихында Ілияс Жансүгіров тек ақындық, жазушылық, драматургтік, аудармашылық еңбектерімен ғана емес, ұлттық ауыз әдебиеті мұраларын, тарихымызға, әдет-ғұрпымызға байланысты деректерді жинаушы, әрі зерттеуші фольклорист, этнограф, тарихшы ретінде де ерекше орын алады.

Ілияс Жансүгіровтің проза, поэзия, драматургия мен журналистика саласындағы әдеби мұрасы жұртшылыққа кеңінен таныс. Ақиық ақынның қазақ әдебиетінің тарихындағы өзіндік орны, оның дамуына қосқан үлесі көпшілікке белгілі. Әдеби мұрасының зерттелуі жайы да аян. І.Жансүгіровтің шығармалары арнайы зерттеліп, өз бағасын алғаныменен, айтылар сөздің әлі де таусыла қоймағандығы жалпыға аян. Сондықтан біз бұл мақаламызды ардақты азаматтың қыруар еңбегінің бір қыры - Ілиястың ел әдебиетін жинауы мен саралауы жолындағы зерттеушілік қызметіне арнап отырмыз.

Ілияс Жансүгіровтің ғылыми шығармашылығының бір саласы қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетін жинап, жариялап, зерттеуі.

Фольклордың даму жолдары мен проблемалары жекелеген ғылыми монографиялардың, көптеген сын-зерттеу мақалалардың, арнаулы диссертациялардың нысаны болды.

«Қазақ фольклористикасының тарихы» деген еңбекте [1] ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ фольклорын, ауыз әдебиеті мұрағаттарын жинаушылар мен жариялаушылар және зерттеушілер өмірі мен шығармашылығын жан-жақты таныту көзделіп, ол мақсат тыңғылықты орындалған. Фольклор мұраларын жинаушылар, жариялаушылар және оған қатысты өз пайымдауларын тасқа басып қалдырғандар қатарында, әлбетте, Ілияс Жансүгіров те бар. Дегенмен, фольклорға қатысты зерттеулерді қарастыра келіп, Ілияс Жансүгіровтің фольклористика саласындағы еңбектері ғылыми зерттеулерде сөз арасында айтылып кеткенімен, осы уақытқа дейін арнайы қарастырылмай келген, фольклорды дамытудағы Ілияс Жансүгіровтің орны әлі күнге ғылыми тұрғыдан сараланбаған.

Ильфа Ілиясқызының «Айқын» газетіне берген сұхбатында: «Ілияс шығармашылығы туралы бұрынғы кеңестік замандағы зерттеу еңбектер ескірді. Ілияс шығармашылығы, өмірі туралы жаңаша сөз айтылуы тиіс. «Ілияс және фольклор», «Ілияс және музыка», «Ілияс және театр», «Ілияс сөздігі» атты зерттеу еңбектер қолға алынуы керек. Мәскеуде оқып жүргенде жазған конспектілері, мақалалары, аудармалары, біраз шығармалары жарық көруін күтуде. Жалпы, оқырман қолына жетпеген мұрасы өте көп. Әкемнің мұрағаты өте ұқыпты сақталған. Мұндай мұрағат басқа ешкімде жоқ. Бірақ әлі күнге жете зерттелмеген. Оның себебі әкем 60-жылдарға таман бір-ақ ақталды. Бұл кезде арабша хат танитындар сирек еді. Ал қазір болса, Ілиястанумен ешкім шұғылданбайды» [2,3] - деп, екіншісін білдіруі заңдылық.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық мұрағатының қолжазбалар қорында кезінде Ілияс жинап кеткен, бірақ әлі күнге дейін Ильфа Ілиясқызы айтқандай қол тимей жатқан қыруар мұра бар. Бұл туралы Ілиястанушы ғалым М.Иманғазинов: «Негізінен, Ілияс Жансүгіровтің мұрағат материалының үштен бір бөлігі - қазіргі кезенге дейін жарық көрген шығармаларының түп дерегі, жазылу жайының күретамыры. 15-ке тарта қалың бумаларда (папкаларда) Ілиястың өз қолымен жазған 12 қойын кітапшалары мен дәптерлері жатыр. Оны оқып қараған адамға әлі де болса талай тың деректің ашылатыны сөзсіз» [3,156] - деп, ескерткелі де ширек ғасырдай уақыт өтті. Аталмыш қолжазбалар 1984 жылы ғылыми-техникалық өңдеуден өтіп, №1368 жеке қор тізбесі жасалаған. Онда ақынның өлеңдері, очерктері, пьесалары, сатиралық шығармалары, өмірбаяндық деректері, фотосуреттері және І.Жансүгіровтің шығармашылығы туралы басқа авторлардың жазған зерттеу мақалалары бар. Ол жинаған мол мұра ішінде ұзақ оқиғалы хикаялар, айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар, фольклор үлгілері, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен ертегілер аңыз-әңгімелер мен айтыстар, эпикалық жырлар мен шешендік сөздер, тарихи жырлар мен шежірелер т.б. Ілиястың сонымен бірге ел аузынан жазып алған тапқырлық, шешендік сөздері мен қағытпа, әзіл-қалжыңдары бір төбе. Халықтық толғау, термелер, қара өлеңдер де жетерлік.

Қазақ фольклорының көрнекті өкілі Ілияс Жансүгіровтің фольклоршылдық қызметін зерттеу қазақ фольклоры тарихын қамтумен бірге қазақ халқы мен көршілес елдер әдебиеті тарихымен байланысын, туысқан елдер әдебиетінің бір - біріне ықпалын, олардың тамырлас, ортақ рухани бастау көздерін ашуға септігін тигізеді.

«Тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармалар» тобынағы өлең жырлар ауыз әдебиетінің көне нұсқаларына жатады. Алайда әр заманның өз салт-сана, әдет-ғұрпы бар, соған байланысты туған шығармалар да көп, Демек, бұл үздіксіз

дамып, өзгеріп, жаңарып келе жатқан жанр. Автор осы саладағы шығармалардың бастыларын ғана атап көрсетеді.

Үйлену салтына байланысты туған өлеңдер (жар-жар, той бастар, сынсу, жұбату, беташар), діни ұғымдарға байланысты өлеңдер (бәдік, арбау, жалбарыну, бақсы сарыны) ғылыми дәлелді, ұғымды баяндалған. Келтірілген мысалдар, түсінік-тұжырымдар, ешқандай күдік туғызбайды.

Төртінші топқа жатқызылған қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау өлеңдері басқа авторлардың зерттеулерінде «Мұң-шер өлеңдері» деп те аталады. Әрине, халық өлеңдерінің бәрі де көңіл күйінің айнасы екені рас.

Мақал-мәтел, жұмбақтар - фольклордың ұсақ жанры десек те, қамтитын тақырыбы, мәселесі жағынан ауқымды да жан-жақты шымыр туындылар. Қазақтың мақал-мәтелдері алғаш рет 1874 жылы Орынборда басылып шыққан. Содан бері толықтырылып әлденеше рет баспа жүзін көрді. Автор мақал-мәтел, жұмбақтардың жиналу, жариялану тарихына тоқталған.

Мақал мен мәтелдің ұқсастығын, айырмашылығын айта келіп, бұларға ғылыми анықтама береді. Мақалдар мен мәтелдердің басты тақырыбы халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, дүниетанымы, әлеуметтік көзқарасы, кәсібі мен шаруашылығы, қысқасы өмірдің алуан түрлі құбылыстары, көріністері болып келеді. Соған байланысты халықтың тәжірибесі, ақыл-өсиеті, ғылыми тұжырымы түйіп айтылады. Мақал-мәтелдер адалдыққа, ерлікке, отаншылдыққа, сыпайылыққа, тазалыққа, ынтымаққа, білімге, еңбекке үндейді. Сонымен бірге жарамсыз мінез-құлықтан, жөнсіз іс-әрекеттен сақтандырады. Мақал-мәтелдің ескірмей қай заманда болмасын рухани өмірімізге қызмет ете беретіні де сондықтан. Жұмбақ та мақал-мәтелдер сияқты тақырыбы жан-жақты болып келетін шығарма. Бұл да адамға игі қасиеттерді орнықтыру мақсатынан туады. Адамды, әсіресе жастарды білімге, тапқырлыққа үйретеді. Табиғат құбылысынан бастап, заттың, өсімдіктің, жан-жануардың бәрі де жұмбаққа тақырып бола береді. Өнер-білім, техникаға байланысты кейінгі замандарда пайда болған жұмбақтар да көп. Жұмбақтар өлең немесе ұйқасты кара сөздер түрінде көбірек кездеседі. Сондықтан есте сақтауға, жаттап алуға ыңғайлы болады. Оның тапқырлықтан басқа бір ерекшелігі - нақтылық. Тұспалдау, салыстыру, теңеу, бейнелеу арқылы түсіндіреді. Жұмбақтың дамыған түрлері ақындар айтысында, дастандарда, аңыз әңгімелерде бар. Зерттеуші жұмбақтың әлеуметтік маңызын, өмірге деген көзқарасты білдіретін қоғамдық сипатын, жаңадан туып, молайып, дамып отыратын өміршең қасиетін сөз етеді.

Ауыз әдебиетінің прозалық жанры - ертегілер өзге жанрлар сияқты ерте заманда пайда болған, тіршілік, қоғам өзгерістеріне байланысты шытырман оқиға - тартысқа құрылған көлемді шығарма болғандықтан өлең-жыр сияқты оны екінші бірі жаттап айта бермейді. Ертегінің желісін есінде сақтап, мәнерлеп жеткізетін адамдар болады. Міне, осындай ертегішілердің шығармашылық ерекшелігі де осында баяндалған. Автор қазақ ертегілерін мазмұнына, тақырыбына қарай ішкі жанрларға жіктейді.

Қиял-ғажайып ертегілеріне тән сипаттарды жүйелеп баяндағаннан кейін олардың ішінен «Ер Төстікті» даралап талдайды. «Керқұла атты Кендебай», «Күн астындағы Күнекей қыз», «Жеті өнерпаз», «Ағаш ат» тәрізді ертегілерге тоқталады. Халық қиялынан туған ғажайып оқиғалар, образдар халықтың ілгерішіл мұратын, игілікті аңсарын білдіреді. Ол әлеуметтік өркениетке, техникалық процеске түрткі, мұрындық болады. Автор қиял-ғажайып ертегілердің осындай ерекшеліктерін ұтымды көрсетеді. Ал, хайуанаттар жайындағы ертегілердің көне замандарда туған нұсқаларында мифтік сарын көбірек ұшырайтыны мәлім. Ертедегі адамдардың ұғымында қасқыр жарылқаушы бейнесіндегі («Ақ қасқыр», «Көкжал», «Жігіт пен қасқыр», т.б.) алынса, кейінірек пайда болған ертегілерде («Сырттандар», т.б.) жыртқыш кейпінде суреттеледі. Ертегілердің неғұрлым бертінірек шыққандарында өмір

шындығы айқынырақ көрініс табады. Ол төрт түлік мал мен жыртқыш хайуанаттарды қарама-қарсы кейіпте суреттеу арқылы да беріледі. Үй жануарлары ұнамды бейнеде суреттеледі. Әсіресе, жылқы мен түйе адамға қамқор, ақылды түлік болып есептеледі. Автор бұл жерде «Алтын сақа», «Бозінген», т.б. ертегілерді мысалға алады. Жыртқыш, айлакер бейнесінде суреттелетін қасқыр, түлкі сияқтылар адамның жауы ретінде көрсетіледі. Бұл да белгілі дәрежеде халықтың әлеуметтік көзқарасын аңғартса керек.

Тұрмыс-салт ертегілері қашаннан бергі халық өмірінің айнасы секілді. Одан халықтың, қоғамдық дамудың әр кезіндегі сана-сезімі, мақсат-мүддесі, тағдыр-талабы аңғарылады. Мұндай ертегілердің оқиғасы нақты өмір болмысынан алынады. Автор пікірін дәлелдеу үшін «Аяз би», «Қарттың өсиеті», «Үш ауыз сөз», «Жақсы әйел», «Қарт пен тапқыр жігіт», «Хан қызы мен тазша», «Қыдыр, бақ, ақыл», «Қаңбақ шал» тәрізді белгілі ертегілерге жүгінеді. Ұлағатты өсиет, мысқыл күлкі, сықақ түрінде айтылатын қызықты оқиғалы ертегілер қашанда тәрбие-тәлімдік мағынасын жоймақ емес. Автор осы орайда салмақты ой түйеді.

Аңыз әңгімелерді І.Жансүгіров ертегілерден оқшаулап алады да: «Оқиғасын реалистік болмыстан, шындық өмірден алып, ауызша шығарған қазақ халқының көркем шығармаларының елеулі бір саласы» деген анықтама береді. М. Әуезов «Ертегілер» атты монографиясында аңыз әңгімелерді салт ертегілерінің құрамында қарастырғаны белгілі [4].

І.Жансүгіров Алдар Көсе, Жиренше, Асан қайғы, Қожанасыр сияқты тарихта қашан болғаны, нақты өмірбаяны белгісіз тұлғалар жөніндегі аңыздардың да өмірді өзінен алынғанын, оқиғаларының нанымды екенін тілге тиек етеді.

Халық өзінің сүйікті перзенттерін немесе қиялдан туған кейіпкерлерін дәріптеп, кейінгі ұрпаққа үлгі етіп отырған. Аңыздың сюжеті де, көлемі де ертегідей күрделі емес, шағын да шымыр болып келеді. Ертегілер мен аңыздар жазба әдебиетіміздің, оның ішінде проза жан-рының тууына ықпал жасағаны анық. Сюжет құру, образ жасау, тіл байлығы, көркемдігі жағынан ертегі-аңыздардан үйренбеген қаламгер кемде-кем болса керек. Жазушылар оған әрдайым зер салып көңіл бөліп отырады.

Батырлар жырының ел өміріндегі тарихи оқиғаларға қатысы туралы мәселе де көптеген талас пікірлер туғызып жүрген мәселе болатын. Бұл жайында ғалымдар қазақтың ертедегі батырлар жыры тарихи кезеңдердің, ұлы оқиғалардың елесін беру негізінде туып қалыптасқанын, яғни оның деректі құжат емес, көркем бейнесі екенін айтады. Бұл пікірін ол тарихи оқиғаларды және оған байланысты пайда болған жанрларды салыстыру арқылы дәлелдейді. Әрине, жыр бір оқиғаға байланысты туғанымен жылдар өте ақындардың қиялымен оған жаңа сюжеттер қосыла береді. «Жеке қысқа аңыздардан эпостың бір тұтас түрін жасауда қазақтың даңқты ақындарының үлкен еңбектері болды» - деген Ш. Уәлиханов пікірі де осыған саяды [5,213].

Зерттеушілердің берген анықтамасы бойынша батырлар жырының басты тақырыбы ел қорғау болса, лиро-эпостың мазмұны ғашықтық, үйлену салтына негізделеді. Ілгері заманда ғашықтардың сүйгеніне қосылу әрекеті көпшілік жағдайда қиыншылыққа, тіпті қайғылы халге душар еткені белгілі. Тіпті ғашықтар мұратына жеткеннің өзінде де қаншама машақатты бастан кешіреді. Осындай шым-шытырық оқиғалы, әрі қызықты да көркем лиро-эпостардың ішінен автор «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырларын талдайды.

І.Жансүгіров сияқты Алаш азаматы ел әдебиетін жинауда өткен ғасырда елеулі еңбек сіңіре білген. Өкініштісі сол, дер кезінде қамтылған құнды дүниелердің әлі күнге ел-жұртқа жетпей, шаң басқан мұрағаттарда ізделмей, зерттелмей, тіпті еленбей жатқандығында.

Ілияс Жансүгіров қазақ әдебиетінің барлық жанрында үлкен еңбек сіңіріп, әдебиеттің негізін салушы, үлкен тірегінің бірі болды. Ілиястың шығармашылықпен

айналысқан жиырма шақты өмірі қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңдерімен тұстасады, яғни ол осы әдебиетпен жарыққа бірге шығып, бірге жасасып келді. Сондықтан, өзі негізін салысқан жас әдебиеттің жетістіктері мен табыстарының бәріне Ілияс ортақ, бәрінде оның үлесі бар. Күннен-күнге, жылдан-жылға үздіксіз өсіп, жетіліп келген осы әдебиеттің алдында тұрған маңызды мәселелер мен міндеттер Ілияс шығармашылығына да тән.

Ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне лайықты үлес қосқан қарымды да дарынды қаламгер Ілияс Жансүгіров халқының мұрасына қамқор болып, халқынан үйреніп, халқының ұлылығынан тәлім алды. Халық шығармаларын бойлай оқып, сөз маржандарын оқып үйренді. Білгені мен көңіліне ұялағанын ой елегінен өткізіп, оны өңдеп, халқына қайтадан ұсынды. Ілияс әдебиеттің жоғын жасауға, кемтігін толтыруға, халықтың аңсағанын табуға қызмет етті.

Ел әдебиеті Ілияс шығармашылығына өмірлік өзек болды, шабытына рухани нәр берді, талантты ақынның қаламынан поэзия маржаны болып төгілді. Ілияс зерттеген домбыраның сайраған тілі, күйдің сазы тарих қойнауында қалған халық тұрмысындағы шындықты білуімізге, қазіргі өмірімізбен салыстыруымызға көмектесті.

Айтулы ақынның салиқалы шығармашылығы ұлы суреткерді тек табиғат қана туғызып қоймай, нақты қоғамдық-тарихи шындық шындайтынына көзімізді тағы да жеткізді.

1936 жылы 9 желтоқсанда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласында І.Жансүгіров: «Қолыма қалам алған күннен бастап мен өз Отанымды, өз елімді, кең байтақ даламды талмастан жырлап келемін», - деп, жазды.

Бексұлтан Нұржеке: «Ілияс Жансүгіров. Құжаттар, хаттар, күнделіктер, дала хикаялары» атты кітаптағы құжаттарды көргенде: «Шіркін-ай, негізгі ғылыми бағытын Ілиястануға арнаған бір ғалым шықса игі еді-ау! Сонда мұндағы құжаттардың әрбір әрпі, әр сөзі, әр дерегі бір-бірімен байланыса сөйлеп кеп берсе, ел тарихы мен әдебиеті қаншалықты байыр еді!» - деп армандаған екен [6,5]. Осы арманды орындау жолында бірге қызмет етейік ағайын.

І.Жансүгіров жазбалары фольклор жинаушыларға қойылатын басты- басты талаптарға толық сай келеді. Біріншіден, материалдарды кімдерден қандай жағдайда алғанын ақын үнемі дерлік көрсетіп отырады. Екіншіден, І.Жансүгіров халықтың ұғымын ауызекі сөйлеу тілі ерекшелігін сақтап қағазға түсірген. Үшіншіден, белгілі бір аңыздың тарихилығын, шындығын дәлелдерлік деректерді қоса келтірген.

Қарымды қалам иесінің көптеген фольклор жинаушылардан өзіндік бір айырмашылығы – ауыз әдебиетінің үлгілерін біреу арқылы емес, ел аралап, ауыл адамдарының, ел ақындарының әңгімесін тыңдай жүріп, олармен тікелей аралас – құралас бола жүріп жинауында.

Ілиястың әдеби мұра жинауындағы бір ерекшелігі – ескі сөздердің қалпын бұзбай дұрыс жазып, жыр нұсқаларының табиғи көне түрін мол сақтауы, ол халықтың жай-күйін, түрлі аңыз-ертеңдерін жетік білетін құйма құлақ ақын-жыраушылардың сарқыны бар кезде жинап үлгерген. Ілиястың жинаушы ретіндегі еңбегінің құндылығы да осында.

Осы сияқты мысалдарды көптеп келтіру қиын емес. Бұдан байқалатыны – фольклоршының қағаз бетіне түсірген ауыз әдебиеті нұсқаларының халықтық қасиеті кіршіксіз сақталып, көркемдік бояуы ажарланып, құлпыра түскен, байсалды сөз зергерінің қолынан өткендігі.

Фольклоршы ауыз әдебиетінің үлгілерін қағаз бетіне түсіруімен ғана шектелмей, оларды өзінше топтап, бөлшектеген. Мұралардың орналасу реті соның куәсі. Мысалы, жар-жар, беташар, жоқтау, бата сөздер бір бөлек, мақал-мәтел, шешендік сөздер секілді ықшам дүниелер бір бөлек топталса, ертегі мен айтыстар, тарихи жырлар секілді көлемді туындылар бірыңғай сұрыпталған. Бұл Ілиястың фольклор үлгілерін тек

жинаушы ғана емес, сонымен бірге өзінше ой қорытып, белгілі бір жанрларға жіктеген зерттеуші ғалым екендігін де көрсетеді. Егер мұндай классификация жасау ол кездегі әлі буыны бекімеген әдебиеттануымызда некен-саяқ кездесетінін ескерсек, Ілияс Жансүгіровтің ауыз әдебиетін жинауға қаншалықты еңбек сіңіргенін, жанр түрлеріне бөлуде соншалықты ізденгенін шамалаймыз.

Алдағы міндет - мол мұраны жете зерттеп, халқымыздың қажетіне жарайтынын көпшілікке ұсыну, Ілиястың фольклорист-ғалым ретіндегі әдебиетіміздің тарихындағы алатын орнын анықтау, көз майын тауысып, халқының асыл сөздерін қағазға түсірген аяулы азаматтың ардақты ісін оқушысына ұсыну. Бұл-бірдің ісі емес, көптің ісі. Әдебиетші-ғалымдарымыздың, әсіресе фольклорист-мамандарымыздың мазмұнды, мәнді жұмысы, аға алдындағы азаматтық парызы. Өйткені, Ілиястың фольклорист ретінде сіңірген еңбегін, оның өз еңбегінің дәрежесінде жан-жақты зерттегенде ғана ойдағыдай көрсете аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қасқабасов С. XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ фольклористикасы. //Қазақ фольклористикасының тарихы. -Алматы:Ғылым, 1988.-Б. 138.
2. Тәшенов Т. Ілиястану неге ілгерілемей жатыр? //«Айқын» газеті, 10 ақпан 2007ж.
3. Иманғазин М. Ілияс Жансүгіров. – Алматы:Қазақ университеті», 2004ж.
4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. -Алматы: Жазушы, т.17. Мақалалар, зерттеулер. -1985, -352 б.
5. Уәлиханов Ш. Таңдамалы, Алматы, Жазушы, 1985.
6. Құжаттар, хаттар, күнделіктер, дала хикаялары. (Құраст: С.И.Боранбаева, А.А.Мұқанова, К.И.Сопибекова, Н.В.Чаушанская, А.Әбіласанұлы).- Алматы: Үш қиян, 2006ж.

ӘОЖ 88.015.39:

ЖЕТІСУ ТАБИҒАТЫ ЖЫР ЖОЛДАРЫНДА

Ж.К. Молдабаева, магистрант

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.,

Мақалада Жетісу өңірінен шыққан ақындардың туған жерді жырлаудағы өзіндік ерекшеліктері жайлы айтылады.

В статье рассматриваются особенности описания родной земли в творчестве акынов, вышедших из Жетысуского края.

The article devotes to the poets who were the citizens of Zhetisu and the peculiarities of the poem about their motherland.

Тірек сөздер: Жетісу, табиғат, лирика, ақын, пейзаж.

Жер жаннаты Жетісу жерінде қаншама ғұлама адамдар дүниеге келіп, қаншама ақындар өз елін, өз жерін өлең сөздің құдіретімен сусындатып, поэзия әлемінде шарықтап қанат қақты.

Өзі өмір сүрген дәуірдің жыршысына айналып, халқының мұнын жырлап, қоғамдағы әр құбылысқа сын көзбен қарай білген ақын – нағыз ақын. Бүкіл дүниенің, қоғамның, адамзаттың аласармауын тілеген, махаббат пен шапағатты жырға қосқан, өмірдің шырқын өлендерімен ұғындырған біздің сондай ақындарымыздың бірі – Жаскілен Қалиев.

Саған келсем көңілім тасып кетеді.

Сен үшін-ақ мына жарық дүниеге,
Келіп қайтса!
Соның өзі жетеді! - [1,69]

деп, жырлаған ақын Жаскілен Қалиев мынау дүниеге жалғанның жазулы ғұмырын көріп, бар - жоғына бас шұлғып, пенделікпен өту үшін ғана келмеген сыңайлы. Өмірдің ақ – қарасын ажыратуға ұмтылып, өзі түйсінген, тұщынған дүниелерді, артына сыр мұрасы ретінде қалдыру ниетінде болған.

Қалғыды жұлдыз басын бүркеп алып.
Көлшікке құйды бұлақ үрке басып.
Шолпысын мөлтілдеген үзді тырс – тырс,
Бұрымын талдырмаш тал сілке қалып...

...Шөпке шөп бас изесін, күбірлесіп,
Жапанда өтіп жатыр сыбыр көші.
Жанарын жаудырата қапты қарап,
Жайланып жатып алып түбірге шық.
(Түн)

Ақ жауын күбір – күбір күй шертеді
Жол түсіп қона қалсаң қосқа бір түн.
(Күз)

Селдетіп барып ақ жауын әнін доғарды.
Бозалаң бұлттар созалаң жидіп жоғалды.
Кавказдың ұзақ қалғыған күні оянып,
Назары құшты аймалап жетіп көгалды.
(Ақ жауын әнін доғарды)

Шыртылдап дауыл қамшысы,
Жұлқына теңіз ышқынды.
Шашырап жасы – тамшысы,
Қиқулай шертті құс мұнды...
...Арыстан – толқын ақырып,
Аспанның қапты бауырын.
Бұлт батыр ашу шақырып,
От – қанжар осты сауырын.
(Балқаш жағасында)

Бұл кейіптеулер арқылы табиғатпен сырласқандай, оның өзгерісін жіті бақылағандай сезімге бөленесіз. Табиғаттың жанды және асау бейнесі көз алдымызға келеді. Сонымен бірге бұл суреттеулерде ақынның табиғатқа дарытқан іс - әрекеттері – соншалық қарапайым, соншалық шынайы. басын бүркеп, қалғыған жұлдыздар; бас изесіп күбірлеген шөптер; жанарын жауаңдатып, жайланып жатып қалған шық; күбір – күбір күй шерткен ақ жауын; назары көгалды құшқан күн; қамшысын шартылдатқан дауыл; аспанның бауырын қапқан арыстан толқын, т.б. – бәрі де ақынның ой теңізінен туындаған сөз маржандары. Көріп отырғандай табиғаттың өзіне мінез ерекшелігін деп басып бере алған. Поэзияда қолданылған кейіптеу табиғат құбылыстарына жан бітіріп суреттеу үшін үлкен қызмет атқарған. Ақын шығармашылығында аспан, тау, көл, шөп, бұлт, теңіз, т.б. табиғи құбылыстардың кейіптеу тәсілімен суреттелуі жүйелі қолданыс тапқан.

Ғали Орманов - суреттеу құралы бай ақын. Оның тілінің образдылығы, суреткерлік шеберлігі теңеу, метафоралардың ұтымды да тапқыр үлгілерімен тығыз байланысты. Осы арқылы ақын қысқа сөзбен жанды сурет жасайды. «Өзен» өлеңінде ол:

Жіңішке жіптей арықтар
Жете алмай шөлге үзілді.
...Бұлдырап өткен замандай
Бұрылмай суың көп ақты.
Көңілде қалған армандай
Мөлдіреп алыс көл жатты,- [2,123]

деген сөздермен өзен суын ел игілігіне жарата алмаған кездің шындығын еске салады. Сол өзеннің ендігі жаңа өмірін суреттей келіп, ақын суға кенеліп, гүлдеген даланы:

Қуаны түлеп жер- ана
Құлпыра шықты гүл ұстап,-

деп бейнелейді. Гүл ұстап құлпырып шыққан жер- анада жанды адамның кейіпі бар. «Бұлақ» атты өлеңінде ақын тау қойнауын қайнап шыққан тас бұлақтың суын мөлдір көз, жас сұлуға теңейді. Сол арқылы жастық шықты еске түсіреді.

Көрінді ыстық ол маған, Жас күнгі бір кезімдей. Жас жігітке қараған Жас сұлудың көзіндей.	Еске түсіп бала кез, Жудым суға бетімді. Талай мөлдір қара көз Қарап тұрған секілді.
--	---

Жанды, жарасымды қозғалысты берілген бұлақ суретіне қоса, оның көркін образбен қысқаша түйеді. Ол үшін бұлақтың тазалығы мен мөлдірлігін көп айтып жатпай-ақ сұлудың көзіне теңей салады.

Табиғат көріністерінің шағын картиналарын ұтымды жасау арқылы адам сезімін тап баса суреттеу, өмір туралы философиялық ойларын таныту «Емен», «Гүл», тағы басқа лирика үлгілері- Ғалидың ғана емес, осы жанрдағы қазақ әдебиетінің зор табысы. Құдаш Мұқашевтің «Жазғытұрым», «Ертіс толқындары», «Дала соқпақтары», «Ажар емені», «Көктем көріністері», «Шың суреттері», «Күз» және тағы басқа өлеңдері сөзбен салынған сырлы сурет екенін байқау қиын емес өлеңдерден табиғаттың тамаша бір көрінісі көзіне нақты елестейді. Мұны Құдаштың «Көктем көріністері» өлеңінен көруге болады.

Құрышын қандыратын құлақтардың,
Күлкісі, күлкісін – ай бұлақтардың.
Келгенде көктем аңсап туған жерін,
Кең далам, қойыныңнан гүл ақтардың.

Бозторғай ауадағы шырылдаған,
Тұр ма еді шертіп, әлде сырын маған.
Ұйқыда жалғыз ғана қарт Алатау,
Көрдін бе, қар түндігі сырылмаған.

Жарандар, қарандаршы құлақ түріп,
Күледі көк нәсері жылап тұрып.
Найзағай айқыш – ұйқыш от семсерін,
Барады жыр үстіне лақтырып... [3,58]

Жетісу жерінің табиғатын, ғажап ерекшеліктерін жырлап қана қоймай, туған еліне деген ыстық ықыласын перзенттік, ақындық асқақ үнінен сезгендей боласын.

Аймаласа күн таудың қарлы басын,
Бұлақ неге мәз болып қарғымасын.
Өңірінде осынау ұя салған,
О, туған жер, мен де бір қарлығашың,-

деп жас балаша шаттанса, «Ауылыма жақындағанда» өлеңінде:

Жігітім, әнеки ауылым,
Көрініп келеді қарасы.
Сапырып сағыныш дауылын,
Жүректің тулауын қарашы.

Аңсадым ағайын – бауырды,
Білдім ғой қадірін үйдің де,
Өзінді өсірген ауылды,
Сен – дағы мен құсап сүйдің бе? –

деп өзі туған, кіндік қаны тамған жерге деген сағынышын, жүректің тулауын жыр жолдарына енгізеді.

Құдаш жеті құдіретті былай суреттейді:

«Жеті өзенің – жеті өмірдің айғағы,
Тулап аққан жеті күре тамырдан.
Олар деген арық емес қол тоспа,
Тентек, Ақсу, Лепсі менен Қаратал,
Оған Көксу, Іле, Шуды қосқанда,
Аруағын атып жатқан аспанға,
Арынына жарты әлемді қаратар
Жеті құдірет бас қосады Балқашқа»,-

деп, Жетісудың жеті өзенін барша қазаққа таныта дәріптейді.

Марфуға Айтхожинаның «Жетісу суреттері» деп аталатын көлемді дастаны деректілігімен, Жетісу өңірінің ғажайып келбетін жанды бейнелеумен құнды. Ақын бұл шығарманы туған жерге, ата – бабалар рухына арнаған. Сондықтан да Марфуғаның шындап шалқуы, ақындық ұлы құдіреттің шырқау шыңына шығып алып, мен осынау сұлу өңірдің өр ұпағының бірімін деп бүкіл әлемге тегеурінді жырмен жар салуы заңды да табиғи.

Жиырма жасқа дейін ат жалын тартып мініп, ағаларымен бірге жүйрік аттардан, сәйгүліктерден түспеген, қыз қууға қатысқан, асаудың ауыздығымен алысып өскен ақынға жас кезінен дарыған бір қасиет бар. Ол тауда туып, тауда өскен жанға тән мінез, асқақ төкаппарлық. Талқының биік тауларын, күз-жартастарын жарып өткені де, сол өрлігі, қайсарлығы, ермінезділігі. Сондықтан болар, сол мінезі оның өлеңдеріне де сінді.

Жүрсем-дағы астында сан-саяның,
Шалқайғанға мен-дағы шалқаямын.
Күншілдердің күнкілін көзіме ілмей,
Сол төкаппар қалпымда қартаямын,- [4,142]

деп соғады ақын жүрегі.

Ақсудың ағынды сарыны құлақтан әсте кетер ме?! Көңіл түкпірінен бастаудың көзіндей бүлкілдеп сезім сәулелері сыртқа шығуға асығады. Ақ жүзін жуып, шашын сулап тараған туған жерінің өзенін қайда жүрсе де ұмыта алмасы қақ қой. Әлгі бір «Ақбұлақ» әнінде айтылатын: «Сенің келіп жағаннан, Анам талай су алған. Сенің келіп жағаннан, Әкем атын сұраған» дегендей уәж оған да тән. Сосын да ғой Қанипа Бұғыбаеваның:

Домбырадай жетпеген бір бұрауы,
Жүрек толқып, көкірегімді ұрады.
Туған жерді жетім қалып жылаған,
Көзін сүртіп, жұбатқым кеп тұрады, -

деп, кейде қамығады. Ақ өленнің мәйегін көкірегінде сақтаған ақынжандылық ана сүтімен бойға дарыған болар:

Ұйқым менің бұзылады таңға сан,
Адаммын ба? Өзімді-өзім алдасам.
Бұл аурудан жазылмайтын түрім бар,
Туған жерді құшып, жылап алмасам, -

дегендегі бар ынтызарын, құштарын қай жүректің де ұғынары сөзсіз. Шырылдаған шегірткесі де, жорғалаған құрт-құмырсқасы да, аспанға ілініп қалғандай тамағы бүлкілдеп боздайтын бозторғайы да көңілге ыстық көрінетін туған жердің қасиетін ұға білген ақынның жыр жолдарындағы күш-қуат орасан, сұрапыл. Сосын ғой оның тағы да:

Алам жиі сені есіме,
Елеспенен жылындым.
Ауыл десе, енесіне -
Кісінеген құлынмын! –

деп ағынан жарылатыны. Кісіге қос қанат берген, алыс-алыс қиялдарға ұшып, арманына қол артсын деген өскен орта мен ұшқан ұя қаншалықты қымбат екендігін Қанипа ақын бір адамдай түсінген, сезінген. Сондықтан да оның көз қиығынан ауыл бейнесі кетпейді. Сонау Ұзынағашта тұрып, Қосағашына құшағын ашады, сағынышпен қолын бұлғайды, Екі ауылдың арасын жалғаған жалынды жырларын шашу етеді, дауысы жеткенше сәлем жолдайды:

Төменге қадап қойып көз жанарын,
Арқау боп әуеніне аз ғана мұң.
Кеудеме кіріп алып ән салғандай,
Боз жусан, бозторғайы боз даланың...

Кең кеудесіндегі кішкентай құмбыл құстың үні - оның жырын жер-жаһанға жеткізуші.

Туған жер,
Бір ұлыңнан кем көрінбей
Өтсем деп,
Өлендеттім
Мен де ерінбей.
Көркіңнен күні-түні көз алмадым
Қазақтың тас қашаған зергеріндей,-

деп өзі айтқандай, шабыты шалқыған шақтарында С.Иманасовтың нағыз зергерге айналып, әншейіндегі жұмыр басты пенденің көзіне түспес, көңіліне шалынбас небір нәзік құбылыстар мен күрделі күрмеулерді жыр жолына түсіре қоятыны ғанибет. Сәкен Иманасовтың өлеңдерін оқығанда кейде селт ете қаласың, кейде тілің мұздай болады, кейде жүрегің атқақтап соғып, әлдебір өкініш, мұң қармағандай болады.

Табиғат көркін тамашалаған, әсіресе, туған жер - Жетісу, ағынды Ақсу, айналы Алакөл туралы сәтті жырлар - Сәкеннің оң жамбасына келген қуатты жолдардың көрікті тұстары. Ақынның ажарлы өлеңдері өзінен кейін біраз жаңғырықтар туғызды. Әдетте әдебиетте, оның ішінде, өлеңде ұқсас нұсқалар бола береді. Дегенмен, әуелгі тегі қайдан шыққанын біле жүрген теріс емес. Айталық:

Жаңа бір сарын бастадым,
Төгілсем деумен сел боп кіл.
Естісең қырдан асқақ үн
Сені іздеп жүрген мен де біл!
Жарқылдап ойнап бар тұлған
Толқынға шомыл, теңізді ап.
Шағала көрсең шарқ ұрған,
Мен де бір жүрген сені іздеп...

немесе:

Көктемнің гүлін көрсең мені ізде
Толқын-толқын бұрымды өрсең, мені ізде
Кешкіліктің қатар жүрген құрбыңнан
Кино жаққа бұрып келсең, мені ізде,- [5,62]

тәрізді сәтті өлеңдердің кейін қалай түрленіп, қалай жалғасқанын көзі қарақты оқырман анық аңғарады. Алғашқы нұсқаның тосын әрі сұлу тұлғасы өзге ақындарды неге бейжай қалдырмағанын әбден түсінуге болады.

Әлемдегі ең озық жыр көші деп есептейтін қазақ жырына жаңа үрдіс, қонымды соны дәстүр енгізу-небір дүлдүл ақынның пешенесіне бұйыра бермейтін бақыт. Көптеген ұлы ақындар «табиғат - ақындықтың алғашқы ұстазы» деген. Сондықтан жапырақтың сылдыры, ашық аспанда аппақ мамық бұлттың жүзгені, қыр гүлдерінің әсемдікпен ырғала жайқалуы, күмбірлеп аққан өзендердің толқыны – барлығы адамның жанына қанша әсер етсе, соның бәрін Гүлжәукен Мұқаева ақын өзінің нәзік сезімімен ұғына білген. Мысалы, «Жаз» деген өлеңінде:

Күлкі ойнап келбетіңнен нұр тасыған,
Өзендер кете алмаймын мен қасыңнан.
Сезімім толқыныңмен бірге ойнап,
Жар салып дүниеге шырқасын ән.
Қосылып құстар оған жырласын мың,
Жасырып жүрек сырын ұрласын кім.
Шырқасаң бар табиғат сұлулықты,
Мен сенің мәңгі сонда сырласыңмын,–

деп, табиғаттың тамаша сұлулығын түсініп, өзінің нәзік жанымен жырлай білген. Немесе «Жылдарым менің, жылдарым» деген шағын толғауында өзінің өмір жолын баяндай келіп:

Жырымда шұғыла нұр шашса,
Арайлап атқан таң күліп.

Сырлы бір үні тау-таста,
Жатса егер мәңгі жаңғырып,–

деп өзінің табиғатпен жаны бірге екенін дәлелдеп, философиялық ойларға дейін көтеріледі.

Гүлжәукен Мұқаева жылдың төрт мезгілін арнайы такырып етіп, тамаша өлеңдер жазды. Ақын «Жаз» өлеңінде:

Сол шақтың күмбірлеген үні бөтен,
Ол әлде шат сезімнің гүлі ме екен.
Мен өзім кірбің алмай қабағыма,
Жаз болып дүниеден күліп өтем,–

деп, жаз мезгілімен бірге өзі де жайнап тұрған көңіл-күйін білдіргісі келеді. «Күз» өлеңінде күзгі табиғаттың жүдеу тартқан бейнесін суреттеген ақын:

Сыр шертпес ерке бұлақ қызыл гүлге,
Өзгерген кең даланың түрі мүлде.
Үзіліп түссем-ау деп қалтыраған,
Сеземін жапырақтың дірілін де,–

деп, табиғи ортаны, айналаны нақтылы қалпында сыршыл жүрегімен кестелеп, айқын көзге елестетеді. «Көктем» деген өлеңінде табиғаттың осы мерзімге сай бейнелі суретін жасайды.

Тіршілік дүр сілкініп оянғандай,
Су беті таң нұрына боялғандай.
Қалқыған ақшыл мұнар көк төсінде,
Тербеген көңілінді ой, армандай,–

деп, бүкіл тіршіліктің оянғанын көз алдымызға келтіргендей болады.

Ал, мына «Қаңтар» өлеңі қыс мезгіліне арналып жазылған. Дала ақ қарға оранған, құлазып, көңілсіздеу көрінеді.

Ақ қарға далам жым-жырт көміледі,
Құлазып көңілсіздеу көрінеді.
Бұталар суық желге дір-дір етіп,
Алдына мидай жазық керіледі,–

деп, көз алдымызға қысты әкеледі. Бұл ақын суреткерлігін көрсетеді.

Жетісу жерінің ақыны Айтмұхамбет Есімжанұлы «Ақын әсіресе лирикалық лебізді өлеңдерінде оқушының жан-дүниесін баурап отыратын сыршылдығы тәнті етеді. Табиғатқа арналған өлеңдерінде майда, жұмсақ, нәзіктікті сергек сезіммен астастыра отырады екен. Құрғақ қиялдан аулақ, жадағай жалпылама емес, келісті мазмұнға бағындыра ой тастай оқушыға да өзінше үлес қалдырып отырады. Ақынға айналаның бәрі тұнып тұрған поэзия. Ол одан күй оқиды, жыр түйеді, сұлу сурет көреді, бәрі Гүлжәукен ақынның жүрегіне жыр боп құйылады»,– деп ақындық өнеріне үлкен баға береді.

Қай дәуірде туса да, қас таланттар сегіз қырлы болады. Тұрсынзада Есімжанов - ақындықтың алуан саласында сақасы алшы түскен сирек дарын. Қысқа өлең түрінде де ұзақ дастан түрінде де шынайы шығармалар берген

қаламгеріміз Омар Хайям дәстүріндегі төрттағандарды қазақ поэзиясына ерекшелік жүйелеп, ағысты - айдынды арналармен енгізуге көп қайрат жұмсады.

Жалғас болу - жанғырық болу емес. Жаңалықты жалғастыра білу керек. Тұрсынзада - жалғаса да, жаңалық таба да білген күрделі шығармашылық иесі. Илияс Жансүгіров туралы айтқан: «Қазақтың маңдайына өлең бітсе, Өлеңнің маңдайына бітіп ең сен», - деген екі жол халық сөзіндей қалыптасып кетті. Екі - ақ жолмен Жансүгіровтың ақындық образын жасаса, осындай екі – ақ жолмен Жетісу өлкесінің де образын жасай алды: «Жеті өзен - ұйқыдағы жеті алыптың Шыңдарға сүйей салған семсеріндей!» Жалғыз шумақтың бойына шалқар мағына құюға болатынын ақын дәлелдеп беріп отыр.

Таулардың самал желін - арғымақтың деміне; Алатауды – аққудың аспақ мойнына; өлкені – мың бұралған сұлуға теңейді және өзі осындай сұлу жердің ұлы болғанын мақтан тұтады. Туған жеріне деген ыстық махаббатын өлең арқылы жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қалиев Ж. Аласарма, азамат - Алматы: Үш қиян, 2004. - 312 бет.
2. Сыдықов Т. Жетісу дүлдүлдерінің дүбірі. Алматы:- 2009 жыл.-498б.
3. Қожағұлов С., Кыяхметова Ш. Жетісу әдебиеті. - Талдықорған:-2007ж.
4. Ақсудың ақын қызы. // Құрастырушы: Еркімбаева З. Алматы: Тоғанай-Т, 2011 ж.
5. Жақыпбаев Ж. Ләйлә. - Алматы: Атамұра, 2002 жыл, 250 бет.
6. Айтхожина М. Жапырақ сілкінген кеш.- Алматы: Жазушы, 1992 жыл, 192 бет.
7. Иманасов С. Адырна.- Алматы: Жазушы, 1998 жыл, 207 бет.

UDC 378.147.2:811.112.2.

THE COMMON CHARACTERISTIC AND STRUCTURE OF THE TERM

Suyumbekova B.T., Belgibayeva M.Zh.

Zhetysu state university named after I. Zhansugurov, Taldykorgan city

Bal_1991@mail.ru

Мақалада терминдердің анықтамалары мен сипаттамалары қарастырылған. Терминнің жалпы сипаттамасы мен құрылымын сипаттай келе, автор терминологияның аударылу әдістеріне өз мысалдарын келтірген.

В статье рассматривается определения и описания терминов. Рассказывая общию характеристику и структуру терминов, автор приводит свои примеры методов перевода терминологии.

In this article is examined definitions and descriptions of terms. Describing common characteristic and structure of the term, author gives own examples of translation methods of terminology.

Key words: term, terminology, scientific terms, common technical terms, scientific-technical terminology, peculiarity of the term, terminological word-combinations, translation of terms.

Possessing complex internal semantic structure, term is a united, independent unit of the name [1, 42].

The term(including scientific-technical terms and terms organizing-efficient documentation) is a unit of some concrete natural or artificial language(the word, word-combination, abbreviation, symbol, combination of the word and letters-symbol, combination of the word and numeral-symbols),which is possessed as a result the spontaneously

established or conscious collective agreement special terminological meaning, which may be expressed either in verbal form, or in that or other formalized type and sufficiently exactly and fully reflects basic, essential on given development level of the science and technology, signs of corresponding concepts. The term is a word, usually correlated with determined unit corresponding to logician-notional system according the content.

A.A. Reformatskii defines the terms as "a unambiguous words, deprived from expression" [2, 128]. M.M. Glushko said that "the term is a word or word-combination which uses to express the concept and indicate the subject, possessing, due to presence in it strict and exact definition, clear semantic borders and therefore unambiguous within corresponding qualification system [3, 237].

What is the linguistically nature of the term? First, term is an integral organic part of lexical system of the literary language. Second, terms differ from the other categories of the words by its enormous information richness. The most exact, concentrated and safe determination of scientific or technical concept is given in scientific and technical term.

The main requirement to the terms is its one meaning. A common scientific and common technical term expresses common concepts of science and technique. Terms exist not only in language but also in the definite terminology. Terminology as the system of scientific terms, present itself as the sub-system in the common lexical system of language [4, 77]. According to the A.A. Reformatskii, terminology it is a system of concepts of given science, fixed in suitable word expression [5, 121]. If in the common language word can have several meanings, then in the definite terminology it receives one meaning.

Peculiarity of the term as the special lexical group of words is that they created in the process of practical and scientific activity and therefore functions only among those people, who have these scientific and practical phenomenons, i. e. macro-context. Therefore comparatively with usual words, which one-meaning provided by the situation or linguistic context in the communication, the one-meaning of the term limited with extra linguistic or linguistic macro-context.

The term is not need the context as the word, because:
it is the member of definite terminology, which acts as the context;
it can be used isolated, for example, in the text of orders in the technique [6, 73].

In the lexical system of language terms shows those features, which have the words, i. e. they have antonyms and idiomatic. For example, the term «valve» in the car terminology means «клапан», in the radio technology «электронды шам», in the oil and gas industry «затвор»; the term «power» in the physics means «қуаттылық», «энергия», in the mathematics – «дәреже», in the optic – «линзаны арттыру күші».

The same term can be included in different terminology of given language, which presents itself the international terminological homonym.

The context of scientific knowledge begins gradually enter into the signs of language selected by us. Scientific meaning, which found its expression in the word or term, transfers to the new stage, including into the semantic system and structure of that or another language of science, becoming the component of lexical-semantic system of this language.

The character of semantics links between components of English terminological word-combinations. Terms + word-combinations, expressing unite concepts, possesses different stage of semantic order, generally they are more stable comparatively with free word-combinations of literary language by its lexical-semantic organization. We can refer them into the number of lexical word-combinations, which character peculiarity is that the place of one of the components filled by not any other word of suitable category, but by some which make definite semantic group.

There are a large number of terms in English scientific-technical terminology, which consists of several components. For example:

read-write head for magnetic tape unit

Such multicomponent terms refer to two types:

Non-solvable terms word-combinations

Solvable terms word-combinations

Stable terminological word-combinations are very easy to translate than complex words – terms, because all components in them are grammatically decorated, what facilitates revealing semantic links between them.

Grammatical decoration in terms word-combinations can be expressed: by suffixes (selective communication); prepositions (system of taxes);

There is a great attention to the systematic features of terms, which created again. In many spheres were created special rules of forming terms for the concepts or objects of definite class.

The term-complex words. The term-complex word is a combination of two or more bases nouns, which comply with the forms, provided in the dictionaries: book value (балансты пайда) and etc. The terminological word-combination is usually formed by combination of adjective with a noun, participle with a noun or several nouns, united by prepositions: accounting convention (бухгалтерлік есептеу әдісі), utilization of looses (шығындарды өтеу).

The term-complex words are included into English scientific-technical literature more and more, because the meaning of the complex word is always more exactly specialized than the meaning of corresponding word-combination.

S.N. Gorelikova formulates the number of formal rules of the translation of term-complex words: «if the meanings of a component is clear, then these rules will help to open the meaning of the complex word» [7, 76].

First of all, it is necessary to determine the lexical-semantic category of complex word component, it means the exactly item which they mark: subjects, actions, features and etc. The term-complex word, which both components mark the item (machines, mechanisms (devices; gears), instruments and etc.), is translated differently, depending on the correlation between given items.

If the second item is a part of first, the Kazakh equivalent will have a form: noun in singular form, the accusative case + noun in singular form. For instance:

oil consumption (мунай сұранысы)

control system (бақылау жүйесі).

If the first item is a part of second, then first component is translated by adjective, because it defines the qualitative peculiarity of the second item, distinguishing it from other items. For instance:

laboratory research (зертханалық зерттеу)

gas engine (газ қозғалтқышы).

But if the first component of the complex word marks the item, and the second its characteristic, the essential feature of the subject (weight, area(square), thickness, speed, pressure and etc.), then the Kazakh equivalent of the second component receives the form of the accusative case, and an equivalent of the first component receives the noun in genitive case. For instance:

crash test (анат тексеруі)

gas fields (газ кендері)

In order to know, in what form put the noun, marking the item, it is necessary to find in micro-context of complex word suitable English term as an independent word and define its grammatical number. In the most complex word the grammatical number can't be defined, because the components of complex word are written, usually, apart, however they are not an independent words, but only bases. Therefore, the number of items, marked by first component, is not expressed in complex word.

While analyzing the complex word of the type "item + characteristic", it is necessary to pay attention to that, whether the concept concerned, expressed by second component(characteristic), to the item, marked by first component. If the first component of the term-complex word marks the items, and the second the action this item, then Kazakh equivalent of the second component will have a form of the accusative case, and the equivalent of the first component the form of the genitive case. For instance:

magnetometer survey (магнетрлік түсірілім) etc.

The special difficulty in translation presents the multicomponent complex words. First of all, it is necessary to open the meaning of the basic component. The context have great role here. Then it is necessary to find the internal terms in multicomponent term-complex word, if they there are exist, with its referring words. In the following examples is illustrated the sequence of the translation of multicomponent terms.

1) control-surface cable adjustment access

access - люк

adjustment access - реттеу люкі

control-surface cable - рульді басқару арқаны(тросы)

The meaning of the whole term is "рульді басқару арқанын(тросын) реттеу люкі".

2) radio wave speed measurement

measurement - өлшем

speed measurement - жылдамдық өлшемі

radio wave - радиотолқын

The meaning of the whole term is "радиотолқын жылдамдығының өлшемі"

The one-word terms. The suffixes and prefixes, used in a system of English term-forming, basically are taken from the general, ordinary word-building English facilities. To form terms by suffixes and prefixes is typical choice from number word-building elements of those terms, which are useful for building terms. The specific sign of special technology is a longing for fixing determined terminological meanings for some suffixes.

This particularly characteristic for chemical terminology, where the specialization suffix is fully studied. There are formed in English:

The names of the basic organic joining and halogens by using the suffix - ine [en] (amine, fluorine);

The names of the volatile organic joining by the suffix - in [in] (salicin);

The names of the hydrocarbon acetylene row by the suffix - yne [i:n] (propyne).

The English prefixes dis-, en- are widely used in forming biological term. For instance:

- *enfeeble (әлсірету)*

- *enrich (тоқтықсыздандыру).*

In the terminology of the oil and gas industry are also formed by the affixation.

For instance, by the suffix -er, -or, -ist there are formed nouns, marking a specialist(expert)-workman:

- *mud engineer*

- *doodlbugger*

- *diver*

as well as machines(vehicles), tools, instruments, facilities:

- *hyperbaric chamber*

- *cutter*

- *limer*

The nouns with concrete subject meaning are formed by the suffix -ing, -ment:

- *spudding*

- *drilling*

- *cracking*

The nouns with distracted meanings are formed by the suffixes, which express the characteristic and quality:

- *ness (business)*;
- *ty (safety)*;

The suffix -ing is used for indicating the technological processes and actions in general:

- *turning*
- *exploration drilling*.

The suffix - (t) ion is used for expressing the action:

- *piling foundation*
- *activation*
- *decomposition*

For the scientific-technical terminology it is usual the use of number suffixes and prefixes, less productive, unproductive and quite absent in national language. In this way, following less productive suffixes are widely used in term-building of oil and gas industry:

- *ment (treatment, filament)*;
- *ance, - ence (inductance, divergence)*.

In the system of the term-building is widely used a suffix adjective -wise, which adds to base the meaning "toward, parallel":

- *streamwise*
- *slantwise*

Some less productive prefixes are widely used in term-building:

- *non-corroding*
- *non-dimensional*
- *non-freezing*

Some suffixes and prefixes, which are used in the system of the term-building, are absent in generally accepted english.

For instance, prefix as- appeared in english term-building, which is used with participle of past tense and transmit the meaning "right in that condition (state), what the subject has gained, after the process, expressed by participle:

- *as-cast (directly after casting)*
- *as-controlled (directly after checking)*
- *as-welded (directly after welding)*

The special rules of the term formation are designed in many areas for the concepts or objects of the certain class. In this way the names of different types of electric bulbs in analogy with term "electrode" with indication of the electrode number, used in bulbs:

- *diode*
- *triode*

In conclusion we shall note that one-word terms are not stable according the number of word-building components. In accordance with this fact one-word terms form the following groups:

I. One base:

- *agent*
- *domain*
- *frame*

II. The base and one or more affixes:

- *acknowledgment*
- *application*
- *connectionless*

III. The terms formed by uniting bases:

- *broadcast*

- *dial-up*
- *network*

IV. The terms formed by adding the parts of the words:

- *helipad*
- *updip*
- *downdip*

V. The forming the term proceeds when adding bases and affixation:

- *broadcasting*
- *subnetwork*.

The main peculiarities of scientific-technical style are its informativeness, logistic, clearness and objectiveness, exactness and comprehensibility. Separate texts, which belong to this style, can possess mentioned features more or less. However, there is a big use of language means in such texts, which allow satisfying demands of the given sphere.

In the lexicon, first of all, it is the use of scientific-technical terminology and so called special lexicon. Terms are the words and word-combinations, entitling specific objects and concepts, which are operated by the specialists in definite sphere of science and technique. The words, which are used nearly solely within the framework of given style and special meanings of the national words, can be the terms. Such, for instance, lexical units, as "coercivity" (коэрцитивтілік), "keramophone" (керамофон), "klystron" (клистрон), "microsyn" (микросин) and etc., which are widely used in texts of electronics context, is difficult to meet them outside the scientific-technical material. In same time in these texts acts as the terms such words, as "dead" (өшірулі), "degeneracy" (дегенерация), "gore" (арқан) and others, which have a well-known commonly used meanings. The terms must provide a clear and exact indication in real objects and phenomenas, fix unambiguous understanding by specialists of modern information. Therefore, there are special requirements to this type of words. First of all, the term must be exact, i.e. it should have strictly definite sign, which can be opened by the way of the logical determination, which is installing the place, marked by the term of the concept in concept system of given area of the science or technology. If some detail of the instrument is referred to as "a viewfinder" (видеоіздеуіш), then this term must mark only this detail, which executes determined functions and no other part of given instrument or other device. By this reasons the term must be unambiguous and independent from the content. In other words, it must have its own clear meaning, indicated by its determination, in all cases of using it in any text, in order to not waste a time by choosing the numerous meanings of the term. Each meaning must have only one corresponding term, i. e. to avoid term-synonyms with similar meanings. We know that exactly identification of objects and meanings is complicated, when the same subject is named differently.

The term must be a part of strict logical system. The meanings of terms and their determinations must comply with the rules of logical classification, exactly distinguish the objects and concepts, but do not allow vagueness or contradictions. And, finally, the term must be especially objective denomination, without extraneous meanings, distracting the specialist. Therefore, it is "contraindicated" the emotion, metaphoric, any associations and etc.

There is a great attention to the systematic features of terms, which created again. In many spheres were created special rules of forming terms for the concepts or objects of definite class. So, the names of different kinds of electric lamps created as the term "*electrode*" with the use of electrode in lamps (*diode, triode, tetrode, pentode, hexode, heptode, etc.*), the number of specialized electronic tools receive names with elements:

-*iron* (additron, carcinotron, cryotron, exitron, ignitron, klystron, permatron, phantatron, plasmatron, platinotron, skiatron, thyatron, etc.), Chemical terms with *-ite, -ate* define the salts, *-lous* — acids and etc.

We widely use so called special common technical lexicon, which is also one of the specific features of scientific-technical style. This is the words and combinations, which do not possess the feature of the term to identify concepts and objects in definite sphere, but used only in given sphere,

selected by the narrow circle of scientists.

Certainly, in scientific-technical materials are used not only terminological and special lexicon. There are a large number of common national words, used in any functional style. In the process of translating such lexical units, translator of scientific-technical literature faces with the same problems and uses for solving such problems the same methods as his colleagues, who work in other spheres. Scientific-technical materials are not always non-neutral-objective. There are a number of facts of using other elements in scientific-technical investigations:

*A large part of industrial America is rushing to get on the nuclear bandwagon.
Branched chain paraffins will be the fair-haired boys in our future gasolines.
Calcium cyanamide has been getting a big play in Germany recently.
Buick has stolen a march on the rest of the industry with a cast-iron V-6 engine.
Cellulose triacetate will give other fibers a run for their money.*

In conclusion, it is clear that for understanding and translation of such phrases the translator of scientific-technical literature have not enough knowledge in the sphere of terminology and special lexicon. As each translator he must possess all language wealth with which he will work.

REFERENCES

- 1.Карападзе Л.А. "О понятиях «термин» и «терминология». Развитие лексики современного русского языка." – М., 2005.-236с.
- 2.Reformatskii A.A. «Введение в языкознание.» -М.: 1995.-245с.
- 3.Glushko T.U. “Эквиваленция в переводах технической документации”–М.: Build, 2007.-266с.
- 4.Reformatskii A.A "Что такое термин и терминология." – М., 2008.-156с.
- Lotte D.S. "Образование системы научно-технических терминов. Основы построения научно-технической терминологии." – М., 2006.-236с.
- 5.Barhudarov L. S., Язык и перевод: Вопросы общей и частной теории перевода. – М.: International relations, 2005.-456с.
